

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 378.013.43:811.111

Қолжазба құқығында

**КУДАБАЕВА ПЕРИЗАТ АСАНБАЕВНА**

**БОЛАШАҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ  
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

6D010300 - Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері  
п.ғ.д., профессор  
Беркимбаев К.М.  
п.ғ.д., профессор  
Касымова Г.М.  
Шетелдік кеңесші  
п.ғ.д., профессор  
Гриншкун В.В.

Қазақстан Республикасы  
Түркістан, 2017

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>6</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>7</b>
<b>1 БОЛАШАҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	
1.1 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелу жағдайы.....	15
1.2 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері.....	36
1.3 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы заманауи технологиялар.....	53
1.4 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	73
<b>2 БОЛАШАҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ</b>	
2.1 Жоғары оқу орнында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың мазмұны.....	88
2.2 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың әдіс-тәсілдері мен формалары.....	106
2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың ұйымдастырылуы және нәтижелері.....	121
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>145</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>148</b>
<b>ҚОСЫМША.....</b>	<b>161</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік-құжаттар мен стандарттарға сілтемелер жасалынған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 27.07.2007 ж., № 319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 24.10.2011 ж. № 487–IV ҚРЗ, Астана, Ақорда.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің № 205 Жарлығы, Астана, 2016 жыл. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12.04.2017 ж. Астана

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы. Астана, Ақорда. 31.01.2017. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

Үш тілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы. Астана, 2016. -22 б. ҚР БҒМ 09.11.2015ж. №344 бұйрығы.

ҚР жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. Бакалавриат. 5B011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы. Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі

«Диссертация мен авторефератты ресімдеу бойынша нұсқаулық». ҚР Жоғары аттестациялық Комитеті. БЖҒМ. Алматы, 2004.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылған:

**Құзырет** - оқытудың дүниетанымдық, құндылық нәтижесін де қамтитын, білім алушының білім, білік, дағдыларын қандай да бір интегративтік бірлікке біріктіру

**Құзыретті** - лат. *competens, competence* – тиісті, қабілетті – белгілі бір салада білікті, хабардар, өз білімдері немесе өкілеттері бойынша бір нәрсені жасауға немесе шешім қабылдауға құқығы бар

**Құзыреттілік** - адамның бойындағы құзыреттер мен өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, әрекет етуге, білім берушілік, кәсіби және өмірлік мәселелерді шешудегі оның күрделі интегративтік қабілеті

**Мәдениет** - адамның қоғамдық тіршілік иесі ретінде дамуына тікелей қатысты адамдардың материалды және рухани өндіріс процестерінде жасаған құндылықтарының жүйесі

**Мәдениеттер диалогы** – әр түрлі мәдениет өкілдерінің бір-бірінің мәдениетін зерттеу арқылы қарым-қатынасы, бұл көпмәдениетті тәрбиенің шарттарының бірі.

**Қарым-қатынас** – адамдар арасында бірлескен ісәрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі үрдіс

**Мәдениетаралық қарым-қатынас** – әр түрлі мәдениеттерге жататын жеке адамдар мен топтардың арасындағы қарым-қатынастардың түрлі формаларының жиынтығы

**Мәдениетаралық құзыреттілік** - мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісінде жеке тұлғаларға қарым-қатынастық жағдайдың әсерін бағалауға, вербальді және вербальді емес құралдарды тиімді пайдалануға, коммуникативтік ниеттерді іс жүзінде жүзеге асыруға және кері байланысарқылы байланыснәтижелерін тексеруге мүмкіндік беретін білім мен дағдылар жиынтығы

**Толеранттық** сан түрлі мәдениеттің барлығын, өз ойын білдіру мен адами даралықты көрсету түрлерін дұрыс түсіну дегенді білдіреді. Толеранттыққа білім, ашықтық, қарым-қатынас және ойлау, ар-ождан, ұстаным еркіндігі жағдай жасайды.

**Заманауи технологиялар** – компьютерлік және желілік технологиялар құралдары арқылы ақпараттарды алу, өңдеу, жинау, қабылдау және жеткізу заңдылықтарын реттейтін сандық әдістемелік жүйе

**Ақпараттандыру** - оқыту мен тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін жүзеге асыруда білім беру жүйесіне ақпараттық-телекоммуникациялық технология құралдарын қолданудың теориясы және тәжірибесін қамтамасыз ету

**Білім** - жүйелендірілген білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру, ақыл-ойы мен сезімталдығын дамыту, дүниетанымды мен танымдық үдерістерді, адамның қызмет тәсілдерін игеруі арқылы тұлғаны қалыптастырудың нәтижесі

**Білім беру** – тұлғаның физикалық және рухани тұрғыда қалыптасуының бірегей үдерісі, кейбір мінсіз образдарға, қоғамдық санада әлеуметтік тарихи бекіп қалған эталондарға бағдарланған әлеуметтену үдерісі

**Білім беруді ақпараттандыру** – бұл ақпараттық-телекоммуникациялық технология құралдары мен интербелсенді жабдықтарды білім беру саласына пайдаланудың әдіснамалық және тәжірибелік құндылықтарының заңдылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына негізделген білім беру мекемелерінің қамтамасыз ету үдерісі.

**Педагогикалық диагностика** – оның негізгі қызметтерін тиімді жүзеге асыру үшін оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде даралау, саралау тәсілін қамтамасыз ету мақсатымен оқушы тұлғасын және оқушылар ұжымын зерттеу

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР -	Қазақстан Республикасы
ҚР МЖМБС -	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ТМД -	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
БАҚ -	бұқаралық ақпарат құралдары
ЖОО -	жоғары оқу орны
БП -	базалық пәндер
КП -	кәсіптендіру пәндері
ПП -	педагогикалық практика
МҚ -	мәдениетаралық құзыреттілік
МКҚ -	мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік
ХҚТУ -	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
ҚМУ -	Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
ТарМПИ -	Тараз мемлекеттік педагогикалық институты
БТ -	бақылау тобы
ЭТ -	эксперимент тобы
СӨЖ -	студенттердің өзіндік жұмысы
ОСӨЖ -	студенттердің оқытушымен өзіндік жұмысы
СҒЗЖ -	студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы
МОӘК -	мамандықтың оқу-әдістемелік кешені
ПОӘК -	пәннің оқу-әдістемелік кешені

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті дамыған отыз мемлекеттердің қатарына қосылудағы жастардың экономикалық, құқықтық, рухани, мәдени жағынан, оның ішінде құзыретті тұлға ретінде қалыптасуы маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Қазақ елінің тәуелсіздігін алып, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланысқа түсуі ағылшын тілін оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оның мақсатын анықтап берді. Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Жаңа әлеуметтік мәдени кеңістіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени-кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын, яғни мәдениетаралық құзыретті мамандар даярлауды мақсат етіп қоюда.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деген болатын [1].

Осы ретте Елбасымыз білім саласында қазіргі жасалып жатқан реформалар білімді де білгір, іскер, азаматтық белсенділігі мен шығармашылығы қалыптасқан, өздеріне жауапкершілік ала отырып, өздігінен шешімдер қабылдай білетін, стратегиялық мақсаттар қоя отырып, оларға қол жеткізе алатын, өз бетімен ізденетін, ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетті, халықаралық мәдени-кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын мамандар даярлауды меңзегенін айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту, зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік экономикалық, рухани мәдени білімі бар білікті мамандармен қоғамды қамтамасыз ету болып отыр» деген негізгі мақсаты әлемдік білім беру кеңістігіне енудің бірден бір көкейкесті мәселесі – болашақ мамандардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін көтеріп отырғаны белгілі [2].

Заманауи жағдайда бәсекеге қабілеттілік құрылымындағы компоненттің бірі ретінде коммуникативтілік алға қойылды. Ал, кез-келген маманның басқа қызметкерлермен қарым-қатынасты жеңіл орнатуы, әрине, алдына қойылған

міндеттерді шешу тұрғысынан келгенде бұл қарым-қатынастың тиімділігі коммуникативтік қабілет пен құзыреттіліктің даму деңгейіне тәуелді.

Орын алып отырған әр түрлі қарым-қатынастар білім беру саласында белсенді түрде әсер етіп ұтқырлыққа және жаңа тарихи кезең міндеттеріне барабар жауап бере алуды талап етіп отыр. Сондықтан да, қоғамда білімділік және интеллект ұлттық құндылықтар тобына, ал адамдардың жан-жақты дамуы, кәсіби даярлығының ауқымдылығы мен икемділігі, шығармашылыққа ұмтылысы мен стандартты емес міндеттерді шешу іскерлігі Отанымыздың маңызды дамушы факторларына айналуға мүмкіндік береді. Мемлекетіміздің халықаралық байланыстары барған сайын күшейе түсіп, еліміздің қай саласында болмасын шет елдермен қарым-қатынас орнаған. Бәсекеге қабілетті бола отырып, мұндай қарым-қатынасты нығайтып, жандандыра түсу үшін шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін жете меңгерудің маңызы зор.

Бүгінде шетел тілі мұғалімдерінің алдында тек тілді жетік меңгеру талабы ғана емес, сонымен қатар, сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, өмір сүру салтымен мінез құлық нормалары ережелерін білу және оны болашақ ұрпаққа оқыту міндеті тұр. Сондықтан оқып үйреніп жүрген тілдің, сол тілде сөйлейтін елдің мәдениетін білмей, оны меңгермей тұрып, сол тілде құзыреттілік біліктілікке қол жеткізу мүмкін емес. Шетел азаматтарымен коммуникативтік қарым-қатынасқа түсе білетін шетел тілінің маманы мәдениетаралық қарым-қатынастарды да нығайтатыны анық.

Қазіргі кезде коммуникативтік тәсілмен тығыз өзара байланыста арнайы мақсаттар үшін шетел тілін оқытуға мәдениетаралық тәсіл дамуда, немесе солай аталатын лингвистика саласындағы білімнің мәдениетаралық парадигмасы жетілдірілуде. Мәдениетаралық тәсілдің құзыреттілік тәсілмен үйлесуі лингводидактикада оның басқа лингвомәдени қауымына тиістілігін саналық және есепке алу негізінде коммуникация бойынша басқа тілді серіктеспен сөйлеу қарым-қатынасын құру қабілеттілігі ретінде түсіндірілетін мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ұғымының пайда болуына алып келді.

Мәдениетаралық қарым-қатынас пен мәдениетаралық құзыреттілік мәселелері көптеген шетел, Ресей және отандық ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Мәдениетаралық оқытуды ұйымдастыру мәселелері, мазмұны мен формалары, әдістері мен технологиялары Н.Хомский [3], Э.Холл [4], М. Байрам [5], А. Томас [6], М. Канэйл [7], Д. Деардорф [8], А.Е. Фантини [9], И.И. Халеева [10], С.Г. Тер-Минасова [11], Н.М. Громова [12], Н.Д. Гальскова [13], А.П. Садохин [14], Н.Ф. Коряковцева [15], Д.Б. Гудков [16], Ю. Рот, Г. Коптельцева [17], В.П. Фурманова [18], А.А. Леонтьев [19], И.А. Зимняя [20], И.В. Андреева [21], Т.Г. Грушевицкая [22], С.С. Құнанбаева [23], М.А. Құдайқұлов [24], Балтабаев М.Х. [25], Таубаева Ш. Т. [26], К. Құдайбергенованың [27] зерттеулерінде қарастырылған.

Мәдениетаралық құзыреттіліктің мәнін зерттеумен байланысты мәселелерге әдіскерлер назарын ерекше аударуда: жалпы орта білім беретін мектептерде (Н.Д. Гальскова) [13], шет тілі көмегімен бакалавр-педагогтардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру (Г.Н. Слепцова) [28], қосымша



білім беру жағдайында жоғары сынып оқушыларының мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру (Е.В. Коляникова) [29], техникалық жоғары оқу орындарында студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру (Садчикова Я.В.) [30], студенттердің кәсіби мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру (Писаренко А.Н.) [31].

Аталмыш мәселе бойынша психологиялық әдебиеттерге жүргізілген талдау көрсеткендей, соңғы жылдары құзыреттілік ұғымының түрлі аспектілерін көптеген зерттеушілер қарастыруда. Білім беру ортасында құзыреттілікті зерттеуге И.А. Зимняяның, А.В.Хуторскойдың еңбектері үлкен үлесін қосты [20; 32]; Л.А.Петровскаяның еңбегінде қарым-қатынастағы құзыреттілік мәселесі [33]; Н.А.Лошкареваның еңбектерінде пәндік құзыреттілікті қалыптастырудың мәселелері қарастырылған [34]. М.Стобарттың Еуропа тұрғындарының құзыреттіліктері жөнінде жазған еңбегі [35], Дж.Равеннің әлеуметтік құзыреттілік [36], С.Холлифорд пен С.Уиддеттың адами ресурстарды басқару саласындағы құзыреттіліктері [37], Т.Ю.Базаровтың кәсіби құзыреттіліктердің дамуы [38], А.А. Деркач пен В.Г.Зазыкинның акмеологиялық құзыреттіліктері [39] және қазақстандық психолог ғалымдар Ж.Ы.Намазбаева [40], М.Ә. Перленбетов [41], Р.Б.Каримова [42], Н.Б.Жиенбаева [43], Л.О.Сарсенбаеваның [44] және т.б. ғалымдардың еңбектері маңызды орынға ие.

Біздің зерттеу тақырыбымызға жақын жоғары оқу орындарында мәдениетаралық құзыреттілікті ойын іс-әрекеттері негізінде қалыптастыру мәселесі бойынша А.А.Қарабаеваның [45], шеттілдік білім беруді ақпараттандыру жағдайында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттерді қалыптастырудың ғылыми теориялық негіздері мәселесі бойынша А.Т.Чакликованың [46], болашақ аудармашылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесіне Г.М.Касымованың еңбегі арналған [47], заманауи шеттілдік білім берудің әдіснамасы мәселесі С.С.Құнанбаеваның [23], ақпараттық технологиялар арқылы студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша К.Т.Мулдабекованың еңбектерінде зерттелген [48].

Мемлекеттің бірыңғай ақпараттық кеңістікті пайдалануға деген ұмтылуы қарым-қатынастың негізгі құралы болып табылатын шетел тілінің рөлі мен мәнін күшейте түседі.

Заманауи технологияларды пайдалану негізінде шетел тілін оқытудың негіздерін қайта қарастырудың қажеттілігін туғызатын шетел тілдерін, оның ішінде ағылшын тілін оқыту қазақстандық білім берудегі басым бағыттарының бірі болып табылады. Шетел тілдерін оқытудың аталған кезеңінің басты мақсаты тек сөйлеу іс-әрекетінің төрт түрлерімен (сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу) байланысты тілдік құзыреттілік қана емес, сонымен қатар тіл үйренушілердің еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын, тілдік материалды тәжірибе жүзінде пайдалану дағдыларын дамыту және танымдық ракурстарды кеңейту (елтану және мәдени реалиялармен танысу, сөйлеу этикетін білу және т.б.) болып табылады.

Білім беру саласында ақпараттандырудың түрлі аспектілері, оқыту үдерісінде құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік мәселелерінің теориясы мен әдістемесі В. П. Беспалько [49], В. С. Гершунский [50], Е.С. Полат [51], И.В.Роберт [52], С.Г. Григорьев, В. В. Гриншкун [53], В. С. Корнилов [54], Е.Ы.Бидайбеков [55], Д.М.Джусубалиева [56], К.М. Беркимбаев [57], С.Т.Мұхамбетжанованың [58] және маманды кәсіби даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздері Ұ.М.Әбдіғапбарова [59], С.М.Кеңесбаевтың [60] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерделенген.

Жоғарыда аталған жұмыстар, елімізде білім беруді ақпараттандыру мен пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі бойынша ғылыми ізденістер негізін қалауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдаулар мәселенің теориялық зерттеулердегі және тәжірибедегі бүгінгі жағдайын талдай келе, осы қазіргі уақытқа дейін арнайы зерттеулер жүргізілмегенін, тек қана оның жеке аспектілері қарастырылғандығын атап өту керек. Мұны келесі қарама-қайшылықтарданкөруге болады:

- білім беру жүйесінің талаптарына сай халықаралық, мәдениетаралық қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын мәдениетаралық коммуникативтік құзыретті болашақ ағылшын тілі мұғаліміне деген сұраныстың артуы мен маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің педагогикалық үрдісіндегі дамуына бағытталған үлгісі мен бағдарламаның жоқтығы арасында;

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы заманауи технологиялар мен пәндердің мүмкіндіктері мен олардың жоғары оқу орындарында толығымен пайдаланылмайтындығы арасында;

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық және әдістемелік негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі және арнайы әдістемелік құралдармен қамтамасыздандырылмауы арасында.

Аталған қарама-қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру бізге зерттеу мәселесін анықтауға және тақырыпты: **«Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру»** деп таңдауға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау

**Зерттеудің нысаны:** жоғары оқу орындарындағы біртұтас педагогикалық үдеріс

**Зерттеудің пәні:** жоғары оқу орындарында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру

**Зерттеудің міндеттері:**

- «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымының мәнін анықтау;

- жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін анықтау;

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- жоғары оқу орындарында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерістен өткізу.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер, болашақ ағылшын тілі мұғалімінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның тиімділігі педагогикалық шарттар арқылы оқу үдерісінде жүзеге асырудың әдістемесі негізінде тәжірибеге ендірілсе, онда болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік іс-әрекеттік сапасы артады, өйткені олардың мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілетінің дамуына, коммуникативтік қабілетінің жоғарылуына, мәдениетаралық құзыреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік туады.

**Зерттеудің көздері:** зерттеліп отырған мәселеге арналған философия, әлеуметтану, мәдениеттану, психология, педагогика саласындағы еңбектер, ҚР нормативті-құқықтық құжаттары (ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы заңы», ҚР-да білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы); Жоғары кәсіби білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты; оқу жоспарлар, бағдарламалар, оқулықтар, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелер, бұған қоса, автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибелері саналады.

**Зерттеу әдістері:** Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда теориялық (философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, қорытындылау, салыстыру, жинақтау, топтастыру); эмпирикалық (сауалнама, әңгімелесу, бақылау, тест, эксперименттік жұмыстар) статистикалық (зерттеу нәтижелерінің сенімділігін математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу) әдістер қолданылды.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері болып** білім беру жүйесінің философиялық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-техникалық негіздері; оқыту үдерісінің әдіснамалық негіздері; қазіргі білім беру мәселелері; кәсіптік білім беру; білім беру мазмұнын дамытуға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық және философиялық тұжырымдары мен ұстанымдары, құзыреттілікті қалыптастыру саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері саналады

**Зерттеудің жетекші идеясы:** студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастыру нәтижесінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын,

коммуникативтік қабілеті қалыптасқан, тез арада дұрыс шешім қабылдай алатын тұлға болып өсуіне мүмкіндік туады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:**

- философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді жан-жақты талдау негізінде «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымының мәні нақтыланды;

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ ағылшын тілі мұғалімінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың әдістемесі жасалды.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:** болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастыру бойынша даярланған білім беру құралдары оқу үдерісі мен тәрбие жұмысы тізіміне ендірілді:

- «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың оқу бағдарламасы (5B011900 - «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы студенттеріне арналған);

- «Communication club» үйірмесінің жоспары мен жұмыс мазмұны;

- «Мәдениетаралық коммуникация бойынша тәжірибелік тапсырмалар жинағы» атты оқу-әдістемелік құралы (5B011900 - «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы студенттеріне арналған);

- «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы Podcast, Wiki, Blog, Case Study, Framing технологиялары» атты болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құралы.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

- педагогика және психология ғылымында «құзыреттілік» ұғымының шығу генезисі, «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымының мәні;

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі компоненттер мен көрсеткіштердің, деңгейлердің жиынтығы;

- жоғары оқу орнында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: 5B011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы студенттеріне арналған «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсы, «Communication club» үйірмесінің мазмұны мен жұмыс жоспары.

**Зерттеудің кезеңдері:**

**Бірінші кезеңде (2014-2015жж.)** зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталып, философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге талдау жасалды. Зерттеу жұмысының ғылыми аппараты айқындалып, зерттеудің мақсат-міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу кезеңдері және ғылыми болжамы нақтыланды. Анықтау эксперименті кезінде болашақ ағылшын тілі

мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастыру өлшемдеріне сәйкес бастапқы білім деңгейлері, оқытушылардың қолданыстағы әдіс-тәсілдері, оқыту мазмұны мен үдерісі сараланды. Ғылыми мақалалар жарияланды.

**Екінші кезеңде (2015-2016 жж.)** қалыптастыру эксперименті жүргізілді, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауитехнологиялар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, арнайы педагогикалық шарттар арқылы жүзеге асырылды. Жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларының талабына сәйкес элективті курс бағдарламасы мен оқу-әдістемелік құралдар жүйеленді.

**Үшінші кезеңде (2016-2017 жж.)** қалыптасушы эксперимент жүргізіліп, жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері қорытындыланып, жүйеге келтірілді. Сондай-ақ, «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курс бағдарламасы, «Communication club» үйірмесінің мазмұны мен жұмыс жоспары дайындалды. Зерттеу нәтижелері бойынша алынған ғылыми мәліметтер қорытындыланып, тұжырымдар мен ұсыныстар әзірленді. Теориялық тұжырымдар кестелермен және суреттермен көрсетіліп, диссертациялық талапқа сай рәсімделіп, әдебиеттер жүйеленді.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:** зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздері мен зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған әдіс-тәсілдердің нақты пайдаланылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің қорытындылауымен, олардың тиімділігі болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастыру кәсіби міндеттерін шешуге бағытталған оқу-танымдық әрекеттерін тексерумен қамтамасыз етілді.

**Зерттеу базасы:** Эксперимент жұмыстары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жүргізілді.

#### **Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу:**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 13 еңбекте жарық көрді. Оның ішінде 5 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланса, 4 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 1 мақала шетелдік ғылыми басылымда, 1 мақала Scopus базасының деректер қорына енген шетелдік журналда жарияланды. Диссертация тақырыбы бойынша 2 оқу-әдістемелік құралы жарық көрді.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды: «Шығармашылық мамандық педагогтарының кәсіби даярлығы: ізденістер, үрдістер және болашақта күтілетін нәтижелер» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференция (Түркістан, 2015); «European Conference on Education and Applied Psychology» атты 6-шы халықаралық ғылыми конференция (Австрия, 2015); Международная конференция «III весенние научные чтения» (Харьков, 2015); «Теория и практика современной науки» атты XX халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция (Мәскеу, 2015); «Ғылым, білім және өндіріс интеграциясы Ұлт жоспарын іске асырудың негізі» атты Халықаралық ғылыми практикалық конференция (Қарағанды, 2017).

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі:** Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 191 бет болып табылады, 204 дереккөзде белгіленген және 15 кесте мен 20 суреттер қамтиды.

**Кіріспе бөлімінде** зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделді, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық-теориялық негіздері, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми болжамы, қорғауға ұсынылатын қағидалары анықталды.

**«Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері»** атты бірінші тарауда – болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық мәні, психологиялық-педагогикалық аспектілері айқындалды. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықталды.

**«Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың әдістемесі»** атты екінші тарауда - болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың мазмұны, оқытудың әдіс-тәсілдері, құралдары, ұйымдастыру формалары қарастырылды. Жасалынған әдістеменің қолданудың тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп ұйымдастырылу барысы баяндалды.

# **1 БОЛАШАҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелу жағдайы**

Зерттеу тақырыбымызға байланысты бұл бөлімде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік мәселесінің зерттелу жағдайын, яғни даму генезисін қарастыруды жөн көрдік. Философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдау болашақ мамандардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелуі қазіргі заманда пайда болмағанын көрсетеді. «Құзырет», «құзыреттілік», «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымдарының шығу тарихының тамыры тереңде жатыр. Әр түрлі тарихи кезеңдерде құзыретті тұлғаны тәрбиелеудің тарихи-педагогикалық алғышарттарын зерделей келе, педагогикалық оқулықтар, ғылыми еңбектер түрінде кездесетін зерттеу мәліметтерінің ерте кезден бастау алғандығына көзіміз жетті.

Аталған мәселені қозғамас бұрын «құзыреттілік» ұғымының даму генезисіне талдау жасап көрелік. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау көрсеткендей, «құзыреттілік» ұғымы ХХ ғасырдың соңында педагогика лексикасына тұрақты түрде енді.

Жаңа мыңжылдықтың келуімен адамзаттың әр түрлі мемлекеттер, халықтар мен мәдениеттердің кеңею жолымен дамып келе жатқанын байқауымызға болады. Аталған үрдіс тікелей байланыстардың өсуінен, мемлекеттер, әлеуметтік топтар, қоғамдық қозғалыстар мен әр түрлі халықтар мен мәдениеттердің жеке адамдары арасындағы шекаралардың ашылуынан өз көрінісін табады.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында американдық ғалым лингвист Н. Хомский енгізген болатын, бастапқыда ол шетел тілінде нақты белгілі бір тілдік қызметті орындау үшін қажетті қабілеттіктер деген түсінік берді және оны адамның іскерліктері мен тәжірибесімен байланыстырды. Нақтылап айтатын болсақ, Н.Хомский 1965 ж. Массачусетс университетінде «компетенция» ұғымын тіл теориясына қатысты қолданды [3]. Өзінің еңбектерінде ол «грамматикалық құзыреттілік» пен «тілдік ережелердің тәжірибелік жүзеге асуының» арасындағы шекараны жүргізіп, көрсетіп берді. Біріншісін ол шынайы тіл тасымалдаушыларының лингвистикалық білімі, адамға тілді құрайтын сөйлемдерді грамматикалық дұрыс реттеуге мүмкіншілік беретін мидың биологиялық қызметі ретінде айқындайды. Екіншісін нақты бір жағдайларда тілдің нақты қолданылуын айқындайды.

Құзыретті сөйлеуші/тыңдаушы (Хомский бойынша) төмендегі міндеттерді орындауы тиіс:

- модель бойынша ұсыныстардың шексіз санын жасап, түсінуі тиіс;
- сөйлеу жөнінде шешімі болуы тиіс, яғни екі сөйлем мағынасының ресми ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуі тиіс.

Н. Хомский «құзыреттілік» ұғымын енгізіп, психолінгвистикалық зерттеулер контекстінде оның мәнін анықтап бергеннен кейін, аталған термин педагогикалық аспектіде де қолдана бастады, Америкада құзыреттілікке бағытталған білім беру қалыптаса бастады (competence-based education – CBE), оның мақсаты еңбек нарығында табысты бәсекелестікке түсетін мамандарды даярлау болып табылды [3].

Жоғарыдағы ойлардың жалғасын ағылшын ғалымы, психологы Дж.Равеннің еңбектерінде де өз көрінісін тапқан. 1970-1990 жылдары британдық психолог-ғалым Дж. Равеннің құзыреттілік туралы психологиялық теориясы, яғни құзыреттілік адам психикасында пайда болып ортаға байланысты қалыптасады әрі дамиды (тежеледі) деген пікірі кеңінен тарала бастады. Дж. Равен «құзыреттілік» терминіне жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым деген анықтама береді [36].

Эдинбург университетінің профессоры Дж.Равен құзыреттіліктердің жоғары деңгейлерін зерттеу, олардың табиғаты мен дамуының, бағалау мен іске асырылуын зерттеумен және диагностика жасаумен кеңінен танымал. Әр түрлі ғылыми институттарда өткізілген зерттеулері барысында және британ өкіметінің Әлеуметтік қызметінің тапсырысы бойынша ол адами ресурстардың диагностика жасау мен талдау жүргізу үшін тұжырымдамалы тізбесін жасады. Аталған тізбеде адамның құндылықтарына үлкен мән беріледі.

1984 жылы Лондонда жарық көрген «Қазіргі қоғамдағы құзыреттілік» еңбегінде «әлеуметтік құзыреттер/құзыреттіліктер» түсінігінің мазмұны жасалды. Бұл еңбекте «құраушылардың көптеген санынан тұратын, олардың көпшілігі салыстырмалы түрде бір-біріне тәуелсіз, кейбір құраушылар когнитивтік салаға қатысты, ал басқалары – эмоционалдық, бұл құраушылар бірін-бірі алмастыра алады», - деген түсіндірме берілген. Демек, Дж. Равен атап көрсеткендей «құзыреттіліктер түрлері» терминінің мағынасы «мотивацияланған қабілеттер»терминінің мағынасымен барабар келеді[36].

Осы мерзім арасында көптеген ғалымдардың назары «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарының түсіндірмесінде болды. Педагогикалық ғылымда зерттеушілер Н.Хомский [3], Р.Уайт [61], Н.В.Кузьмина [62], А.К.Маркова [63], Г.Э.Белицкая [64], Л.И.Берестова [65], В.И.Байденко [66], А.В.Хуторской [67], Н.А.Гришанованың [68] еңбектері пайда болды.

Зерттеушілер пікірлерінің талдауы өзара байланыстың нақтылығын және «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарының арасындағы айырмашылықтарды талап ететінін көрсету қажет.

Н. Хомский «құзыреттілікті» білімнің жоғарғы деңгейі деп есептейді. Ағылшын тілінің әдебиетінде competence термині (academic, linguistic, cultural, professional competence) кездеседі. «Құзыретті» сөзі латын competere «қабілетті болу» дегенді білдіреді. Құзыреттілік «жеткілікті дәрежеде білікті, оқыған, белгілі бір іс-әрекет түріне қабілетті»мағынасын үстейді[3].

Құзыреттілік – берілген пән саласында тиімді іс-әрекет үшін қажетті білім мен тәжірибенің болуы [36]. Ресейлік ғалым М.А. Чошанов «құзыреттілік» термині педагогика ғылымында жеткілікті тұрақталмағандығын айтады және көп жағдайларда маманның біліктілігі мен кәсібилігінің жеткілікті деңгейін



көрсету үшін интуитивті түрде қолданылады. Оның пікірінше, құзыреттілік білімнің үнемі жаңарып тұруын, жаңа ақпаратты меңгеру және нақты бір жағдайларда оны табысты пайдалануын, яғни жедел әрі ұтқырлы білімді меңгеруді білдіреді. М.А. Чошанов құзыреттілікті жұмысты біле отырып міндеттерді шешудің әлеуетті дайындығы деп түсіндіреді. Ол мазмұндық (білім) және әрекеттік (іскерлік) компоненттерін, мәселенің мәнін білу мен оны шеше білуді камтиды [69].

Жоғарыда келтірілген жұмыстардың негізінде, біз құзырет – бұл білім, дағды, қабілет және кәсіби іс-әрекеттің жоғары деңгейде орындалуымен байланысты, кәсіби және өмірлік мәселелерді шешудегі оның күрделі интегративтік қабілетін білдіретінін байқадық.

Басқаша айтқанда, «құзырет» пен «құзыреттілік» екі әр түрлі ұғымдарды: құзырет – құбылыс (білім, іскерлік, дағды), ал құзыреттілік – сапа, тұлғаның қасиетін білдіретінін айта кеткен жөн. Құзыреттілік білім берудің тәжірибелік тұрғысынан іс-әрекеттің қайсыбір түрін орындауға деген тұлғаның қабілетін білдіреді. Құзыреттілік деп білім алушылар меңгерген әрі белгілі бір іс-әрекетте оның құзыретін қалыптастыратын білім берудің мазмұнын айтады. Осы ретте, құзырет білімнің мазмұны екенін айта кету қажет [36].

Бертін келе, ХХ ғасырдың 1990-2000 жылдары «құзыреттілік» ұғымының дамуы ресейлік ғалым А.К.Маркованың еңбектерімен байланысты болды, яғни құзыреттілікті ғылыми категория ретінде білім беруге енгізу ұсынылды.

Ғалым А.К.Маркованың еңбектерінде құзыреттілік идеясы өзіндік жас ерекшелік қарым-қатынастағы қырынан айқын көрініс тапқан. А.К.Маркова өзінің зерттеулерінде кәсіби құзыреттілік, педагогикалық құзыреттілік ұғымдарының мәнін аша отырып, білім, білік, дағдымен бірге студенттің қызметі, қарым-қатынасы, іс-әрекеті негізінде іске асатынына тоқталады [63]. Кәсіби құзыреттілік, педагогикалық құзыреттілік теориялық білім мен тәжірибелік дағдылардың өзара байланысының негізгі орын алатынын атап көрсетеді. Қорыта айтқанда, ғалым құзыреттілікті мамандықтың талаптарына сәйкестік дәрежесінің жеке сипаттамасы ретінде айқындайды.

А.К.Маркованың пайымдауынша, кәсіби құзыреттіліктің құраушы бөліктерінің бірі ретінде жаңа білім мен іскерліктерді өздігінше меңгеруді және оларды тәжірибеде пайдалануды айтады. Өзінің еңбектерінде зерттеуші студенттің мүмкіндігінше кәсібилігін, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға көп көңіл бөлуді ұсынады. Жүйелілік тұғыр тұрғысынан қарастырылатын кәсібилік адамның статистикалық (өзгермейтін, бірқалыпты) емес, оның үнемі өзгеріп отыратын динамикалық жағдайын білдіреді. Кәсіби рөлді меңгеру үрдісінде еңбек субъектісінің кәсіби маңызды сапалары дамиды, әрекеттері сапалы жаңа сипатамаларға ие болады деп жазады ғалым.

Жоғарыдағы педагогтардың идеяларының жалғастырушылардың бірі ағылшын зерттеуші ғалымы В.Хутмахердің ойларын ерекше атап кеткен жөн. 1996 жылы Еуропа Кеңесі бағдарламасы бойынша Бернеде өткен симпозиумдағы В.Хутмахердің баяндамасында құзырет түсінігінің білік, құзырет, құзыреттілік, қабілет, шеберлік түсініктері қатарына кіретіндігі және әлі күнге дейін мазмұндық тұрғыда нақты анықталмағандығы ескертілген

болатын. В.Хутмахердің ойынша, «құзырет» ұғымы «не білуді» емес, «қалай жасауды» білдіреді және ол «қолдану іс-әрекеттегі құзырет екендігін» атап өтті. Сондай-ақ жоғарыда аты аталған зерттеушілер «құзырет» түсінігінің «не білемін» өрісіне қарағанда «қалай білемін» өрісіне жақындайтындығына келіседі [70].

В.Хутмахер Еуропа кеңесімен қабылданған, жастарды дайындауда маңызы зор, басты құзыреттердің тобын анықтаған. Оның ішінде педагогтар үшін қажетті негізгі төмендегідей құзыреттерді атап көрсетеді: коммуникативтік, әлеуметтік-ақпараттық және іс-әрекеттік немесе қызметтік құзыреттер. Іс-әрекеттік құзыреттердің мазмұны төмендегіше анықталады: жеке кәсіби және әлеуметтік өмірде үздіксіз білім алу негізі ретінде өмір бойы оқу қабілеті [70].

Құзыреттілік ұғымының даму тарихын зерттеген ресейлік ғалымдардың бірі И.А.Зимняя болып табылады. Ол «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының мәнін ғылыми негіздеді. Сонымен қатар, «кәсіби құзыреттілік», «әлеуметтік құзыреттілік» түрлеріне тоқтала отырып, білім беруді басқару, кәсіби менеджмент секілді түрлеріне тоқталады. И.А.Зимняя берген анықтама бойынша құзыреттілік субъектілердің тұлғалық іс-әрекеттерінің құндылық-мағыналық, мінез-құлықтық, мотивациялық, эмоционалды-еріктік, когнитивтік нәтижелерін құруға мүмкіндік беретін құзыреттілік білімдердің, құндылықтар мен қарым-қатынастар жүйесінің жиынтығы деп көрсетіледі. Құзыреттілік адамның білім, іскерлік және дағдылары негізінде қалыптасқан әлеуметтік, кәсіби және тұлғалық сапалары деп ғалым өз ойын тұжырымдайды [71].

Отандық педагогикада «құзыреттілік» түсінігі бергін келе қалыптаса бастады және бұл ұғым көп жағдайда маман біліктілігі мен кәсібилігінің жеткілікті деңгейін сипаттау үшін қолданылды. Мамандардың құзыреттілігін түрлі аспектіде зерттеуші ғалымдар М.А. Құдайқұлов [24], М.Х. Балтабаев [25], Ш.Т. Таубаева [26], К.С. Құдайбергенова [27], Б.Т.Кенжебеков [72], Ш.Х.Курманалина [73], Г.М.Касымова [47], Г.О.Рахимбекова [74], М.А.Абсатова [75] және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Отандық ғалым М.А. Құдайқұлов «құзыреттілік – белгілі бір әрекетті нәтижелі орындайтындай тұлғаның жеке дара ерекшелігі» деп атап көрсетеді. Зерттеуші өзінің еңбектерінде құзыреттілікті болашақ маманға кәсіптік білім беру тұрғысынан қарастырды. Ол әрекетті жылдам, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипатталады. Оның жоғары деңгейі – шығармашылық, таланттық, дарындылық, данышпандықпен және бәсекелестікпен ерекшеленеді» десе [24], зерттеуші М.Х. Балтабаевтың пікірінше, құзыреттілік – бұл берілген кәсіби іс-әрекетке жұмысшының қабілеттілігі мен даярлығы жиынтығының көрсеткіші деп пайымдайды [25]. Басқа қабілеттіліктермен бірге (сапалар, қасиеттер) кәсіби білімді меңгеру, оны білік және дағдымен өндіру, пайдалану және тарату.

Ғалым Ш.Т.Таубаеваның болашақ мұғалімдердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «мұғалім құзыреттілігі» ұғымдарына берілген әртүрлі түсініктемелерге талдау жасай келе, «құзыреттілік» ұғымы білім беру, маман

даярлау саласының қолданыстағы терминіне айналғанын көреміз. Өзінің еңбектерінде ғалым Ш.Т. Таубаева: «Құзыреттілік—ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» -деп қарастырады [26].

Жоғарыдағы талдаулардан зерттеуші ғалымдар кәсіби құзыреттілікті сапалар мен іскерліктердің жүйесі ретінде, кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті педагогикалық шеберлікпен байланыстырады, тұлғаның білімділігімен, дамығандығымен, тәжірибесімен, жеке қабілеттерімен, білімін үнемі жетілдіруге ұмтылысымен, адамдармен мәдениетті қарым-қатынас жасай білуімен байланыстырады, кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті іс-әрекеттік тұрғысынан қамтиды.

Зерттеуші К.С. Құдайбергенова «Құзырлылық білім сапасының критерий: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі» атты монографиясында құзыреттілік ұғымын «құзырлылық» деп атай отырып, алыс-жақын шет ел ғалымдардың еңбектеріндегі құзырлылық ұғымына жан-жақты талдаулар жүргізген.

Сонымен қатар, «құзырлылық» ұғымы жайлы К.С. Құдайбергенова «Құзырлылық табиғаты - тұлғаның өзіндік дамуында» атты еңбегінде «Құзырды әртүрлі кенеттен болған жағдайларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тоқтам жасайды [27].

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне жүргізілген талдау құзыреттілік ұғымын иілгіш, әмбебап және прагматикалық, жүйелік талдау қабілетін, сыртқы ортаның инновациялық өзгерістеріне адамның интеллектуалдық және психологиялық ашықтығын, байланыстырады, тұлғаның білімділігімен, дамығандығымен, тәжірибесімен, жеке қабілеттерімен, білімін ойлау мәдениетін, әлеуметтік өмір тіршілігінің базалық шарты ретінде мінез бен қарым-қатынасты, өздігінен үздіксіз білім алуға тұрақты ұмтылуды қосатын түсінік деп тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеуші Б.Т. Кенжебеков маманның кәсіпқойлығын зерттеу аспектісінде келесі анықтама береді: кәсіби құзыреттілік - бұл кіріктірілген іргелі білімдер, жалпыланған біліктер мен адам қабілетінің, оның кәсіби мәнді және тұлғалық сапаларының жиынтығы, қарым-қатынас мәдениеті, шеберлігінің жоғары деңгейі, іс-әрекетті ұйымдастыруға шығармашылық тәсілі, тұрақты өзіндік дамуға даярлығы [72]. Ғалым Ш.Х. Курманалина Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үрдісінде қарастырған [73].

Педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, ХХІ ғасырдың 2005-2010 жылдар аралығында аталған ұғым көптеген қазақстандық зерттеушілердің, Г.М.Касымова [47], Г.О. Рахимбекова [74], М.А. Абсатова [75], Л.В. Волкова

[76], Г.Ж.Ниязованың [77], 2010-2017 жылдар аралығында Б.Т. Керимбаева [78], К.Т. Мулдабекова [48], Б.С. Омаров [79], А. Жорабекова [80], К.О.Оразбаеваның [81] назарында болғаны белгілі.

Жоғарыдағы зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргізіп, алынған мәліметтерді жүйелей отырып, маманның кәсіби мәнді және тұлғалық сапаларының жиынтығы болып табылатын құзыреттілік ұғымының шығу генезисін келесі кестемен көрсеттік (кесте 1).

Кесте 1 - Педагогика және психология ғылымындағы құзыреттілік ұғымының даму генезисі

Мерзім аралығы	Мазмұны	Авторы, жазба көзі
1	2	3
XX ғасыр 1950-1970 жылдар	Терминнің пайда болуы	«Компетенция» категориясының ғылыми аппаратқа енуі. Н.Хомский 1965 ж. (Массачусетс университеті) «компетенция» ұғымын тіл теориясына қатысты қолданды
XX ғасыр 1970-1990 жылдар	Ғылыми аппаратқа ендірілуі	Дж. Равеннің құзыреттілік туралы психологиялық теориясы: құзыреттілік адам психикасында пайда болып ортаға байланысты қалыптасады, дамиды (тежеледі)
XX ғасыр 1990-2000 жылдар	Мазмұнмен толықтырылуы	А.К.Маркова құзыреттілікті ғылыми категория ретінде білім беруге енгізуді ұсынды
	Болашақ мамандарды дайындауда маңызы зор, басты құзыреттердің тобын анықтаған	В.Хутмахер педагогтар үшін қажетті негізгі төмендегідей құзыреттерді атап көрсетеді: коммуникативтік, әлеуметтік-ақпараттық және іс-әрекеттік немесе қызметтік құзыреттер.
XXI ғасыр 2000-2005 жылдары	Құзыреттілік тұғырының қалыптасуы	Н.В. Кузьмина кәсіби педагогикалық құзыретті іс-әрекет құрылымы: Гностикалық Жобалаушылық Құрастырушылық Ұйымдастырушылық Коммуникативтік компонент
	Құзыреттіліктің категория ретінде дамуы	И.А.Зимняя «Құзыреттілік тұғыр» туралы еңбектері

1 - кестенің жалғасы

1	2	3
XXI ғасыр 2005-2010 жылдары	Құзыреттіліктің кәсібилік аспектіде қалыптасуы	М.А. Құдайқұлов құзыреттілікті болашақ маманға кәсіптік білім беру тұрғысынан қарастырды
	Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	М.Х. Балтабаев басқа қабілеттіліктермен бірге (сапалар, қасиеттер) кәсіби білімді меңгеру, оны білік және дағдымен өндіру, пайдалану және тарату
	Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі	Б.Т. Кенжебеков құзыреттілікті болашақ маманның кәсіпқойлығын зерттеу аспектісінде қарастырады
	Зерттеушілік, кәсіби-дидактикалық құзыреттіліктің дамуы	Ш.Т. Таубаева болашақ мұғалімдердің зерттеушілік, кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға өз үлесін қосты
	Құзыреттіліктің педагогикалық категория ретінде дамуының заңдылықтары, тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендірілуі	К.С. Құдайбергенова құзыреттілікті адамның даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыруды ұсынады
	Болашақ аудармашы мамандардың коммуникативтік құзыреттілігі	Г.М. Касымова құзыреттілікті адамның сәйкес құзыреттерді меңгеруі мен оған деген оның тұлғалық қатынасы ретінде қарастырады
	Тілдік емес жоғары оқу орындарындағы студенттердің коммуникативтік құзыреттілігі	Г.О. Рахимбекованың еңбегінде құзыреттілік студенттің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы нәтижелерге жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті деп көрсетіледі
	Жоғары сынып оқушыларының көпмәдениетті құзыреттілігі	М.А. Абсатова құзыреттілікті білім алушының білімдік және өмірлік мәселелерді шешу мен әрекет етудің күрделі интегративті қабілеті деп көрсетеді

1-кестенің жалғасы

1	2	3
	Ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік құзыреттілігі	Л.В. Волкова тілдік қарым-қатынастың түрлі жағдайларында нақтылықтың адекватты қабылдануы және нақтылықтың бейнеленуі аймағындағы білім, білік және дағдылардың жиынтығы ретінде қарастырады
	Кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлылығы	Г.Ж.Ниязова өзінің еңбегінде құзыреттілікті студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы ретінде қарастырады
XXI ғасыр 2010-2017 жылдар	Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісінде коммуникативтік құзырлылығын қалыптастыру	Б.Т. Керимбаева құзыреттілікті алған теориялық білімін тәжірибеде пайдалана білу мен адамдармен араласу белсенділігі ретінде қарастырады
	Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру	К.Т. Мулдабекова құзыреттілік жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауда көрінеді деп тұжырым жасайды
	Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігі	Б.С. Омаров құзыреттілікті білім, дағды және эмоционалдық-құндылық қатынастардың кіріктірілген тұтас жүйесі ретінде қарастырады
	Полилингвалды тұғыр негізінде болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттері	А. Жорабекова құзыреттілік жөнінде мынандай тұжырым жасайды: белгілі бір сала бойынша жан – жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара білу қабілеті

Жалпы, «құзыреттілік» ұғымы көптеген шетел, Ресей және отандық ғалымдардың зерттеу нысаны болғаны белгілі, аталған жұмыстардың толықтай барлығына талдау жасау мүмкін емес, әйтсе де біз өзіміздің жұмысымызда олардың ішінде бірқатарына талдау жасап өттік.

Сонымен, жоғарыдағы кестені қорытындылай келе, құзыреттілік ұғымына білім, іскерлік пен дағдылар мен тәжірибенің жиынтығы тән екенін байқадық. Осы ұғымға жоғары мақсаттар қойып, аталған қабілетке ие болу жеке тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамыта отырып, белсендіруге, шығармашылдық және креативтілік - құзыретті тұлғаның заманауи қоғамдағы мәнін ерекшелейтін сипаты болып табылатынын аңғарамыз.

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының мәнін айқындау біздің тақырыбымызға сәйкес «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымының мәнін ашуға мүмкіндік береді, ол үшін ең алдымен «мәдениет», «қарым-қатынас», «мәдениетаралық қарым-қатынас», «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымдарының мәні мен мазмұнына кішігірім шолу жасауды жөн көрдік.

«Мәдениет» терминінің түп-төркіні латын тілінен шыққан және алғашқы кезде топырақты бөлу және өндеуді білдірген. Кейіннен «мәдениет» термині барынша кең және жалпылаушы мәнге ие болды [82]. «Мәдениет» ұғымының батыс еуропалық әдебиеттерде 250-ден астам анықтамасы, ал қазіргі таңда ғылымда 500-ден астам анықтамалары бар көрінеді. Аталған терминге неміс философтары И.Г.Фихте, Ф. Шиллер [83], антрополог зерттеушілер А.Кребер мен К. Клакхон [84], Ресей мәдениеттанушылары мен педагог-психологтар В.С.Библер [85], Г.Н. Волков [86], Ю.Б. Борев [87], Б.М. Бим-Бад [88], А.В. Петровский [89], А.А.Белик [90], Л.П. Буева [91], отандық ғалымдар Ә. Нысанбаев [92], Д. Кішібеков [93], Т. Ғабитов [94] секілді ғалымдардың зерттеулері арналған.


Бүгінгі таңда мәдениет терминін неғұрлым жалпы түрінде адам мен қоғамның қайта жаңару барысындағы іс-әрекеттерінің барлық түрлері, сондай-ақ осы іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде түсінуге болады [95], яғни мәдениетті әрекеттік теориясы тұрғысынан қарастырған жөн. Осы тұрғыда, отандық ғалым Д.Қ.Пошаевтың пікіріне жүгінетін болсақ, мәдениет адамдардың нақтылы әрекет тәсілдерін қамтамасыз ететін құралдар жүйесі екенін аңғарамыз [96].

«Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі педагогикалық тұрғыдағы маңыздысы - мәдени әрекет. Әрекеттену - жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршілігінің тірегі. Мәдени әрекеттерден, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылды атайды» [96].

Әрекет аймағында әрекет субъектісі мен мәдениет құралдарының мақсаттылық тұрғыдағы байланысы орын алады. Мұнда, жүйені түзетін ұғым «әрекет тәсілі» болып саналады. Әрекет тәсіліне берілген түсінік «технология» түсінігіне жақын. Олай болса, «мәдениет - оқыту технологиясы. Осы қабылданған түсініктегі оның дидактикалық негізі болып саналады», деп ғалым Д.Қ.Пошаев өзінің еңбегінде мәдениетке осындай сипаттама береді.

Мәдениеттің осындай функционалдық сипатына сүйене отырып, «мәдени әрекетіндегі» ұйымдастыруда қарым-қатынас мәдениетіне, коммуникациялық

кабілеттілікке, коммуникациялық құзыреттіліктерге талап ететінін аңғарамыз (1 сурет).



Сурет 1- Әрекет тәсілдері

Осындай қажеттілігі бар мәселені іске асыру, қазіргі кездегі студенттердің мобильділігі барысында, әсіресе, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерді даярлауда ерекше мәнге ие болып отыр. Ағылшын тілі мұғалімі қазіргі заман талабына сай қарым-қатынас мәдениетінің жалпы теориялық мәселелерін анықтап, оған үйретудің дәстүрлі және кейбір жаңа әдістерін меңгерту, оны пайдалану жолдарына нұсқау қажеттілігі туындап отыр [96].



Сурет 2- Қарым-қатынастың атқаратын функциялары



«Қарым-қатынас» ұғымына келетін болсақ, көптеген зерттеушілер Андреева Г. [97], Бодалев А. [98], Леонтьев А.А. [19], Петровская Л. А. [33], Намазбаева Ж.Ы.[99] аталған ұғымның психологиялық аспектісіне өз еңбектерін арнаған болатын. Қарым-қатынас - адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуы, ортақ іс әрекет қажеттілігі мен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін күрделі көпжақты үрдіс [97].

Біздің әрқайсымыз адамдар арасында өмір сүріп және жұмыс істегендіктен кез-келген жағдайда өз тілектерімізге тәуелсіз түрде адамдармен қарым-қатынасқа, яғни коммуникацияға түсеміз.



Сурет 3-Коммуникативтік актілер

Ғалым Д.Қ. Пошаевтың пайымдауынша, коммуникативтік актілерді коммуникацияға дейінгі әрекеттер және коммуникативтілік әрекеттер деп қарастырған жөн (сурет 3). Коммуникацияға дейінгі жасалатын әрекеттерге алдағы міндеттерді шешу мен проблемалық жағдаяттарды талдауды жатқызуға болады, яғни осының бәрі коммуникативтік қабілетке даярлықты көздейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мынандай қорытынды жасауға болады, яғни мәдениет дегеніміз - бұл абстрактілі ұғым, себебі ол жекелеген елдер мен халықтар мәдениетінің әртүрлілігі ретінде болады. Бұнымен қоса, әлем мәдениетінің суреті өз мәдениеті мен басқа халықтар мәдениетінің құндылықтары, нормалары, менталитеті туралы ұтымды білімдер жиынтығы.

«Мәдениет», «қарым-қатынас» ұғымдарына жасаған талдауымыз «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымының зерделеуді де қажет етеді. Мәдениетаралық қарым-қатынас әр түрлі ұлт өкілдерінің тепе-тең немесе біріге отырып өзара әрекет жасауын талап етеді. Білім алушы мұндай қарым-қатынас жасай алу үшін тек шетел тілін жақсы меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар сол тілде сөйлеушінің тілдік емес ерекшеліктерін түсініп, ұғынуы тиіс. Мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісіне қатысушы көп тілді меңгерген сайын, сол елдің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық менталитетін жете түсінеді.

Зерттеу тақырыбымызға байланысты «мәдениетаралық» сөзінің мән-мағынасын ашу да үлкен маңызға ие. «Мәдениетаралық» деген ұғымның өзі «түрлі мәдениет иелерінің арасындағы немесе әр түрлі мәдениеттер ара қатынастары арасында» деген мағынаны үстейді. Мәдениетаралық қарым-қатынас ұлттар мен мәдениеттер арасындағы өзара байланысты түсіну болып табылады. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйрету жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеттері мен сөздерін түсіне білу.

«Мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымының нақты анықтамасы бүгінгі күнге дейін белгіленбеген, бұл ұғымға ғалымдар әр қырынан өз анықтамасын беруде. «Мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымы алғаш рет 1954 ж. Г. Трейгер мен Э. Холлдың «Мәдениет және қарым-қатынас. Талдау моделі» атты еңбегінде қарастырылған болатын [100]. Бұл жұмыста мәдениетаралық қарым-қатынас адам өз қалауынша қоршаған ортаға мүмкіндігінше жақсы нәтижелі қалыптасу жайлы тамаша мақсатқа негізделген. Мәдениетаралық қарым-қатынас термині коммуникативтік біліктіліктің әртүрлі жағдайында коммуникативтік оқиғаның соңында бейнелеуін білдіретін жағдайға жатады.

Э. Холлдың мәдениет пен қарым-қатынастың өзара әсері, коммуникативтік мінез-құлықтың мәдени шарттылығы туралы тұжырымдамасы дүние жүзіне әйгілі болды. Мәдениет пен қарым-қатынастың сәйкестілігін меңзей отырып, адамдардың мінез-құлықтарының белгілік функциясына баса назар аудара отырып, Э. Холл: «Culture is communication» («Мәдениет дегеніміз қарым-қатынас») деген болатын [100].

Оның түсінігі бойынша мәдениетаралық қарым-қатынас «терең білім мен іскерлікті, орындаушылық таланттың, көрнекті қабілеттер мен осы салада өз білімдерін жетілдіруге тұрақты қызығушылықты қажет ететін қарым-қатынастың ерекше бір формасы». Ал бұл үшін мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысушылар «тілдік, мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілікті» меңгеруі тиіс.

Мәдениетаралық қарым-қатынас пен мәдени-тілдік тәжірибе мәселелерін зерттеуге В.А.Сластенин [101], П.В.Сысоев [102], И.Л.Бим [103] және т.б. ғалымдар өз еңбектерін арнады.

Н.И. Халееваның айтуынша, «Мәдениетаралық қарым-қатынас коммуниканттар арасындағы вербальді және вербальді емес қарым-қатынас үрдісі» [104]. Ал, Ресей ғалымдары В.Г. Костомаров пен Е.М. Верещагин, XX ғасырдың 80 жылдары өздерінің құрастырған сөздің лингвоелтанулық теориясы шеңберінде мәдениетаралық қарым-қатынасты «әр түрлі ұлттық мәдениеттерге тиесілі коммуникациялық актінің екі қатысушысының адекватты өзара түсінушілігі» ретінде қарастырады [105].

Философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге жасалған талдау мәдениетаралық қарым-қатынас ұғымын түрлі мәдениет өкілдерінің жеке тұлғааралық және топтық өзара байланыс және қатынасының түрлі формаларының жиынтығы деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

В.П. Фурманованың пікірінше, мәдениетаралық қарым-қатынас мәдениеттер диалогы және ұлтаралық қарым-қатынас контекстіндегі ақпарат

пен мәдениет құндылықтарының алмасуын қамтитын жалпы адамзаттық қарым-қатынас тәсілі болып табылатын болса [106], Д.Б. Гудковтың айтуынша, «Мәдениетаралық қарым-қатынас ол түрлі ұлттық мәдениетке жататын қатысымдық актіге қатысушылардың бір-бірін дұрыс түсінуі» дейді [107].

Шетел, Ресей ғалымдарымен қоса өзіміздің отандық ғалымдарымыз «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымын зерттеумен айналысып келеді және әр ғалым бұл ұғымға әр қырынан өзінің анықтамаларын беруде. Мәселен, ғалым С.С. Құнанбаеваның пайымдауынша, «Мәдениетаралық қарым-қатынастың соңғы нәтижесі – мәдениетаралық қатысым субъектісін қалыптастыру» дейді. Нақтылап айтатын болсақ, ғалым өзінің «Қазіргі шеттілдік білім берудің әдіснамасы мен теориясы» атты еңбегінде шеттілдік білім берудің түпкі мақсаты басқа халықтың танымының бейнесі ретінде «екінші когнитивті сана-сезімі» қалыптасқан «мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісін» қалыптастыру керектігін айтады [108].

Бұл ретте, ғалым В.Н. Персикованың [109] еңбегінде: «Қазіргі заман әлемінде, әр түрлі дәрежеде мәдениетаралық қарым-қатынас арқылы өмір сүруге болмайтын кезде, тұлғааралық қарым-қатынастан ұлтаралық қарым-қатынасқа дейін, мәдениетаралық қарым-қатынасқа түскен және оның тиімділігіне қызығушылық танытқан кез-келген адамға мәдениеттің ерекше және өзіне тән белгілерін көрсететін әлемнің мәдени көптүрлілігі туралы түсінік көмегін бере алады» деп көрсетіледі.

Бұл жерде көріп отырғанымыздай, автор мәдениеттің тек көптүрлілігін ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамның мәдени саласында бағдарлануды, психикалық іс-әрекеттің вербальды және вербальды емес көріністері көмегімен типтік және проблемалық міндеттерді шешу үшін мәдениеттер диалогына қатысуды меңзеп отыр. Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде мынандай қорытынды жасауға болады, яғни мәдениетаралық қарым қатынас - түрлі мәдениет өкілдерінің жеке тұлғааралық және топтық өзара байланыс және қатынасының түрлі формаларының жиынтығы.

Мәдениетаралық қарым-қатынас тек коммуникативтік міндеттің ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру міндетінің шешімі болып табылады. Мәдениетаралық қарым-қатынасты мәдениетаралық құзыреттілік секілді кең ауқымды үрдіспен жиі байланыстырады.

Мәдениетаралық құзыреттілік ұғымы бірқатар шетел, Ресей және қазақстандық ғалым зерттеушілердің зерттеу нысанына айналған. Айталық, шетел ғалымдарының ішінде М. Байрам өзінің «Assessing intercultural competence in language teaching» атты еңбегінде мәдениетаралық құзыреттілікті басқа мәдени топтар өкілдерімен қарым-қатынас жасау, айырмашылықтарды бағалауға мұқият қарау қабілетін, яғни оқып отырған тілмен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынас жасай білу және түсіндіре білу қабілеті ретінде қарастырады [5].

Ғалым А.Е. Фантини өзінің еңбегінде мәдениетаралық құзыреттілікке мынандай анықтамасын береді: «Мәдениетаралық құзыреттілік мәдениет факторларын түсіну мен бағалауды, қабылдау мен ойға әсер етуді және осының негізінде жаңа мәдениетаралық қарым-қатынастарды құра білу қабілеті» [110].

Ресей ғалымы Г.В. Елизарова өзінің «Формирование межкультурной компетенции студентов в процессе обучения иноязычному общению» атты диссертациялық жұмысында мәдениетаралық құзыреттілікке мынандай тұжырым жасайды: «Мәдениетаралық құзыреттілік – білім, іскерлік пен мәдениетаралық қарым-қатынас жасай отырып, соңында екі жаққа да оң нәтиже бере алу қабілеттеріне негізделген ерекше табиғат құзыреттілігі» [111].

Өзінің бірқатар еңбектерін мәдениетаралық құзыреттілікке арнаған ресейлік ғалым зерттеуші А.П.Садохин ойын былайша қорытындылайды: «Мәдениетаралық құзыреттілік – басқа мәдениеттер өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесуге қажетті коммуникация субъектісі меңгеретін білім, қабілет, іскерлік пен дағдылар жиынтығы» деп көрсетеді. Сонымен қатар, мәдениетаралық құзыреттіліктің анықтамасында білім, іскерлік, дағдыларды қолдана отырып, бірінші орынға «мәдениеттер диалогындағы қабілет пен қызығушылықты» қояды [112].

Ғалым А.Ю. Муратов өзінің жасаған мәдениетаралық құзыреттіліктің құрылымында оның компоненттері ретінде мәдениет туралы білім, осы білімді қолдана алатын іскерліктер, мәдениетаралық әрекет пен қарым-қатынас тәжірибесі, сонымен қатар мәдениетаралық коммуникативтік қарым-қатынасқа қатысушылардың тұлғалық сапаларын қарастырады [113].

Жоғарыда атап өткеніміздей, мәдениетаралық құзыреттіліктің бір құраушысы коммуникативтік құзыреттілік болып табылады. Ғылымға «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымымен қатар «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы 1970 жылдары келді. Алғашында аталған ұғым даму психологиясымен, когнитивті психология және әлеуметтік лингвистикамен байланысты болды. Алғашында «коммуникативтік құзыреттілік» термині (латын тілінен *communico* – ортақ етіп жасаймын, байланыстарамын, араласамын және *competens* (*competentis*) – икемді деген мағынада) әлеуметтік лингвистикада пайда болған.

«Коммуникативтік құзыреттілік» терминін 1972 жылы американдық ғалым Д. Хаймс ендірген болатын. Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз бұл сөйлемдегі сөздерді дұрыс грамматикалық реттеу үшін ережелер жиынтығын білуді білдіртпейді, ол кіммен, не туралы, қашан және қай жерде қалай сөйлесуді білуді көздейді [114].

Ғалым Д. Хаймс қарым-қатынас жасау үшін тек лингвистикалық білім мен грамматикалық ережелерді білу жеткіліксіз деп пайымдайды, оның пікірінше, сөйлеуші мәдени және әлеуметтік маңызды жағдайларды да білуі қажет деп санайды. Д.Хаймс Н.Хомскийдың құзыреттілік теориясында ең маңызды нәрсе - әлеуметтік контекстке сәйкес сөйлеу мен оны қабылдаудың жетпейтініне баса назар аударады, себебі Н.Хомскийдың лингвистикалық білімі сөйлеудің әлеуметтік мәдени сипатынан бөлінген.

Д. Хаймс Н. Хомский анықтаған «тілдік (лингвистикалық) құзыреттілік» ұғымы негізінде жеке адамның ішкі менталды грамматикасын атау үшін қолданған «коммуникативтік құзыреттілік» терминін енгізе отырып, дәл осында тіл жеке адамның тіл туралы интуициялық ұсынуында анық көрінетін ережелердің абстрактілі жинағы ретінде көрсеткен [114].

Сонымен, коммуникативтік құзыреттілік өзара әрекеттесу мен адамдармен қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеруді, қоғамда әр түрлі әлеуметтік рөлдерді сомдауды, нақты бір өмірлік жағдайларды шешу үшін қарым-қатынастың әр түрлі объектілерін қолдана білу қабілетін қамтамасыз ететін өз ана тілі мен басқа тілдерді білуді көздейді. Коммуникативтік құзыреттілік, оны әр түрлі көзқарастардан сипаттайтын және «шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымына жалпы әрі толық сипаттама беретін әр түрлі құзыреттіліктерден тұратын толық айқын құрылымға ие.

Бертін келе, коммуникативтік құзыреттілік ұғымын шетелдік ғалымдар S.Brumfit, K.Johnson [115], Canale M., Swain M. [116], Larsen-Freeman D. [117], Hutchinson, T., Waters A. [118], Widdowson H.G. [119], Savignon S. J. [120] әр түрлі аспектіде қарастырып, мазмұнын толықтырды.

Коммуникативтік құзыреттілік мәселелеріне Ресей зерттеушілері М.И.Вятютнев [121], И.А.Зимняя [122], А.Ю. Константинова [123], Д.И.Изаренков [124], В.А. Коккота [125], Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров [126], И.Б. Игнатова, С.М. Андреева [127], Е.М. Бастрикова [128] және т.б. еңбектері арналған.

Отандық педагогикада коммуникативтік құзыреттілік ұғымы мен құзыреттілік тұғыр мәселелерінің мәнін зерделеуге бірнеше ғалымдардың еңбектері де арналды. Атап айтатын болсақ, В.А. Ким [129], А.Т. Чакликова [46], Г.М.Касымова [47], Б.А. Жетписбаева [130], Г.О.Рахимбекова [74], Л.В.Волкова [76], Л.К. Қарабаева [131], М.М.Биназарова [132], Б.Б.Кенджаева [133], М.М. Акешованың [134] еңбектері аталған ұғымға әр түрлі аспектілердің түрлі қырынан қарастыруға өз үлестерін қосты.

Л.К. Қарабаева [131] тілдік білімді бағалау тілді білуге талап қойған кезде қолданылатын құрал ретінде анықталып, тілді үйрену бойынша әрекетін дамытуға және ынталандыруға бағытталған тетіктің маңызды қызметін орындайтындығын айта келе, шет тілдерді меңгеру деңгейі мен оны бағалаудың жолдарын көрсеткен.

Ал, ғалым Г.М. Касымова өзінің «Формирование коммуникативной компетентности будущих переводчиков в условиях многоаспектной деятельности» атты диссертациялық жұмысында кәсіби іс-әрекет жағдайында тірек ретінде болашақ аудармашылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұрғыда қарастыра отырып, аталған құзыреттілікті жан-жақты іс-әрекетте қалыптастырудың тәсілдерін, жүзеге асыру жолдары мен тиімділігін айқындаған [47].

Коммуникативтік құзыреттілік бірқатар маңызды міндеттерді шешумен қатар өнімді өзара іс-қимылды, оның ішінде басқа да көзқарас пен бағыттарды ұстанатын басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе отырып, жанжалдық ахуалды шешуді жүзеге асыруға және жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі позициядағы адамдармен топта қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді [129]. Түрлі мәдениет өкілдерінің жеке тұлғааралық және топтық өзара байланыс және қатынасының түрлі формаларының жиынтығы.

Біз қарастырып отырған мәселе төңірегінде өзге де зерттеулер жүргізіліп, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың әр қыры әртүрлі аспектіде

берілген. Зерттеу жұмысымызда біз солардың негізгілеріне талдау жасай отырып, қалған авторлар зерттеулерін негізгі идеялары бойынша біріктіріп төмендегі контент-талдау кестесіне (кесте 2) енгізуге тырыстық.

Кесте 2 - Шетел, Ресей және Қазақстандық ғалым-зерттеушілер еңбектеріндегі «Мәдениетаралық құзыреттілік» түсінігінің контент-талдауы

Зерттеуші ғалымдар, құжаттар	Зерттеу аты	Түсінік мәні
1	2	3
Фантини А.Е.	Fantini A. E. —Exploring andAssessing Intercultural Competence	Мәдениетаралық құзыреттілік - мәдениет факторларын түсіну мен бағалауды, қабылдау мен ойға әсер етуді және осының негізінде жаңа мәдениетаралық қарым-қатынастарды құра білу қабілеті
Байрам М.	Byram M. Assessing intercultural competence in language teaching // Sprogforum. 2000. № 18 (6). P. 8-13.	Мәдениетаралық құзыреттілік басқа әлеуметтік/мәдени топтар өкілдерімен қарым-қатынас жасау, әр түрлі пікірлер арасында делдал ретінде шығуға, айырмашылықтарды бағалауға мұқият қарау қабілетін, яғни оқып отырған тілмен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынас жасай білу және түсіндіре білу қабілетін қарастырады
Томас А.	Thomas A. (1993): Psychologie interkulturellen Lernens und Handelns. In ders. (Ed.): Kulturvergleichende Psychologie. Eine Einführung. Gottingen: Hogrefe, 337-424.	Мәдениетаралық құзыреттілік – басқа ұлт өкілдері мен өзінің арасындағы қарым-қатынастарда сезіну, қабылдау мен іс-әрекет шарттары мен факторларын түсіну, сыйлау, бағалау және ұтымды қолдану қабілетінің көрінуі
Садохин А.П.	Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации. Москва, «Высшая школа», 2005 г.	Коммуникация субъектісі басқа мәдениеттер өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесуге қажетті қабілетті меңгеретінбілім, іскерлік пен дағдылар жиынтығы

2- кестенің жалғасы

1	2	3
Леонтович О.А.	Леонтович, О.А. Россия и США: Введение в межкультурную коммуникацию: учеб. пособие / О.А. Леонтович. — Волгоград: Перемена, 2003.	Мәдениетаралық құзыреттілік - үш кұраушы: тілдік, коммуникативтік және мәдени құзыреттіліктердің конгломераты
Громова В. В.	Громова, В.В. Формирование межкультурной коммуникативной компетенции на основе интердисциплинарного обучения: школа с углубленным изучением иностранного языка, английский язык: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. — М., 2011. — 228	Мәдениетаралық құзыреттілік - мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғаның мәдениеттер диалогы шеңберінде өзін-өзі көрсете білу қабілеті
Муратов А.Ю.	Муратов, А.Ю. Формирование межкультурной компетенции учащихся в процессе обучения английскому языку с использованием телекоммуникаций: дисс. ... канд. пед. наук 13.00.01 / А.Ю. Муратов. — Барнаул, 2005. — С. 54.	Мәдениетаралық құзыреттілік - тұлғаның басқа мәдениет өкілдерімен мәдениетаралық өзара әрекеттесу тәжірибесі үрдісінде тиімді қалыптасатын білім, іскерлік пен қабілеттерін қамтитын тұлғалық білім
Елизарова Г.В.	Елизарова, Г.В. Формирование межкультурной компетенции студентов в процессе обучения иноязычному общению: автореф. дис. ... д-ра. пед. наук / Г.В. Елизарова. — СПб., 2001. — 38 с.	Мәдениетаралық құзыреттілік — білім, іскерлік пен мәдениетаралық қарым-қатынас жасай отырып, соңында екі жаққа да оң нәтиже бере алу қабілеттеріне негізделген ерекше табиғат құзыреттілігі

2 - кестенің жалғасы

1	2	3
Костомаров В.Г.	Костомаров В.Г. «Человеческое измерение» как перспективное направление в развитии лингвострановедения // Русский язык как иностранный: Лингвистические проблемы. -1997.	Мәдениетаралық құзыреттілік үйренушінің өзге мәдениет дәйектерін шыдаммен қабылдауға қабілетін қалыптастырады, шын ниетпен өзге мәдениетті түсінуге сол тілде сөйлейтін адамдардың жүріс тұрыстарын солардың көзқарастарын үйрету болып табылады. Осы жол арқылы бүкіл әлемдік мәдениетті қабылдауға, олардың ұлттық тұрмысын білуден сол арқылы өз мәдениетін де, тілін де байытады.
Коляникова Е.В.	Коляникова Е.В. Формирование межкультурной коммуникативной компетенции старшеклассников в условиях дополнительного образования: дисс. ... канд. пед. наук 13.00.01 / Е.В. Коляникова. – Смоленск, 2015. – С. 82	Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік – шетел мәдениет өкілдерімен тиімді өзара әрекетті жүзеге асыруға қажетті қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін меңгеруді ұсынатын мәдениетаралық білімдер, оларды тәжірибеде іске асыру іскерліктері мен дағдылар жиынтығы, аталған білім мен іскерліктерді жүзеге асыруға қажетті тұлға сапаларының болуы
Слепцова Г.Н.	Слепцова Г.Н. Формирование межкультурной компетентности бакалавров-педагогов средствами иностранного языка (на примере Республики Саха (Якутия)): дисс. ... канд. пед. наук 13.00.01 / Г.Н. Слепцова. – Якутск, 2015. – С.	Мәдениетаралық құзыреттілік - тұлғаның кәсіби және әлеуметтік мәдени білімін қамтитын, басқа халықтардың тілдері мен мәдениеттеріне жағымды қатынасты қамтамасыз ететін, өзінің және өзге елдің мәдениет құндылықтарын, арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сезінетін этникалық әлеуметтік және мәдени жағынан дәйектелген интегративті сапасы, сонымен қатар тұлғалық және кәсіби міндеттерді шеше отырып, коммуниканттардың мәдениеттер диалогына тиімді араласуы



2–кестенің жалғасы

1	2	3
Нурлыбекова А.Б.	Нурлыбекова, А.Б. Межкультурная компетенция в контексте диалога культур. Материалы международной научно- практической конференции, Польша, 2008	Мәдениетаралық құзыреттілік тек оқып отырған мемлекет, оның өмір сүру салты, салт-дәстүрлері мен діні туралы біліммен қарулануды ғана емес, сонымен қатар өзінің мәдениетін, өзінің өмір сүру салты, мінез-құлық туралы айта білуді көздейді
Карабаева А.А.	Карабаева, А.А. Технология формирования межкультурной компетенции на основе игровой учебной деятельности (на примере освоения дисциплин языкового цикла): дисс. ... канд. пед. наук 13.00.01 / А.А. Карабаева. – Шымкент, 2009. – С. 21.	«Мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымы тұлғаның мәдениетаралық байланыстарға дайындық, білім кешені, өзінің және басқа да халықтардың мәнді жақтарын (тіл, салт-дәстүр, құндылықтар, өнер мен мінез-құлық) білу, жеке адамға тиімді мәдениетаралық өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін мәдениеттер диалогына қабілетінің болуында көрінетін тұлғаның интегралды қасиеті болып табылады

Жоғарыдағы контент-талдауға «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымы төңірегінде зерттеуші ғалымдардың еңбектері мен осы тақырыпта қорғалған диссертациялық жұмыстарға жүргізілген талдау ендірілді.

Біздің зерттеуімізге Отандық ғалым А.Б. Нурлыбекованың «Межкультурная компетенция в контексте диалога культур» атты тақырыпта жазылған мақаласы аса бір қызығушылық тудырды, [135] өзінің еңбегінде ғалым мәдениетаралық құзыреттілік жөнінде мынандай бір пікір тұжырымдайды: «Мәдениетаралық құзыреттілік тек оқып отырған мемлекет, оның өмір сүру салты, салт-дәстүрлері мен діні туралы біліммен қарулануды ғана емес, сонымен қатар өзінің мәдениетін, өзінің өмір сүру салты, мінез-құлық туралы айта білуді де көздейді», - дейді.

Біздің зерттеу тақырыбымызға жақын деп біз А.А. Карабаеваның жұмысы деп ұйғардық [45]. Зерттеуші өзінің «Технология формирования межкультурной компетенции на основе игровой учебной деятельности (на примере освоения дисциплин языкового цикла)» атты диссертациялық жұмысында «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымына философиялық, педагогикалық және психологиялық тұрғыдан шетел және отандық ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасай келе, соның негізінде бұл ұғымды: «Мәдениетаралық құзыреттілік тұлғаның мәдениетаралық байланыстарға

дайындық, білім кешені, өзінің және басқа да халықтардың мәнді жақтарын (тіл, салт-дәстүр, құндылықтар, өнер мен мінез-құлық) білу, жеке адамға тиімді мәдениетаралық өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін мәдениеттер диалогына қабілетінің болуында көрінетін тұлғаның интегралды қасиеті болып табылады» деп нақтылаған [136].

Сонымен, ғылыми педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдамәдениетаралық құзыреттілікті мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісінде жеке тұлғаларға қарым-қатынастық жағдайдың әсерін бағалауға, вербальді және вербальді емес құралдарды тиімді пайдалануға, коммуникативтік ниеттерді іс жүзінде жүзеге асыруға және кері байланысарқылы байланыснәтижелерін тексеруге мүмкіндік беретін білім мен дағдылар жиынтығы деп атауымызға мүмкіндік берді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, мәдениетаралық құзыреттіліктің құрылымын сурет түрінде көрсетуге болады (сурет 4).



Сурет 4 – Мәдениетаралық құзыреттіліктің құрылымы

Сонымен, педагогикалық әдебиеттерді талдау көрсеткендей, мәдениетаралық құзыреттілік - білім, қарым-қатынас және іскерлік негізінде жеке адамның мәдениетаралық қарым-қатынасты құра білу қабілеті деп анықталады. Мәдениетаралық құзыреттілік – бұл белгілі бір әлеуметтің өмірлік дағдыларын, әдеттерін, салт-дәстүрлерін, нормаларын қалыптастыратын жеке тұлғаға және топқа қатысты мотивация, мінез-құлық формалары, вербальды емес компоненттер, құндылықтар жүйесі жайлы білім [28].

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруда тілді меңгеру үлкен рөл атқарады. Өзінің атқаратын функцияларының әр түрлілігінде тіл, бұл ең алдымен, әр түрлі ақпараттың негізгі тасымалы. Сонымен қатар, тіл ұлттық мәдениетті сақтаушы, сол себепті шетел тілін тек өз ой-пікірін, көзқарасын білдірудің тәсілі ретінде ғана емес, сонымен қатар, халықтың мәдениеті туралы ақпаратты алудың көзі ретінде оқыту қажет. Тіл басқа халықтардың, мәдениеттердің рухани құндылықтарын, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, ой тәсілдерін, өмір салтын қабылдау мен оны түсінуге мүмкіндік беретін әмбебап құралы болып табылады [47].

Шетел тілін оқу үрдісінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру кез-келген профильдегі болашақ маманды даярлаудың қажетті компоненті болып табылады. Біздің еліміз әлемдік кеңістікке біртіндеп кіруде, ал бұл барлық жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытудың жаңа тұғырларының қажеттілігін айқындайды, себебі шетел тілі студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекеттерінің құралы болып табылатыны сөзсіз. Бұрынғы кездері шетел серіктестерімен байланыстар эпизодтық түрде және аудармашы арқылы өтетін болған, ал қазіргі уақытта бұл өмірдің бір шындығы болып, қарым-қатынастар «жанды» түрде өтіліп жатқанын мойындауымыз керек [46]. Нәтижесінде, қазіргі қоғам мүшелерінің «шеттілдік сауаттылық» деңгейінің жоғарылауында қажеттіліктің жылдам өсуі мен нақты жағымды нәтижені қамтамасыз етпейтін шетел тілдерін оқытудың жеткіліксіз тиімді жүйесі арасында қарама-қайшылық пайда болды [130]. Қазіргі жағдайда шетел тілдерін оқытудың мақсаты тек нақты іскерліктерді қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар болашақ маманды басқа мәдениет өкілдерімен тиімді, өнімді және саналы түрде диалог жасай білуге даярлау. Шын әрі нақты қарым-қатынас жасаудың тиімділігінің критерийі өзара пайдалы нәтижелерге қол жеткізу болып табылады.

Зерттеу жұмыстарына жүргізілген талдау көрсеткендей, ағылшын ғалымы М. Байрамның еңбектерінің пайда болуы ғылымға «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымының келуіне септігін тигізді. М.Байрамның ғылыми тұжырымдамасы бойынша мәдениетаралық құзыреттілік әлеуметтік лингвистикалық, лингвистикалық құзыреттіліктер және дискурспен қоса мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің құраушы бөлігі болып табылады [5].

Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікке ғалым А.Т.Чакликова мынандай тұжырымды анықтамасын береді: «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік - басқа мәдениет өкілдерімен өнімді өзара әрекеттесуді жүзеге асыру үшін тәжірибеде қолданатын мәдениетаралық білім, іскерлік пен дағдылар мен оларды іс жүзіне асыруға қажетті тұлға сапаларының жиынтығы» [46].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдау мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті тілдің көмегімен қарым-қатынас жасай алу қабілеті, яғни қарым-қатынастың басқа да қатысушыларының өзара әрекеттесу үрдісінде әр түрлі жағдайларда ой бөлісу мен сол ой-пікірлермен алмаса білу қабілеті деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген мәдениетаралық құзыреттілікке берілген анықтамаларды тұжырымдай келе, біз ғалым Е.В.Коляникова мен А.Т.Чакликованың берген анықтамаларын негізге ала отырып, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікке мынандай анықтама беруімізге болады: «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік - ол қалыптасқан, толыққанды шет тілінде мәдениетаралық қатысымға өзге мәдениет өкілімен түсе алу біліктілігі».

Зерттеу аясында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен оқу-әдістемелік құралдарындағы «мәдениетаралық қарым-қатынас», «коммуникативтік құзыреттілік», «мәдениетаралық құзыреттілік»

ұғымдарына берілген анықтамаларды біз жүйелеп, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнын жұмысымыздың зерттеу проблемасының мақсатына орай тұжырымды пікір білдіретін болсақ, «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымына келесі анықтама бере аламыз: «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі – білім, қарым-қатынас және іскерлік негізінде жеке адамның мәдениетаралық қарым-қатынасты құра білу, этникалық көп түрлі қоғамдағы мінез-құлықты айқындай білу, түрлі елдер мен халықтардың мәдени-тарихи және әлеуметтік тәжірибелерін қабылдай алатын, қимыл қозғалысы мен ым-ишара қарым-қатынасын жетік меңгерген жеке адамның қабілеті».

Сонымен, жоғарыдағы зерттеулерге тұжырым жасай отырып, мәдениетаралық құзыреттілік ұғымының педагогика және психология саласында пайда болуы сонау ХХ ғасырдың ортасынан бастау алып, ол әлемдік деңгейдегі ғалымдардың көзқарастарынан орын алғандығын және бүгінгі күні әрбір адамзат қоғамында мәдениетаралық құзыреттілік қажеттілікке келіп отырғандығына көзіміз жетті.

Біз бұл тармақшада мәдениетаралық құзыреттілік түсінігінің шығуына тарихи педагогикалық шолу жасай отырып, түйгеніміз қай кезеңде болмасын, қандай этностың өкілі болмасын, мәдениетаралық құзыреттілік қоғамына сай тұлға болмысын сипаттайтын, өз заманының бәсекелестік әрекетіне төтеп беретін тұлға моделі деп тұжырымдауға болады.

Болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тұрғысынан ғылыми негізделген іргелі зерттеу жұмыстарының жоқтығы таңдап алынған проблеманы жан-жақты зерттеп, оның мазмұнын, ерекшеліктерін қарым-қатынас құралы тұрғысынан психологиялық-педагогикалық аспектілерін ашу қажеттілігі туындайды.

## **1.2 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері**

Біз жұмысымыздың алдыңғы тармақшасында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруына қатысты тұжырымдар мен ой-пікірлер шетел, Ресей және отандық педагогика ғылымында ертеден бастау алғанын қарастырдық. Ендігі жерде болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін анықтауды жөн көрдік.

Психология ғылымының кез-келген мәселесі адамның жан дүниесінің сырымен, қоғам мен әлеуметтік өмірдің сан алуан салаларымен тығыз байланысты. Бұл табиғи заңдылық болашақ ұрпақтың да өмір жолы мен тағдырының әрқилы қырларымен өзара ұштасады.

Зерттеу тақырыбымызға байланысты студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда олардың рухани мәдениетті, білімді де білгір, белсенділігі жоғары, халықаралық, мәдениетаралық қарым-

қатынастарды жүзеге асыра алатын құзыретті тұлға етіп тәрбиелеу педагогтың бірінші кезектегі міндеті болып табылады. Бұл ретте, олардың тұлға ретінде қажетті сапалары мен қасиеттерін бойына сіңірудің маңызы зор. Аталған мәселені негіздеуге отандық ғалымдардың да іргелі зерттеу жұмыстары негіз болды. Атап айтқанда, Ж.Аймауытовтың оқыту үдерісіндегі белсенділік мәселесі мен тұлға теориясына қатысты еңбектерінің үлесі зор [137]. Ол тұлға дамуындағы биологиялық және әлеуметтенудің сәйкестігіне қатысты сұрақтарды биологиялық тұрғыдан шешуді дұрыс деп санады. Зерттеушінің айтуы бойынша, адам тума берілетін қасиеттер мен нышандар жиынтығынан тұратын индивид болып дүниеге келеді.

Жұмысымыздың алдыңғы тармақшасында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру екі мәдениеттің бірнеше жолмен өзара әрекеттесуі, яғни шет елдің мәдениетімен шет тілінің көмегімен және сол тілде сөйлеушінің мінез құлық моделін түсіну арқылы танысу; шетел тілі мен мәдениетінің ана тілі мен өз мәдениетіміздегі мінез құлық моделінің дамуына әсері; екі мәдениеттің әсерінен адам тұлғасының дамуы арқылы меңзейтіні туралы айтылған болатын [138]. Адам тұлғасының дамытылуы, әрине, оқыту барысында да, тәрбие жұмысын жүргізу барысында да жүргізілудің мәні зор екені белгілі.

Аталған нышандар оқыту барысында дамытылуы қажет десе, М.Жұмабаев адамның психикасын тұтастық амал тұрғысынан шешеді [139]. Мұнда психика бір-бірімен тығыз байланысты ақыл-ой, жүрек және ерік-жігер үш бірлік арқылы түсіндіріледі. М. Жұмабаев этнопсихологиялық ерекшеліктерді ескере отырып қана тұлғаны тұтас зерттеуге мүмкін болатынын айтты. Т. Тәжібаев тұлғаның психологиясы мәселесін темперамент, мінез және қабілеттер атты психологиялық қасиеттерімен айқындайды [140]. Ғалым жеке адамды әлеуметтік қатынастармен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінің кім екенін түсінетін кісі дейді. Сондықтан адамның психологиясын дұрыс ұғыну үшін, ең алдымен, оның әлеуметтік жағдайын, көзқарасын, наным-сенімін, іс-тәжірибесін, кәсібін білу қажет деген тұжырым жасайды. Сонымен қатар, зерттеу барысында адамның тұлға және маман ретінде дамуын зерттеп, жетілдіруге үлес қосқан М.М. Мұқановтың педагогикалық психология бойынша жазған теңдессіз еңбектері тыңғылықты зерделенді [141].

Мәдениетаралық құзыреттілік мәселесі Ресей және отандық ғалым психологтардың тұлғалық тұғыр тұрғысынан қарастырылады. Ресейлік психолог-ғалым А.А. Леонтьев қарым-қатынастың маңызды сипаты ретінде оның әлеуметтік мәнін қарастырады [19]. Мұнда қарым-қатынас адамдардың қоғамдық-коммуникативтік іс-әрекетін жүзеге асыру үрдісінде олардың өзара әрекеттесу формасы ретінде қарастырылады. Ғалым әлеуметтік психология мен жалпы психология аймағында қарым-қатынас мәселесі мен зейін мәселесін жан-жақты қараған. Ол «қарым-қатынас» ұғымын әмбебап коммуникативтік әрекетке теңейді.

Сонымен қатар, автор адам толыққанды қарым-қатынас жасау үшін ол бірқатар іскерліктерді меңгеруі тиіс екенін айтады. Біріншіден, қарым-қатынас жағдайында ол жылдам және дұрыс бағдарлануы тиіс. Екіншіден, өзінің

сөйлейтін сөздерін алдын-ала дұрыс жоспарлап, қарым-қатынастың дұрыс әрі нақты мазмұнын таңдап алуы керек. Үшіншіден, хабарламаларды жеткізу үшін тиімді әрі адекватты құралдарды табуы қажет. Егер де осы қарым-қатынас актілерінің бір тармағы қате орындалатын болса, сөйлеушіге қарым-қатынастан жоғары нәтижелер күтудің қажеті шамалы, яғни қарым-қатынас нәтижесі, әрине, тиімді болмайды [19].

Бұдан мынандай қорытынды жасауға болады: мәдениетаралық қарым-қатынас тек коммуникативтік міндеттің шешімі болып қана емес, сонымен қатар, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру міндеттерінің шешімі болып табылады.

Педагогика ғылымында адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың, олардың өзара тілдесе білуінің құпия-сыры мен кілті неде деген мәселенің шешімін табу - қазіргі өмір талабы болып отыр. Бұл ретте, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда олардың мәдениетаралық қарым-қатынасқа, жалпы адамдармен қарым-қатынас жасау барысында олардың өзге мәдениетті дұрыс қабылдауын қадағалай отырып, дұрыс жолмен тәрбиелеуді ескеру қажет.

Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттілігінде жетекші орынды коммуникативтік қасиеттер алады. Коммуникативтік қасиет – жағдайға «байланған» неғұрлым нақты сипаттама, ал қабілеттер – жағдайға азырақ тәуелді, коммуникативтік қасиеттерді интеграциялайтын жалпыланған психологиялық ерекшеліктер. Мысалы, «сендіру іскерлігі» – коммуникативтік қасиет, адамдарға ықпал ету қабілеті – қарым-қатынасқа қабілет.

Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттілігі құрамындағы коммуникативтік қасиеттің бірінші компоненті перцептивтік (оның ішінде ең маңыздысы байқампаздық). Бұл болашақ мұғалімге педагогикалық үдерістегі қарым-қатынасқа қатысушылардың психологиясын, оның нақты жағдайдағы психологиялық жай-күйін ұғынуға, қарым-қатынасқа қатысушы топтың жалпы жағдайын дұрыс түсінуге жағдай жасайды. Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қасиеттерінің келесі құраушысын эмпатияға даярлық ретінде анықтаймыз. Болашақ мұғалімнің студент тұлғасын тану үдерісіндегі маңызды коммуникативтік сапаларының бірі *эмпатия*. Эмпатия қарым-қатынасты іске асыру мен жалғастыру, іс-әрекетті бағыт-бағдарлауға әсер етуімен оқытушы тұлғасы құрылымында маңызды рөлге ие. Оқытушы мен студенттердің қарым-қатынасын зерттеуші В. Айнштейн «адамға эмпатиясыз мұғалім сапасында қызмет атқаруға болмайды» деп тұжырымдайды [142].

Ал болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қасиеттерінің үшінші компоненті білімді тасымалдауда көрініс алатын студенттермен қарым-қатынас жасауда, қарым-қатынасты саналы ұйымдастырудағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктегі жоғары дамыған қажеттілік.

Қарым-қатынас - адамдардың бір-бірімен байланыс жасайтын үрдісі. Психолог Қ.Б. Жарықбаев қарым-қатынасты біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы үдеріс деп пайымдайды. Психологиялық тұрғыдан қарастырғанда мәдениетаралық қарым-қатынаста адамдардың танымдық хабарлар алмасуы,

өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы түсіндірмені қажет етпейтін үрдіс. Адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау да аса қажетті шарттардың бірі - сөйлеушілердің өз ой пікірлерін өзгелерге, тыңдаушыларға қалайда жеткізіп, оларға әсер етуді көздесе, ал тыңдаушылардың қарым-қатынас орнатудағы сөйлеуші жақтың ой пікірін дұрыс ұғынып, оны іс жүзіне асыра білу мәдениеттілігіне байланысты [143]. Бұдан шығатын қорытынды қарым-қатынас жасау арқылы адамдардың өмір тәжірибесі, іс-әрекеті, теориялық ой пайымдары дамиды. Бұл өз кезегінде қарым-қатынастың үнемі екі жақты үдеріс екенін көрсетеді. Қарым-қатынас жасауда адамдар өзара тілдесу арқылы бір-біріне білдірмек болған ойын жеткізіп пікір алмасатынын көз жеткізуге болады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды. Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі: барлық адамдармен тең дәрежеде, дәрекілік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау; сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау; бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Қарым-қатынасты адамның өмірлік іс-әрекетінің негізгі факторы десек қателеспейміз. Интеллект және ерік, эрудиция және эмоционалды мәдениет тәрбиелілік – осылардың барлығы; және басқа адамдарды түсіну, яғни психикалық дұрыс бағалау. Екіншіден олардың мінез-кұлық және жағдайына адекватты эмоционалды жауап бере алу, үшіншіден әр адамның өзінің жеке даралық ерекшеліктеріне байланысты стилін, әдіс-тәсілін, формасын таба білу. Қарым-қатынас мәдениетін көтеру үшін, ерте жастан бастап адамның басқа адамға жанашырлық, тілектестік, ортақтастық, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыра білу керек [19].

Қарым-қатынас ең алдымен, бір адамның екінші адамды өзара түсінушілігінен басталады. Немқұрайлық, қатыгездік, тұрпайылық, сыйлаамсыздық қарым-қатынасты бұзады. Ал, егер тілек, өзара сұрақтар, өзара келіспеушілік басым болса, онда достық қатынас, яғни ол жанұяға қажетті психологиялық атмосфера болып табылады. Біз білетіндей адамның өзара түсінушілігіне бөгет болатын жағдайлар; оның қайталанбастығы, жеке даралығы, бір-біріне ұқсамайтындығы. Өзара түсінушіліктің тағы бір кедергісі қабылдаудың стереотиптілігі.

Адамға басқа адамдардың бағалауы мен бірге өзіндік ойы, әлеуметтік статусы ұжымда алатын орны сияқты қасиеттер әсер етеді. Қарым-қатынас басқа да іс-әрекет сияқты белгілі бір нәтижемен аяқталады Қарым-қатынас нәтижесін оның өнімі ретінде қарастыруға болады. Өнімі әр түрлі болады.

Оның ішінде басты орын алатындары өзара қатынас және өзінің бейнесі. Өзара қарым-қатынас қатынас үрдісіне өзінің әсерін тигізеді. Адамдар арасындағы өзара қатынас таңдау сипатына ие болады. Бұл таңдау адам қажеттілігіне байланыста анықталады [140]. Баланың өз бейнесі өмірлік іс-тәжірибенің әр түрлі түрінде пайда болады: жеке даралық әрекет тәжірибесі және қарым-қатынас тәжірибесі бала дамуындағы шешуші фактор – баланың өзіне қатынасы қоршаған ортаны белсенді өзгерту және әлеуметтік тарихи сипат алады. Өз бейнесін біз аффективті – когнитивті комплекс ретінде қарастырамыз. Оның аффективті жағын өзін-өзі бағалау ал, когнитивті жағын, баланың өзі туралы ойы деп айтуға болады. Бала өмірге келісімен алдымен үлкендермен, одан кейін құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе бастайды. Осының нәтижесінде жаратылысынан берілген адам болу қабілетін іске асырады. Қарым-қатынас баланың психикалық дамуының негізгі факторы және жағдайы. Қарым-қатынаста адамдар өзін-өзі және басқаларды тану қажеттілігін қанағатандырады. Өзін-өзі тану және қарым-қатынас бір-бірімен тығыз байланысты.

Психолог-ғалымдар құзырет пен құзыреттіліктің психологиялық табиғатына да үлкен көңіл бөлген. Атап айтқанда, ресейлік ғалым И.А.Зимняя өзінің еңбектерінде аталған ұғымдардың мәнін анықтауға, мазмұнын талдауға, түйінді құзыреттіліктерді айқындауға арнаған [20].

Қазіргі таңда жоғары оқу орны студенттерін даярлау басқа елдердің тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жөнінде білімнің жеткіліксіз болуымен және де басқа халық өкілдеріне, олардың тілі мен мәдениетіне, өмір сүру әдебіне деген қарым-қатынасында көрінетін толеранттылық пен олардың төзімді қатынасымен сипатталады. Болашақ мамандардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда өзге мәдениет өкілдеріне, олардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, сөйлеу әдебі мен өздерінің ұлттарына тән ырым-нанымдарына, тілі мен дініне, қарым-қатынас кезіндегі ым-ишара, қимыл-қозғалыс белгілеріне шыдамдылықпен, төзімділікпен қарау, яғни толеранттылыққа тәрбиелей білуіміз қажет.

Толеранттылыққа тәрбиелеу әрбір отбасында өз бастауын алуы бүгінде басты мәселеге айналуы тиіс. Толеранттылыққа тәрбиелеу, яғни адамдарға деген құрметке тәрбиелеу ең бірінші отбасынан басталады. Отбасы жас ұрпақтарды жеке тұлға ретінде қалыптастырудың қайнар бастауы. Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта. Отбасында толеранттылыққа тәрбиелеу жолдарына келетін болсақ, М.И.Рожков пен М.А.Ковальчук толеранттылыққа тәрбиелеуде оқушылармен ата-аналардың өзара қарым-қатынасының сәтті шешу үшін педагог-психологқа субъектілік, тепе-теңдік, жекелеу, рефлексивтік көзқарас, толерантты орта жасау принциптерін ұсынды [144].

Отбасындағы қарым-қатынастың дұрыс болып қалыптаспауы мұғалімдерді де, ата-аналарды да ойландыратын ортақ мәселелер. Қарама-қарсы беталыс, бағыт, пікір, идеялар қай мемлекет пен қоғамда да бар. Халықтың даналығы, ел басқарудың өнері осы үрдістерді белгілі мәмілеге



келтіріп, асауға тұсау салып, үйлесім, жарасым таптыруда. Толеранттылық, келісім тарихтың мәңгілік сыйы емес, себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар біржола шешілмейді: күніге, ай сайын, жылдар бойы, үздіксіз, ешкімге бұра тартпай, шынайы жанашырлықпен, халықпен ақылдаса отырып, олардың шешімін табуды талап етеді. Сондықтан “толеранттылық”, “тұрақты қоғам” деген ұғымдар шартты түрде ғана қолданылып, жайбарақаттылыққа жол берілмеуге тиіс [144].

Толеранттылық латын тілінен аударғанда *tolerantia* – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту, қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген мағынаны білдіреді.

Толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтардың (интолеранттылық) адамзат тарихының барлық кезеңінде де болғаны рас. Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейді. Сондай адамдардың өмірде жиі кездесуі қоғамда түрлі проблемаларды тудыруға ықпал етеді. Соның салдарынан түрлі соғыс, діни қудалаушылықтар мен идеологиялық қақтығыстар, ажырасулар, тастанды балалар, жасөспірімдер арасында суицидтар туындайтынын дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Ғалым Ж.М. Акпарова өзінің «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» атты еңбегінде педагогтың келесі кәсіби-педагогикалық тұлғалық сапаларын көрсетеді: жоғары азаматтық жауапкершілік және әлеуметтік белсенділік; балаларға деген махаббат, өзінің жүрегін балаларға беруге қабілеті бар; айналасындағы адамдарға деген толерантты қарым-қатынас, сезімталдық және эмпатия; таза ақылдылық, рухани мәдениет, басқа адамдармен жұмыс істей білу қабілеті, жоғары кәсібилік; ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі; жаңа құндылықтарды ойлап шығаруға дайындық пен шығармашылық шешімдерді қабылдау; өзін - өзі үздіксіз білімдендіруге деген мұқтаждық пен дайындық; физикалық және психикалық денсаулық, кәсіби жұмысқа білеттілігі [145]. Сонымен қатар, «мұғалімнің өзінің жұмысын ұғынуында, педагогикалық үрдісте өзін көргенде» ол «педагогикалық идеал» ұғымын ашады, оқушылар, ұжым мен ата-аналармен өзара қарым-қатынас сипаттамасын айқындайды, тәрбиешінің бүкіл жан-жақты педагогикалық іс-әрекетке деген тұтас қарым-қатынасын баяндайды.

Атаған аспектіде ғалым Ж.М. Акпарова толеранттылыққа және эмпатияға көп мән береді. Мұнда толеранттылық этикалық аспектіде – педагог пен білім алушының қарым-қатынас үрдісінде өзінің көрінісін табады [145]. Ғалымның пайымдауынша, эмпатия - ішкі сезімді түсіне білушілік, студенттің психикалық (эмоционалдық) жағдайы және оның жағдайын тек сөздермен емес, сонымен қатар іс-әрекетпен де көмек бере білушілік, эмоционалдық сезімталдық деп көрсетеді.

Жоғарыда аталған сапалар – педагог тұлғасының басым сапалары. Кез - келген осы сапаларының біреуі жоқ болған жағдайда педагог-тәрбиешінің педагогикалық іс-әрекеті жемісті өтпейді.

Аталған тізімде толеранттылық ең соңғы орын алмайтынын да байқауымызға болады. Біз Ж.М. Акпарованың педагогтың басым сапаларына толеранттылық жатқызатын ой-пікірімен келісеміз, ал бұл сапаның түрі

болмаған жағдайда оқытушының педагогикалық іс-әрекетінің тиімді және нәтижелі болуы екі талай екеніне күмәніміз де жоқ. Бұл ретте, бізге қарағандылық ғалымдар Ж.А. Карманова, С. Тропоткина, К. Асанованың «Педагогикалық толеранттылық оқушылардың мектепке деген табысты бейімделуінің бір шарты» атты еңбегі қызығушылығымызды тудырады [146], аталған еңбекте төзімділік мұғалім мен оқушының арасындағы педагогикалық қарым-қатынастың жаңа негізі, оның мәні оқушыларда абырой мәдениетін, тұлғаның өзін-өзі көрсете білу мәдениетін қалыптастыру үшін оптимальды жағдайларды тудыратын оқытудың қағидаларына келіп сүйенеді. Жаңа мыңжылдықтағы толеранттылық – адамзаттың өмір сүру тәсілі, қоғамдағы үйлесімді қарым-қатынастар шарты деп айтылады.

Педагогтың кәсіби қажетті толеранттылығының көріністері шыдамдылық пен байсалдылық болып табылады. Педагогтың мінез-құлқындағы рухани сезімталдық – педагогтың оқушының жағдайын, оның көңіл-күйін түсінуге, көмекке зәру оқушыларға уақытылы қол ұшын беретін өзіндік барометр іспеттес. Педагогтың табиғи жағдайы – өзінің оқушыларының бүгінгі мен ертеңіне деген кәсіби алаңдаушылық, қамқорлық. Мұндай мұғалім өсіп келе жатқан ұрпақтың тағдырына өзінің тікелей жауапкершілігін сезінеді. Адамдардың қазіргі заманғы өзара қарым-қатынасындағы толеранттылық маңыздылығы жағынан – бірінші деңгейлі сапалардың бірі болып табылады.

Ғалым В. Талановтың сөзіне қарағанда [147], адамзат жаңа мәдениет шеңберінде шыдамдылық және келісім мәдениетінде, мәдениет диалогында өмір сүруге үйренуі қажет. Бұл ретте, автор «шыдамдылық мәдениеті» терминіне жүгінеді (*tolerantia* - шыдамдылық, төзімділік), оның пікірінше, шыдамдылық — адами, конфессиялы, әлеуметтік, мемлекеттік және басқа да қарым-қатынастардағы сенімсіз, бірақ өте қажетті жобалау болып табылады. В.С. Библер бойынша [148], шыдамдылық тек бір нәрсемен келісудің мүмкін емес жағдайында ғана қажет екенін алға тартады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мынандай қорытынды жасауға болады, яғни шыдамдылыққа тәрбиелеу – мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырумен байланысты білім беру институттарының тағы бір міндеті болып табылады. Бірақ, шыдамдылыққа жету үрдісінің өте күрделі екенін естен шығармау қажет.

Болашақ мамандардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда олардың жананы қабылдауға деген ашықтығын, бөтен елдің мәдениетіндегі құбылыстарға бейімделуін қалыптастыру үлкен мәнге ие. Әрине, бұл жерде педагогтың кәсібилігі мен біліктілігі жоғары болуы шарт екені мәлім.

Болашақ мұғалімдердің кәсібилігі жайлы психолог Ж.Ы. Намазбаева: «...педагог өзінің бойындағы бар қасиеттерін ғана шәкірттерінің тұлғасында дамыта алатынын ескерсек, аталған мамандардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің маңыздылығын айқындап, түзету мәселелерін зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр» деген пікір білдіреді [40]. Айтылған пікірмен қосыла отырып, шындығында маманды дайындау барысында болашақ педагогтардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту олардың өзгермелі қоғам

талаптарына сай құзырлылықтары қалыптасқан мұғалімдер болып шығуларының басты кепілі деген тұжырым жасаймыз.

Жоғарыда біз болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін айқындадық, ендігі жерде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындап, зерттеуге қатысты тұғырлар мен басты қағидаларды жүйелеу қажет деп білдік. Ол үшін ең алдымен, зерттеуіміздің философиялық-әдіснамалық негіздеріне алынатын отандық және шетел ғалымдары ұсынған теориялар мен идеяларды және мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті зерттеу үрдісінде шешуші қағидалардың рөлін айқындап алуды міндет еттік. Осы орайда қазақстандық философ ғалымдар Ә.Нысанбаев [92], Н.Кішібеков [93], Қ.Н.Нұрғалиев [149], психология саласында Қ.Жарықбаев [143], Ж. Намазбаева [40], педагог ғалымдар К.Құнантаева [150], А.Бейсенбаева [151], С.Ұзақбаева [152], Ш.Таубаева [26] және т.б. ғалымдар еңбектері мен көзқарастарына сүйене отырып, әдіснамалық тұғырларды басшылыққа алу жөнінде көзқарастарын қарастыруды жөн көрдік.

«Әдіснама» ұғымының мәні туралы мәліметтер бұрыннан ғылыми зерттеу жұмыстарында жетекші орынды иеленіп, бүгінгі күнге дейін барлық ғылым саласындағы, соның ішінде педагогикалық ғылым саласында ғылыми зерттеулерде негізгі маңыздылыққа ие болып келеді. Бүгінге дейін әр түрлі бағыттағы зерттеу жұмыстарының сипатына қарай (педагогикалық, тарихи-педагогикалық, дидактикалық және т.б.) әдіснама ұғымының өзі де әр түрлі анықталып келеді. Олардың бірқатары:

- әдіснама іс-әрекеттің құрылымы, ұйымдастыру логикасы, әдісі мен тәсілдері туралы ілім; әдіснама ғылыми танымның тәсілдері мен формаларын орналастыру принципі туралы ілімнің ғылымы [153];

- әдіснама теориялық және практикалық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдері, танып білудің ғылыми әдістері туралы ілім [154];

- әдіснама теориялық және практикалық әрекеттерді орналастыру және ұйымдастырудың тәсілдері мен принциптерінің жиынтығы деп анықтамалар беріледі [155].

Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамасының негізі болып *құзыреттілік тұғырын* атауымызға болады.

Педагогикалық әдебиеттерге жасалған шолу көрсеткендей *құзыреттілік тұғыр* білім беру мақсаттарын айқындаудың, білім беру мазмұнын таңдаудың, білім беру үрдісін ұйымдастыру мен білім беру нәтижелерін бағалаудың жалпы қағидаларының жиынтығы екенін байқадық. Білім берудегі құзыреттілік тұғырдың идеологтарының пікірінше, білім беру ұйымы білім алушыларды тек біліммен қаруландыру ғана емес, сонымен қатар оларды өмірге дайындау мақсатын көздеуі қажет деп есептейді. Білім беру ордасының тамаша түлегі ол тек кең ауқымды білімі бар тұлға ғана емес, сонымен қатар, ол өзінің алдына мақсат қоя білетін, соған жету жолдарын білетін, тиімді қарым-қатынас жасай білетін, ақпаратты және көпмәдениетті әлемде өмір сүре алатын, таңдау жасай

алатын және оған жауапты бола білетін, мәселелерді шешуге қабілетті және өз өміріне қожайын бола білетін адамды айтамыз [30].

Құзыреттілік тұғыр жеке адамның тек өз ісінің маманы ретінде ғана емес, тұлға ретінде, ұжым мен қоғамның мүшесі ретінде жан жақты дайындау мен тәрбиелеу идеясымен тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту жаңа тұғырларды қажет етеді, себебі еліміздің Болон үрдісіне енуі Еуропа университеттерінің білім беру шеңберінде оқуға дайын студенттердің кең ауқымды дайындығын көздейді. Мұндай дайындық тек дәстүрлі, тілдің барлық аспектілерін меңгеруді ғана емес, сонымен қатар еуропалық жоғары оқу орындарындағы мәдени білім беру бағдары мен әрекеттеріне мүмкіндік беретін білім алушылардың түсіну аппаратын қалыптастыруды меңзейді. Шетел тілдерін оқытудың негізгі міндеттерін өзгертілмейтіндей етіп қалдыру үшін елтану және мәдениеттану дайындығымен байланысты бөлімін кеңейтіп күшейту қажет. Еуропаның жаңа білім беру саясаты аясында мәдениеттану географиясын кеңейту қажет және студенттердің Еуропа жоғары білім беру зонасына табиғи жолмен ену мақсатында мәдениеттің, тілдің әр түрлілігімен, білім берудің ұлттық жүйесімен байланысты қосымша білім беру қажет [156].

Бізге шетел тілдерін оқытуда қазіргі заманғы студентті білім беру жүйесінің пассивті элементінен білім беру үрдісінің белсенді қатысушысына айналдыруға мүмкіндік беретін құзыреттілік тұғырын қолдану арқылы бұл міндеттерді жүзеге асыруға болатын секілді болып көрінеді, себебі мұнда ол адамзат жинақтаған тәжірибені ақпарат пен жаңа технологияның дәстүрлі көздері көмегімен түсіне отырып, дүниетанымын қалыптастыруға үйренеді, ал оқытушы көмекші, оппонент және кеңес беруші ролінде қатысады. Құзыреттілік тұғыр білімнің бір көлемін алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, студентті ең негізгі мәселеге - өздігінен ойлауға және өздігінен білім алуға үйретеді [20].

Сонымен, құзыреттілік тұғыр бірінші орынға студенттің ақпараттылығын емес, келесі жағдайларда мәселелерді шеше білуін алға тартады:

- қазіргі заманғы техника мен технологияны меңгерген жағдайда;
- адамдармен өзара қарым-қатынас жасау кезінде, этикалық нормаларда, өзінің әрекеттерін бағалауда;
- азаматтың, отбасы мүшесінің, қала тұрғынының әлеуметтік ролін орындау барысындағы тәжірибелік өмірде;
- өзінің кәсіби іс әрекетінде мамандандыруды таңдауда, өзінің дайындық деңгейін бағалауда, еңбек нарығында;
- өзінің кәсіби іс әрекетінде мамандықты таңдауда, өзінің дайындық деңгейін бағалауда, еңбек нарығында бағдар жасай білуде,
- өмір сүру салтын таңдау мен шиеленістерді шешу тәсілдерін таңдауға қажеттілік туған жағдайда және т.б.

Зерттеу жұмысымызда студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша біз негізге алынатын келесі *тұлғаға бағдарланған тұғыр* болып табылады. Тұлғаға бағдарланған тұғырәрбір іс-әрекетте сыртқы (тәжірибелік) және ішкі (теориялық) жоспарлар

болатын психологиялық жағдайға негізделген. Әрбір іс-әрекетте, оның ішінде шеттілдік, екі жағдайға да қатысты элементтерді ерекшелеуге болады:

- Сыртқы (практикалық) – пәндік; іс-әрекет түрлері, оның пәндері, іс-әрекеттер, операциялар, орталар және нәтижелер;

- Ішкі (теориялық) – тұлға және оның компоненттері: мотивтер, құндылықтар, орнатылымдар, іс-әрекеттің тұлғалық-мәнді мақсаттары [157].

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруда тұлғаға бағдарланған тұғыр негізінде субъект-объект қарым-қатынасынан субъект-субъект қарым-қатынасына ауысу жатыр. Бұл ауысу іс-әрекеттің тұлғалық және пәндік жақтарының өзара байланысы мен өзара өтулері заңдылықтарының іске асырылуы деңгейімен анықталады. Аталған заңдылық келесі ұстанымдар шеңберінде іске асырылады: тұлғаға бағдарлану – іс-әрекеттің жеке мақсаттарды қанағаттандыруға бағытталуы, оның мотивтеріне, құндылықтарына, тұлғалық ұстанымдарына сәйкестік; құндылықты мәнділік (ценностная значимость) – іс-әрекетке және оның нәтижелеріне жеке пайда немесе пайдасыздық, жеке мәндік және мәнсіздік тұрғысынан тәсіл [158]. Тұлғаға бағдарланған тұғыр ұстанымдарын ескеру болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру әрбір студенттің тұлғалық позициясын, оның шеттілдік білімдерін, біліктерін, құндылық бағдарларын, мотивтерін, яғни, тұлғаны біртұтас ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан тұлғаға бағдарланған тұғырдың негізгі идеялары келесі жағдайларға әкеледі:

1) Тұлға дамуын оның шеттілдік іс-әрекетін ақпараттық технологиялар орталарымен ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

2) Шеттілдік іс-әрекеттің әрбір даму деңгейін студенттің қызығушылығы мен қабілеттерінде ескеру және бағындыру;

3) Шеттілдік іс-әрекетті тұлғалық мәнділікте ұғынуды қалыптастыру;

Тұлғаға бағдарланған тұғыр білім беру үдерісінде тұлғаға мақсат, субъект, оның ықпалдылығының басты критерийі ретінде бағдарлану болып табылады [159]. Оның мазмұнына болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде келесі жағдайлар енеді: тұлғаға құрмет, оған сенім, оқытушының тарапынан студентке тұтастық көзқарасы, студент тұлғасының дамуына тұтас көңіл бөлу, білім беру үдерісіне қатысушылар үшін табысты жағдай тудыру. Зерттеуде тұлғаға бағдарланған тұғыр шеңберінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану шарттары анықталды. Осылайша, тұлғаға бағдарланған тұғыр екіжақты бағыттылыққа ие: оқу үдерісін студент және оқытушы тұрғысынан қарастыруға болады.

*Тұлғаға бағдарланған тұғыр* – бүкіл педагогикалық үдеріспен құбылысқа жеке тұлғалық позициямен қарау, оның құрылымын, даму заңдылығын ескеру. Білім берудің мақсат, міндеттері мен мазмұны мемлекетіміздің білім берудегі ізгілік пен демократиялық идеяларға негізделген стратегиялық бағытын айқындайды. Аталған идеяларды жүзеге асыру білім берудің жаңа

технологиялары мен жаңа үлгісін оқыту үдерісіне енгізу арқылы мүмкін болатыны белгілі [157].

Тұлғаға бағдарланған тұғыр әлемдік деңгейдегі тәжірибеде қолданылып, бірнеше жолдары белгілі болып, тұлғаның рухани және зияткерлік сапаларының қалыптасуына бағытталады. Аталған тұғыр студенттің субъектілі тәжірибесіне, өмірлік жеке тәжірибесіне сүйену арқылы даралығын, шығармашылығын дамыту және тұлға ретінде өзін-өзі дамытуға жағдай жасау. Бүгінгі таңда педагогикада оқытудың түрлі үлгілері мен технологиялары жасалуда, олардың әрқайсысы «тұлғаның дамуы», «оқыту тұғыры», «тұлғаға бағдарлы білім беру» ұғымдарын өздігінше түсіндіреді.

Келесі біздің зерттеу жұмысымызға қатысты негізге алынатын тұғыр *диалогтық тұғыр* болып табылады. Диалог бұл өзара қарама-қарсы екі идеалдың көрінісі ғана емес, бұл бірлік пен даралықтың, мономәдениеттілік пен мультимәдениеттіліктің, «мәдениеттің алтын тетігін» іздеу. Тек диалог қана, жалпыадамзаттық келісім мен тұлғалық құндылықтарды біріктіруді іске асырады. Сондықтан, қоғам мен оның көп қырлы көрінісін үйлесімді қабылдау мен жасауға қабілетті адамзаттың диалогтық тәрбиесі секілді бүгінгі білім берудің мақсатын айқындау қажет болып табылады.

Бұл тұғырдың философиялық әдіснамалық негізі барлық философиялық жүйенің терістемей, керісінше өзара ықпалдасуы мен өзара әсер етуі болып табылады. Мұндай ықпалдастықтың ізгіленген көрінісі әрбір мәдениет субъектісінің барлық әлемдік мәдениеттің көптүрлілігінен толықтырылып, жетілуін қамтиды. Сөйтіп, әр түрлі мәдениеттердің бірлестігінен жекелеген мәдениеттер арасындағы диалог көрініс табады.

Диалог бұл мәдениеттің өміршендігін айқындайтын іргелі тұғыр ретінде қабылданып, бір мәдениеттің екінші бір мәдениетке сұранысын көрсетеді. Осы тұста, М.М. Бахтин былай деп жазды: «Біз өзге мәдениеттер алдына жаңа мәселелер қоямыз және оған жауаптар іздейміз. Өзге мәдениет бізге жауап бере отырып, біздің алдымызда жаңа қырлары мен өзінің мағыналық тереңдігін аша түседі. Осындай екі мәдениеттің диалогтық кездесуі кезінде олар өзара араласып кетпейді және бірікпейді де, әрқайсысы өзінің бірлігін және тұтастығын сақтай отырып, өзара байытыла түседі» [160].

Диалогтық тұғырдың мәні адамның әрекетінен бұрын адамның өзі басқа адамдармен өзара әрекеттесуде ашыла түседі. Диалогтың адам өмірінің негізі ретінде оның рөлін маңызды екенін көрсете білген ресейлік ғалым зерттеуші М.М. Бахтин өзінің еңбегінде былай деп жазады: «Өзінің табиғатымен өмір диалогтық болып табылады... Адам өмір бойы диалогқа өзінің әрекеттерімен, сөздерімен, жаны мен тәнімен қатысып отырады». Диалогтық тұғыр орталығында мәдениетті тасымалдаушы ретінде тұлға, толығырақ айтқанда оның әрекеттері, қарым-қатынасы, өзіне және басқа адамдарға, басқа мәдениеттерге деген қарым-қатынасы тұрады.

Мәдениетаралық диалогты қарастыру барысында біз тұлғалар мен мәдениеттер арасындағы диалог пен диалогтық қарым-қатынастарды зерттеуге арналған еңбектерге сүйендік, яғни М.М. Бахтиннің диалогизм

тұжырымдамасына, В.С. Библердің мәдениеттер диалогына арналған еңбектері [148].

М.М. Бахтиннің пайымдауынша, диалог бұл жай әңгімеден гөрі, ой пікір мен ақпарат алмасу деп көрсетеді. Ғалымның диалогизм тұжырымдамасында: «Диалог - адамның әр түрлі көпқырлылығы, әлем мен адамның өзінің өзара қарым-қатынасындағы күрделілігі», - деп түсіндіріледі. Диалог адам өмірі мен санасының барлық салаларын қамти отырып, адамдар мен мәдениеттердің өзара түсінушілігінің негізгі шарты болып табылады. Мәдениеттің ерекше бұл мәні қазіргі таңда қарым-қатынас пен танымның мүмкіндіктері шексіз болып табылатын қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда орын алды, әйтсе де, әр түрлі мәдениеттер өкілдерінің арасындағы өзара түсінушілік мәселелері кейде ушығып тұрады.

М.М. Бахтиннің аталған тұжырымдамасында түйінді ұғымдардың бірі диалогтың биополярлығы болып табылады, оның жүзеге асуы макро және микро деңгейлерде көрінеді. Макродиалог мәдениеттердің диалогтық өзара әрекеттесуін білдіретін болса, микродиалог жеке адамның тұлғасы, оның санасы мен сөйлеуіне дейін кіреді, яғни ішкі диалог болып табылады [160].

Диалог бұл ең біріншіден қарым-қатынас. М.М. Бахтин: «Тек қана қарым-қатынаста, адам мен адамның өзара әрекеттесуінде адам барынша өзі үшін де, басқа адамдар үшін де ашылады», - деп көрсетеді.

Келесі біздің зерттеу жұмысымызға қатысты негізге алынатын тұғыр - *мәдениеттану тұғыры*. Мәдениеттану тұғыры – білім алушының жеке тұлғасын зерттеп, құндылық бағдарын қалыптастыруда аксиологиялық құндылық іліміне сүйеніп, нақты ғылыми әдіснама ретінде таным мен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар береді. Мәдениеттану тұғыры арқылы жеке тұлғаның мәдениетпен объективтік байланысы негізінде оның мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін зерттейді [161].

Болашақ ағылшын тілі мұғалімінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында аталған тұғырды негізге алуымыздың бірден бір себебі, өзге елдердің, халықтардың мәдениетін танып білу арқылы ғана біз аталған құзыреттілікті дамытып, қалыптастыра аламыз. Өйткені адам мәдениет арқылы дамығандықтан сол мәдениетке жаңа элементтер енгізуге үлес қосады. Сол себептен адам тек өз елінің ғана емес, сонымен қатар өзге халықтардың мәдениет құндылықтарының жүйесін игеріп өзін-өзі дамытса, екінші жағынан, оның мәдениетаралық құзыретті жеке тұлға болып дамуына жағдай туады.

Әдебиеттерге жүргізілген талдау көрсеткендей, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау бағдарламасының мазмұнына мәдениеттану, мәдениет, оқып отырған елдің мәдениеті туралы ақпарат алу кіреді. Сол себепті шетел тілін оқыту барысында мәдениеттану компоненттерін қолдану болашақ мамандардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі әрі қажетті талаптарының бірі болып табылады. Сол себепті, мәдениеттану тұғыры негізінде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру

мәселелері білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде өзекті болып есептеледі. Мәдениеттану іскерліктерінің мәні мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті жоғарылатуда В.И. Андреев [161], Т.А.Китайгородская [162], А.В. Мудриқтың [163] еңбектерінде қарастырылған.

Шетел тілдерін оқыту саласында бұл тұғыр туралы теориялық қолданбалы аймағы ретінде сөз қозғайтын болсақ, оның бірқатар әлеуметтік мәдени қызметі бар.

Біріншіден, мәдениеттану тұғыры тілді, мәдениет пен өркениетті оқу үрдісінде білім алушының тілдік тұлғасын дамытудың теориялық негіздерін оқуды қамтамасыз етеді. Екіншіден, ол мәдениеттанушылық білім берудің құндылыққа бағытталған мазмұнына лингвоелтанушылық құралдар көмегімен көбірек мән береді. Үшіншіден, бұл тұғыр мәдениеттанушылық білім берудің қағидаларын шетел тілдері құралдарының көмегімен оларды оқудың әлеуметтік контекстін ескере отырып анықтауға мүмкіндік береді. Төртіншіден, мәдениеттану тұғыры мәдениеттану материалдарын іріктеу мәселелерін оқу мақсаттары үшін қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда шетел тілдерін оқытудың негізгі міндеті - тілді қарым-қатынастың шыншыл әрі толыққанды құралы ретінде оқыту, ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай білуге үйрету болып табылады. Аутенттік тілдік тұлғаның лингвистикалық құзыреттілігі деп сол тілдің лексикалық бірліктер мен грамматикалық ережелердің білуге негізделген қарым қатынас жасай білу қабілетін айтады [162].

Ал бұл коммуникативтік құзыреттілікті меңгеруге жеткіліксіз. Мұнда лингвистикалық құзыреттілік пен ұлттық мәдени компонент және мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайларындағы тілдік құралдарды адекватты түрде қолдана білумен, сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынас пен диалог кезіндегі бір-бірін өзара түсіну мақсатында ым-ишара, дене қимылдары, дауыс интонациясы мен көз арқылы білдіру (көз арқылы контакт жасау) секілді вербальды емес құралдардың дұрыс қолдана білумен біріктірілуі қажет.

Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру контекстінде мәдениеттану тұғыры өзекті болып табылады, себебі адамның әрекеті мәдениетінде, тұлғаның құндылық бағдарында және белгілі бір мәдениет тасымалдаушысы ретінде тұлғаның шығармашылығында көрінеді.

Ғылыми-зерттеу ұстанымдары мен оларға қойылатын талаптар әдіснамалық білімде ерекше орын алады. Өйткені, олар тарихи-педагогикалық білімді, теория мен практиканы біріктіріп, білім беру мекемелеріне ғылыми негізделген бағдар береді. Қандай бір ғылыми жұмыстар болсын, олардың тірек ұстанымдар қатарына жататын ең басты, негізгі әдіснамалық ұстанымы – *жүйелілік*. Сондықтан жүйелілік жалпы ғылыми-әдіснамалық зерттеудің бір құралы ретінде оқу-тәрбие үдеріске және бір-бірімен байланысты құбылыстарды жүйелі зерттеуге өзіндік сапалылығымен сипатталатын ғылыми тұғыр болып табылады.



Жүйелілік тұғыр - зерттеу жұмысымызда студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі бойынша біз негізге алған келесі тұғыр.

Жүйеліліктің мәні төменде көрсетілген қағидалар бойынша айқындалып, жүйелі объектілердің сапасын және оны жетілдіру жолдарын анықтауға көмектеседі. Олар:

- сыртқы ортаға байланысты жүйенің тұтастығы және оны ортамен бірлікте зерттеу. Мысалы, білім берудің мәселесін жүйелілік тұғыры арқылы зерттегенде бұл тақырыпты еліміздегі әлеуметтік және экономикалық даму үдерісіне байланыстыра және қоғамның сұранысына ұштастыра зерттеу;

- тұтас педагогикалық үдеріс бөлшектеліп, элементтерге бөлініп құрылуға тиіс, өйткені элементтердің сапалық қасиеттерінің өзі де белгілі бір жүйеге байланысты болады. Ал жүйенің сапалық қасиеті, оның элементтерінің өзара байланысындағы нәтижелері кейде бір-бірімен ұштаспай жатуы мүмкін;

- жүйенің барлық элементтері бір-бірімен өзара байланыста болғанымен, олардың ішінен ең басты анықтаушы, жүйе құрушы элементін іріктеп алу керек;

- элементтер жиынтығынан объект жүйесінің құрылымы мен ұйымдастыру технологиясы жайлы түсініктер беру;

- жүйе элементтерінің бір-бірімен байланыстарын арнайы реттеу және олардың өзгерістерін басқару (мақсат қою, құралдарды таңдау, бақылау және түзету, қорытындысын талдау) [164].

Әдебиеттерге жүргізілген талдаулардың мәліметтеріне сүйенсек, осы заманғы ғылымда *жүйелілік тұғыр* (нысаналарды, жүйелерді, құрылымдарды, үдерістерді) зерттеудің әмбебап әдісі ретінде қарастырылады.

Зерттелуші нысананың үшкі байланысының көп бейнелілігін табу тұтас жүйенің қасиеттерін біріктіре қарауға мүмкіндік береді. Ішкі байланыстарды зерттеу ішкі келісім, сәйкестік есебінен жабық, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйені қарауды көздейді. Ішкі қайшылықтарды, мәселелерді, қақтығыстарды игеру мүмкіндігі оның дамуын қамтамасыз етеді.

Жүйенің қызмет етуі оның ашықтығын, басқа жүйелермен сыртқы байланыстардың бар болуын көздейді. Байланыстарды барлық жағынан қамтитын зерттеу жағдаятты жан-жақты түсінуге, демек, оқиғалардың дамуын болжауға, үрдістерді басқаруға, көзделген нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

*Жүйелілік тұғыр* – зерттелетін педагогикалық құбылысты және оның арасындағы байланыстың көптеген элементін анықтау. Зерттелуші объектіні жүйе ретінде, оның элементін, олардың арасындағы байланысты және оны жіктеп, құрылымын және ұйымдастыруды, тұтастай білім беру ретінде басқару жолдарын анықтауға бағытталады.

Педагогикалық жүйенің ерекшелігі, бұл іс-әрекет жүйелері және қатынастар шеңберінде қалыптасатын жүйелер (қайта құрушы-белсенді, қайта жасаушы-орындаушы, тұтынушы-дара немесе әрекеттік-жасаушы және т.б.). Бұл жүйелер оқыту үдерісінің субъектілері арқылы құрылады және олардан жеке болмайды, солар арқылы жүзеге асады. Осы контексте педагогикалық

жүйе ретіндегі оқыту-тәрбиелеу үдерісінің негізгі сипаттамасы, оның біртұтастығы мен кешендігі болып табылады [165].

Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен құзыреттілікті қалыптастыру аясындағы мазмұнын біз келесі кестеде көрсетуге тырыстық (кесте 3).

Кесте 3 – Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Тұғырдың атауы	Құзыреттілікті қалыптастыру аясындағы мазмұны
Құзыреттілік тұғыры	Болашақ маманның нақты әрекет пен үдерістерде тиімді, өнімді әрекеттер жасай алу қабілетін, кез келген жағдайда тығырықтан шыға білудің тиімді жолдарын таба білу және т.б. дара тұлға сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды
Тұлғаға бағдарланған тұғыр	Болашақ маманға субъект ретінде қарау. Болашақ маманның өзіндік ерекшелігіне бағыттай отырып, оның әлеуетін, өзіндік сапаларын аша білуге және дамытуға бағдарлау
Диалогтық тұғыр	Болашақ маманның мәдениеттер диалогы контекстінде толыққанды мәдениетаралық қарым-қатынас орнату қабілетін қалыптастыру
Мәдениеттану тұғыры	Болашақ маманның мәдени қалыптасқандығы, дамығандығы, білімділігі, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы мәдениеттілік нәтижесі
Жүйелілік тұғыр	Болашақ маманның кәсіби дайындығын жүйелі және кәсіби компоненттер бірлігінде жүргізу

Жоғарыда көрсетілген кесте бойынша мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда негізге алынатын басты әдіснамалық тұғырлар және олардың құзыреттілікті қалыптастыру аясындағы мазмұны арасындағы бірізді сабақтастықты көруге болады.

Жоғарыда аталған тұғырларды білім беру үрдісінде, өз еңбектерінде басшылыққа алған ғалым-педагогтар бар. Олардың ретін 5-ші суреттен аңғаруымызға болады.

#### кұзыреттілік тұғыр

• В.И. Байденко, А. Андреев, В.А. Болотов, Ю.Г. Татур, Э. Зеер, И.А. Зимняя, Дис. Равен, В. Гутмахер, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Дж.Равен

#### тұлғаға бағдарланған тұғыр

• Е.В. Бондаревская, Л.И. Анциферова, В.В. Сериков, И. С. Якиманская

#### диалогтық тұғыр

• М.А. Петренко, Л.П.Буева, М. Бахтин, В.С.Библер, А.Ухтомский, А.Ф. Копьев

#### мәдениеттану тұғыры

• В.И. Андреев, Ю.А. Бельчиков, Е.В. Бондаревская, А.А. Кирсанов, А.Н. Ростовцев, В.А. Слостенин, Н.Е. Щуркова, И.А. Зимняя, А.С.Карпов, Т.А.Китайгородская, А.В.Мудрик

#### жүйелілік тұғыр

• Р.Г. Лемберг, В.П.Беспалько, Б.Г. Ананьев, В.А. Якунин, В.А. Слостенин, Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, А.Байтұрсынов, Э.Г.Юдин, Г.Е.Алимухамбетова

### Сурет 5 – Өз еңбектерінде тұғырларды басшылыққа алған ғалым-педагогтар

Аталған әдіснамалық тұғырларды негізге ала отырып біз зерттеу жұмысымызда бірқатар әдіснамалық қағидаларға сүйенеміз. Олардың реті төмендегідей:

#### 1. Көптілділік қағидасы

Көп тіл білу — заман талабы. Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Көптілділік қазіргі әлемнің басты мәселесі — адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың көптілділік қағидасының мәні білім алушыларға бір емес бірнеше тілдерді меңгерту барысында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды көздейді.

2. *Сабақтастық қағидасы* тіл мен ұлттық мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа берілуі, басқа мәдениеттермен өзара әрекетке түсу ашықтығы және ұлттардың қазіргі өркениеттік дамуы арқылы көрініс табады. Білім беру жүйесінде этномәдени ақпараттың берілуі қазіргі ұлттық мәдениет дамуының жалпы ойлауына тәуелді болады да, өмірдің құбылмалы жағдайларына қарай өзгеріп отыратын азаматтық әріптестік бейімделуінің механизмі ретінде түсіндіріледі. Бұл өз кезегінде ұрпақтар арасындағы тіл мен мәдениет сабақтастығын қамтамасыз етеді.

### *3. Мәдениеттер диалогы мен өркениет қағидасы*

Мәдениеттер диалогы мен өркениет қағидасы оқытушыдан мәдениеттер мен өркениеттердің кеңейтілген шеңбері қағидасы бойынша құрылатын оқу аудиториясында мәдени кеңістікті модельдеу барысында әлеуетті мүмкіндіктер тұрғысынан мәдениеттанушылық аутентті материалдың талдауын қажет етеді.

Мәдениеттер диалогы мен өркениет қағидасы мәдениеттер мен өркениеттер шеңберінің кеңеюін, сонымен қатар «қоғамда мәдениеттер диалогы субъектісі рөлін орындау үшін бір емес бірқатар өзара байланысты мәдениеттер тасымалдаушысы болып табылатын білім алушылардың мәдени тарихи субъект ретінде тануын қарастырады» [165].

Бұл ретте бізге ресейлік ғалым В.В.Сафоновамен тағы да келісуімізге тура келеді, себебі мәдениеттер диалогы мен өркениет қағидасы жөнінде ғалым мынандай тұжырым жасайды, яғни аталған қағида шеттілдік оқу қарым қатынасы жағдайында мәдениетаралық қарым қатынас пен мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруда тек басқа елдің мәдениетін түсіндіретін материал емес, сонымен қатар білім алушылардың шеттілдік ортада туған мәдениеті туралы білімін дамытып, жетілдіретін туған елі туралы мәдениеттану материалдарын қолдану керектігін алға тартады [166].

### *4. Креативтілік қағидасы*


Бүгінгі таңда кез-келген адамның өмір табыстарының бір өлшемі жаңашылдыққа жаны құмар болып, жаңа идеяларды ойластырып, ойдан шығара білу ретінде шығармашылық қабілеттерінің дамуын айтамыз. Ғалым Н.Е. Кузьмина коммуникативтік креативтілікті коммуникация үрдісін одан әрі табысты ететін шығармашылық қабілеттердің жиынтығы деп қарастырса [167], зерттеуші ғалым У.В. Кала коммуникативтік креативтілікті коммуникацияға деген шығармашылық қатынас ретінде сипаттайды [168].

### *5. Мәдени тұтастық қағидасы*

Аталған қағиданың дамып өркендеуі педагогикада XIX - XX ғасырларда кең етек алды және Л.Н. Толстой [169], К.Д. Ушинский [170] секілді әйгілі Ресей педагогтарының еңбектерінде ұлттық мәдениет пен халық тәрбиесінің идеясын қамтыды. Қазіргі таңда мәдени тұтастық қағидасы күрделі әрі көп жақты болып келеді. Біз әр түрлі мәдениеттер, олардың өзара әсерлері мен өзара әрекеттесу тоғысында өмір сүріп келеміз. Сол себепті, қазіргі таңдағы білім беру жастарды шыдамдылыққа тәрбиелеу мен өзінің және басқа елдер мәдениеттерін сыйлап құрметтеуге бағытталуы тиіс.

Болашақ мамандардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мәдени тұтастық қағидасының мәні білім алушылардың өзінің және басқа елдер мәдениетіндегі жетістіктерін бағалауға жұмылдыру болып табылады. Мұнда тек мінез-құлық ережелерінің формальды жүйесін жеткізу ғана емес, сонымен қатар әлем мәдениетін, басқа халықтар мәдениетіндегі қимыл, ым-ишара қарым-қатынасын қалыптастыруды жетілдіру маңызды.

Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда негізге алынатын әдіснамалық тұғырлар мен әдіснамалық қағидаларды сурет түрінде көрсетуді жөн деп санадық (сурет 5).



Сурет 6 – Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар

Сонымен, бұл тармақшамыздағы ойларды қорытындылай келе, біз болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін талдай келе, осы бағытта жүргізілген зерттеулерді оқып үйренуде негізге алынған әдіснамалық тұғырлар мен басты қағидаларды айқындадық, олардың тақырыптың мәнін ашуда қажеттілерін іріктеп, сипаттадық. Ойымызды тұжырымдай келе, біз жүйелеген әдіснамалық тұғырлар қарастырылатын мәселе бойынша нақтылы қызметті атқаратындығын және зерттеудің алдына қойған міндеттерін шешуде негіз болатын бағдар болмақ.

### 1.3 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы заманауи технологиялар

Зерттеу тақырыбымызға байланысты бұл бөлімде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы заманауи технологияларды қарастыруды жөн көрдік.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ең бастысы – өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын құзыретті маман тұлғасын қалыптастыру міндетті. Біздің ойымызша болашақ шетел тілі мұғалімі біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай, бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінуі хақ. Сондықтан, жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы ақпараттық құзыреттіліктің мұғалім бойында қалыптасуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезең, шетел тілі мұғалімдерінің жылдар бойы жинақтаған іс-тәжірибесін заманауи технологияға ұштастыруын қажетті санайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [171].

Бұл міндеттерді шешу үшін, жоғары оқу орындары ұжымдарының, әр оқытушының күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да қазіргі қоғамымызға әр оқытушы өз іс - әрекетінде қажетті өзгерістерді әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек.

Білім беруді ақпараттандыру - бұл оқытуды ғана ақпараттандыру емес, бұл оқу қызметін, оқу нәтижелерін бақылау мен өлшеуді, оқудан тыс қызмет пен тәрбиелеу үдерістерін, ғылыми зерттеу қызметін және ғылыми-әдістемелік қызметті, сол сияқты ұйымдастыру-басқару қызметін ақпараттандыру.

Отандық ғалым Е.Ы. Бидайбеков өзінің еңбегінде былай деп жазады: «*Білімді ақпараттандыру* оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына жету үшін білім саласында мағлұматтардың (білімнің) барын жүйеге келтіріп, жаңасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ақпаратты жинақтау, сақтау және тарату технологиялары мен құралдарын қолдануға бағытталған адамзат қызметінің ғылыми-практикалық саласын білдіреді» [172].

«Білім берудегі мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы «оқытудың ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Заманауи технологиялар - бұл ақпаратты өңдеудің түрлі құрылғыларын, механизмдерін, тәсілдері мен алгоритмдерін сипаттайтын, жалпылама түсінік. Заманауи технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Біз ақпараттық құзыреттілік анықтамасына тоқталсақ, ол оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде заманауи технологияның мүмкіндіктерін жан – жақты қолдану қабілеті. Әдебиеттерде «ақпараттық құзыреттілік», «компьютерлік құзыреттілік» терминдері жиі кездеседі. Заманауи технологияның жеделдетіп дамуына байланысты «ақпараттық құзыреттілік» деген терминді қолдану тиімді.

Ақпараттық құзыреттілік – мамандардың компьютерлік білімділігі, заманауи технологияларды қолдана алу (мультимедия, электрондық пошта, Интернет) мүмкіндігі, яғни өз бетінше ақпараттар жинақтау, мақсат қойып оларға жеткізетін танымдық әрекеттерді жүзеге асыра алу; алынған материалдарды талдау, таңдау жасау, өзгерту, сақтау және қазіргі заманғы

технологиялардың көмегімен жүзеге асыру мүмкіндігі. Логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, құрылымын жасау, тура және қосымша дәлелдеу, салыстыра дәлелдеу, моделдеу, ойлау эксперименті, материалдарды жүйелеу) қолдана отырып, ақпараттарды өңдей алады [173]. Ақпараттық құзырет теледидар, магнитофон, телефон, факс, компьютер, принтер, модем, көбейткіш және заманауи технологиялар (аудио- бейнетаспа, электрондық пошта, жалпы ақпарат құралдары, ғаламтор) көмегімен қажетті ақпаратты іздеп, зерттеп және таңдай алып, оны ұйымдастырып, қайта өңдеп жеткізе алады.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым – қатынасына заманауитехнологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет болып табылады. Ақпараттық мәдениетті, сауатты адам – ақпараттың қажет екенін сезінуге, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарды пайдалана білуі керек.

Жаңа мыңжылдық – бұл күнтізбедегі жаңа уақыт өткелі емес. Ол өткенді таразылап, өмірдің мәнін жаңаша түсінуге, болашақты барынша жете дұрыс анықтайтын уақыт. Әсіресе, бүгін біз өз күшімізді жарқын болашаққа жұмсауымыз керек. Қоғамның қарқынды дамуы, көбіне оның білімімен және мәдениетімен анықталады. Сондықтан, біздің ойымызша, білім жүйесін құру, қоғамды мына күнде дамып отырған әлемге дайындау – бүгінгі күннің ең негізгі және өзекті мәселесі.


Қазіргі жағдайда педагогтардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі білікті маманның құрамды бөліктері болып табылады. Ендеше қазіргі мына ақпараттық қоғамда өмір сүре алуға байланысты құзыреттіліктер: бұл жаңа технологияларды білу, ақпараттар ағынынан қажеттісін таба білу, оған сыни баға бере білу деген мағынаны білдіреді. Ендеше, болашақ маман ретінде ақпараттық құзыреттілікті де дамыту біздің міндеттеріміздің бірі болады.

Қазіргі таңда жаңа әлеуметтік жағынан қорғанған адам-ол технология ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, жан-жақты адам. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін заманауи технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Заманауи технологияның негізгі мақсаты – білім алушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу[172].

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез-келген сабақты электрондық оқулықты пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айландыруға болады. Бұл

нұсқаның жетістігі - оны компьютер жадында сақтау мүмкіндігі, оны компьютерлік желілер арқылы тарату болып табылады.

Сол компьютер негізінде қазіргі заманда электрондық ақпарат, бағдарлама арқылы басқарылатын құрылғылар пайда болып көптеген үрдістердің жеңілдеуіне мүмкіндік туғызды. Қазіргі заманғы технологиялар компьютерлік техника мен коммуникация құралдарына иек артады.



Сурет 7 – Заманауи технологиялардың ерекшеліктері

Заманауи технологиялар өзінің көпфункционалдылығымен, тұлғаның өзін-өзі іске асыруға мүмкіндігімен, өнімділігімен, қанықтылығымен және тиімділігімен ерекшеленеді.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне - оның ілгерлігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктерін дамыту заманауи технологияларды қолданумен жүзеге асады. Студенттің заманауи технологияны пайдалану, оның кейбір элементтерінің жеке шығармашылық байланысымен сипатталады. Олардың бір-біріне деген әсерінде байқауға болады.

Заманауи технология құралдарын қолданудың тиімді бағыттарының бірі – мультимедиа. «Мультимедиа» термині латын тілінің «multy» (көп) және «media» (орта) сөздерінің бірігуінен құралған. Мультимедиалық жүйеге арналған оқулықтарды, ғылыми еңектерді саралай келе мультимедиа терминіне «ақпараттық орта» деген мағына беруге болады. Ал, «ақпараттық орта» түсінігін белгілі бір ортада ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпаратты ұсыну мен өңдеуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған үрдіс деп қабылдауымызға болады.

Мультимедиа - компьютерлік графикамен, суреттермен, қозғалыстағы бейнеқаптармен, анимациямен, мәтіндермен, жоғары сапалы дыбыстармен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін интерактивті жүйе [173]. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа



технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды қажет етеді. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, теле-конференция, видео-конференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда.

Мультимедиялық бағдарламаларды ағылшын тілі сабақтарының барысында қолдану студенттерге психологиялық барьерден өтуге де көмегін береді. Түрлі схемаларды, түрлі-түсті суреттерді компьютер экранынан немесе интербелсенді тақтаның экранынан көрген студенттер тақырыпты жеңіл әрі қызығушылықпен қабылдайды, күрделі грамматикалық материалдың өзі сабақты қызықты әрі көркем етеді.

Бағдарламаның материалы (мысалы, етістіктің формаларын түсіндіру кезінде) келесі әдістемелік міндеттерді орындауға жетелейді: 1) жауапты сұрақ қойылған шақта құру дағдыларын дамыту; 2) оқытылып отырған шақ етістіктерінің формасын тану дағдыларын бекіту; 3) экранда көрсетіліп отырған орын тәртібі негізінде оқу дағдыларын дамыту; 4) берілген жаттығу мысалдары (арасынан студент өзі дұрыс жауабын таңдауы қажет) бойынша грамматикалық материалды жазу дағдысын қалыптастыру. Мультимедиялық бағдарламалардың барлығы шет тілі бағдарламасы белгілеген қазіргі заманғы шеттілдік білім берудің негізгі мәселесі мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін шешуге септігін тигізеді [174].

Жоғары білім жүйесіндегі оқыту процесіне WordPad, MS Word, MS Excel, Paint т.б. қолданбалы бағдарламаларды пайдалану тиімді. Қазіргі заманғы технология әрбір студенттің білім алу үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы заманауи технологиямен әрбір студенттің өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделінуі есебінен оқу үрдісінің біртұтастығын сақтай отырып, оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде оқушылардың оқу үрдісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, шет тілді оқытудағы негізгі мақсат – білім алушылардың мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру және дамыту, және субъектісін қалыптастыру. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге заманауи технология, интернет, компьютер қолданылуда.

Экономикалық бағытта шет тілін тиімді оқыту үшін түрлі интернет ресурстарын, қашықтықтан оқытуды, online конференция, ролдік ойындарды, Skype секілді технологияларды пайдалануға болады. Оқытудың заманауи технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеокұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) [172].

XXI ғасыр оқыту үдерісіне компьютерлік технологияны пайдаланумен қатар елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да заңды үрдістегі өзгерістер негізінде дамытуды талап етіп отыр. Атап айтқанда, виртуалды кеңістік, аутентті виртуалды интерактивті тілдік орта болып табылатын Интернетке ену аталған құзыреттілікті дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Шетелтілін оқыту барысында заманауи технологияны қолдану арқылы мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру мақсаты алға қойылса, оқытудың сапасы да, мазмұны да өзгермек.

Шетел тіліне оқытуда мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін Интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерге тоқталып өтейік. Мысалы: оқушылар Интернет талаптарында берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатыса алады. Сонымен бірге белгілі бір уақытта мәтіндік хабарламалармен алмасуға, радиобағдарламаларды тыңдауға, өз бағыттарына сәйкес бейнероликтер көруге, яғни ақпараттың кез-келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар.

Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі интерактивтік іздеу жүйелері мен өз бетімен іздеу, сондай-ақ алынған материалдарды түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салу мен т.б. сол сияқты Интернеттің артықшылық көздері пайдаланылады [174]. Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, тіл тасушыны тыңдау, олармен қарым-қатынас жасау, шетелдік экономиканы танып, отандықпен салыстырып, өз идеяларын ұсынуға мүмкіншілік беріп, табиғи тілдік ортаны қалыптастырады [173].

Ғалым Ф.К. Атабаева «Қандай да болмасын оқыту құралы, ақпараттық-тақырыптық ортаның қандай да қасиеттерге ие болғанына қарамастан дидактикалық мәселелер, білім берудің нақты мақсаттарымен шартталған танымдық қызметтің ерекшеліктері бірінші кезекте болып табылады» - деп көрсетті. Демек, Интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып табылады [175].


Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекті құралдар, аудио материалдар қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалануға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында жарықтехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану студенттердің өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай студенттердің сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «тыңдалым» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативтік жаттығулар жасалу керек.

Соңғы жылдары шетел тілін оқытуда заманауи технологияларды қолдану мәселесі жиі көтеріліп жүргені бәрімізге мәлім. Солардың бірі подкаст технологиясы болып табылады.

Подкаст – радиоқойылымға ұқсас интернетте орналастырылған, цифрланған бағдарлама. «Подкаст» ұғымын осы уақытқа дейін көптеген ғалымдар жан-жақты зерттеп, нақты анықтамасын беруге тырысып жүр. Мәселен, Ресей зерттеушілері П.В.Сысоев пен М.Н.Евстигнеевтің пікірлері бойынша “подкаст” – әлемдік желі арқылы аудио-бейне бағдарламаларды тыңдау, қарау, құру және таратуға мүмкіндік беретін қоғамдық қызмет түрі [176].

Подкаст білім алушылардың бойында тілін оқып жатқан елдің мәдениетін, сол елдің әлемдік бейнесін толық көрсете алатын технология. Подкасттың кәдімгі теледидар мен радиодан айырмашылығы – аудио-файлдар мен бейне бағдарламаларды тікелей эфир арқылы ғана емес, адамның өзіне ыңғайлы уақытта тыңдауға және көруіне жағдай туғызады. Ең керегі – қажетті файлды компьютерге жүктеу. Білім алушылар подкастты тыңдап, көреді және кез-келген тақырыпта өз подкастын жасай алады. Подкаст ұзақтығы бірнеше минуттан бірнеше сағатқа дейін созылады.

Подкасттың түрлері өте көп. Г.Стенлидің ұсынысы бойынша подкасттар үш түрге бөлінеді: аудио-подкаст, бейне-подкасты және скринкаст [177]. (Сурет 8)



Сурет 8 - Подкаст түрлері


Скринкаст – адамдардың Интернет арқылы білім алуын жеңілдететін жаңа ұғым. Скринкасттың мәні компьютерлік бағдарламаларды түсіндіретін, аудио-түсініктемесі бар компьютер экраны әрекеттерінің арнайы бағдарламалар арқылы жазылуында.

Аудио-подкаст деп компьютер немесе диктофон арқылы жазылған және Интернет арқылы жүктеуге болатын аудиофайлдарды (подкаст арналары - podcast channels ) айтуға болады.

Бейнеформатта жазылған подкасттар водкасты (vodcast) деп аталса, ал подкаст пен водкасттың құрылу, таратылу және қолданылу технологиясы – подкастинг деп аталады.

Подкасттарды серияларға жинақтау және оларды подкаст-арналарында жариялау ерекшелігіне қарай оларды жазбасы дыбыстық формада жасалған аудио-блогтар немесе жүйелік күнделік ретінде қарастыру мүмкін болып отыр [177].

Ресей әдіскері П.В.Сысоевтың «PODCAST / ПОДКАСТ» сөзінің мағынасын былай ашып көрсетеді [178]. (сурет 9)



Сурет 9 - Подкаст технологиясының мағынасы

Суреттегі подкаст технологиясының мағынасын талдайтын болсақ, подкаст ықшамдылық пен түпнұсқалық, дистрибуция мен ынтымақтастық, аутенттілік пен тұрақтылық технологиясы болып табылады екен.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады [179].

Кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан оқытушының студенттері де саналы, білімді, мәдениетті болып шығатыны белгілі. Саналы, білімді, бәсекеге қабілетті студентті дайындау барысында ең алдымен оның бойындағы психологиялық ерекшеліктерге аса мән берілгені жөн. Соның ішінде, білім алушының іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырып, дамыту оқытушының негізгі міндеттерінің бірі саналады.

Осы аталған ұғымдарға жіті тоқталар болсақ, В.А.Сластениннің анықтамасы бойынша, іскерлік – бұл теориялық білімге негізделген және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны дамытуға бағытталған әрекеттердің жиынтығы болса, дағды – алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталыну әрекеті. Яғни білім алушының тыңдау, көру, түсіну, сезіну әрекеттері арқылы берілген материалды игеру, талдау, оны жүзеге асыру дағдысына бейімделуі шеттілдік білім беру үрдісінде маңызды әрекеттер болып саналады [101].

Сол секілді, ғалым П.В.Сысоев шетел тілін оқыту тәжірибесінде подкаст технологиясының осы аталған әрекеттердің ішіндегі айтылым мен тыңдалым шеберлігін дамыту алгоритмін ұсынады, ол 3 кезеңнен, 11 қадамнан тұрады [178] (кесте 4).

Кесте 4 - Подкаст арқылы студенттердің сөйлеу әрекеті – айтылым мен тыңдалым шеберлігін дамыту алгоритмі (П.В.Сысоевтың әдістемесі бойынша)

I. БЕКІТУ КЕЗЕҢІ	
<i>1-қадам.</i> Жұмысты бекіту және жоспарлау. Оқытушы студентке жобаның мақсаты мен міндетін түсіндіреді. Студенттің подкасты желіге орналастыру платформасын және олардың желідегі іс-әрекетін, сондай-ақ оқу үдерісіндегі бағалау өлшемімен таныстырады.	
Оқытушы	Студент
1	2
оқу қызметі неден тұратынын түсіндіреді	ұйымдастыруға қатысты сұрақтар қояды
қандай соңғы нәтиже күтілетінін түсіндіреді	
студенттерді бағалау және өзін-өзі бағалау өлшемімен таныстырады	
алгоритм әрекетімен таныстырады	
<i>2-қадам.</i> Подкасты серверде орналастыру ережесімен, Интернет-пікірталас ұйымдастыру үшін түсініктеме беру ережесімен таныстыру.	
Оқытушы	Студент
Интернеттегі айтылым мен тыңдалым шеберлігін дамытатын подкаст қызметінің ( <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> ) сайты береді	Интернеттегі айтылым мен тыңдалым шеберлігін дамытатын подкаст қызметінің ( <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> ) сайты алады
студенттерді тіркейді	подкаст қызметінде тіркеледі
студенттерге <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> сервисінде подкасты орналастыру жолын түсіндіреді	<a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> сайтында аудио және видеофайлдарды орналастыру ережелерімен танысады
<i>3-қадам.</i> Оқытушы студенттер үшін белгілі бір тақырып бойынша подкаст парақшасын ашады. PodOmatic ( <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> ) әлеуметтік желісін пайдалана отырып, оқытушы өз тобы үшін жеке парақша ашады.	

4 - кестенің жалғасы

1	2
Осы ашқан бетке сайтқа кірушілерге тапсырма не жобаның сипаттамасы беріледі. Онда подкастың тақырыбы, оның құрушысы жазылады. Алдымен оқытушы өзі жалпы түрде ұзақтығы 1-2 минутқа созылатын подкаст құрып, шетел тілінде тапсырмаларды түсіндіріп, жобаға қатысушы – өз студенттерін таныстырғаны жөн.	
Оқытушы	Студент
подкаст сервисіндегі сайтқа бір подкасты құрады және орналастырады	көреді, еске сақтайды, сұрақтар қояды
студенттердің өз подкасын құратын тақырыбын белгілейді	
подкаст көлемін анықтайды	
бір-бірінің подкастын талқылау қайда және қалай өтетін студенттердің өзара желілік әрекетін түсіндіреді	
<i>4-қадам.</i> Студенттердің подкасты құрудағы ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін талқылау. Оқытушы студенттерге Интернеттегі ақпараттық қауіпсіздікті сақтау ережесін түсіндіреді.	
Оқытушы	Студент
Оқытушы студенттерге Интернеттегі ақпараттық қауіпсіздікті сақтау ережесін түсіндіреді.	–
<b>II. ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗЕҢІ</b>	
<i>5-қадам.</i> Тақырып таңдау және подкаст мәтінін құру. Студенттерге сөйлеу мәтінін (подкаст) дайындау ұсынылады. Сөз сөйлеу алдында әрбір студент өзін таныстырады, жасын айтады, тұрғылықты жері мен оқитын оқу орнын таныстырады. Одан соң подкаст таңдаған тақырыбы бойынша жалғасады. Осы қадамды жасау барысында студенттер жазылым шеберлігін дамытады: мақсатына қарай сипаттамалы, дәйектемелі, салыстырма-салғастырмалы сипаттағы мәтіндер құрады. Оқытушы студенттерге грамматика-лексикалық тұрғыдан сауатты сөз сөйлеу мәтінін құруы қажет. Кейін подкаст сервисіне салып, ары қарай талқылауға ұсынады.	
Оқытушы	Студент
студенттердің өзіндік қызметіне мониторинг жүргізеді	подкаст мәтінін құрады
студенттердің подкаст мәтінін түзетеді	кемшіліктерін қарайды, салыстырады
<i>6-қадам.</i> <i>Подкастқа жазу.</i> <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> сервисіндегі қолжетімді желіні қамтамасыз ететін бағдарламаны пайдалана сөйлеу сөзін жазады. Желілік бағдарлама студенттің сөйлеген сөзін сапалы болғанша жаза беруіне мүмкіндік береді. Сөз сөйлеу алдында әрбір студент өзін таныстырады, жасын айтады, тұрғылықты жері мен оқитын оқу орнын таныстырады.	

4 - кестенің жалғасы

1	2
Оқытушы	Студент
Студенттердің Интернеттегі <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> сервисінде подкасты орналастыруын бақылайды.	Интернеттегі өздерінің подкастын <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> сервисінде жазады және орналастырады.
7-қадам. Студенттердің подкастын тыңдау (көру). Әрбір студенттің жасаған подкастын тобы мен мұғалім аудиториядан тыс уақытта мұқият тыңдауы, қарауы керек.	
Оқытушы	Студент
Студенттердің өз тобының жасаған подкасымен танысуын (тыңдау, қарау) қадағалайды.	өз тобының жасаған подкасымен танысады
8-қадам. Подкасты желіде талқылау. Әрбір студенттің подкастын тыңдап болған соң, барлығына подкасты желіде талқылауға қатысу ұсынылады. Студенттерге: «подкасты қараңыздар не тыңдаңыздар және микроблокта подкастың мазмұны мен құрылымы бойынша қысқаша пікір мен ұсыныстар жазыңыздар» деген нұсқау беруге болады.	
Оқытушы	Студент
Студенттердің әрқайсысының әрбір подкастқа түсініктеме жазуын қадағалайды	микроблоктағы подкаст парақшасында әрбір подкастқа түсініктеме жазады
9-қадам. Подкасты сыныпта талқылау. Желідегі талқылаудан соң студенттерге жалпы пікірталасқа қатысып, ұнаған подкасты туралы талдау жасау ұсынылады.	
Оқытушы	Студент
Студенттерге подкасты топпен талқылауды ұйымдастырады	ең жақсы подкасты талқылайды
<b>III. БАҒАЛАУ КЕЗЕҢІ</b>	
10-қадам. Өзін өзі бағалау (студенттер талқыланған мәселені қаншалықты аша алды, жобаны жүзеге асыру кезінде қандай қиындықтарға не үшін кезікті деген сұраққа жауап іздейді, келесі жолы жұмысты жақсарту үшін не істеу керектігі айтылады).	
11-қадам. Оқытушының бағалауы (оқытушы алдын-ала белгіленген өлшем бойынша студенттердің жұмысын бағалайды)	

Кестеде берілген студенттер мен оқытушы әрекеттерінің алгоритмі үлкен көлемдегі оқу қызметін студенттердің өздігімен жүзеге асыратынын байқатады. Бұл әдістеме сыныптық сабақтың сағатын үнемдейді, сабақтың қызықты өтуі үшін студенттердің қызығушылығын арттырады, тілді меңгертудің жеке траекториясы бойынша өзіндік жұмыстарды жасау шеберлігі мен дағдысын жетілдіреді, сөйтіп әдістемелік әлеуетті кеңейтеді.

Осындай желілік талқылауды өткізген кезде студенттер қате жіберем, бағамды жоғалтып алам деп қорықпаулары керек. Бетпе-бет отырғанда жеткізе



алмаған пікірлерін, ойларын жеке траекторияда отырып шебер жеткізе білетіндері де табылады. Бір-бірімен әлеуметтік желіде қарым-қатынас жасау арқылы олар ашылады, сөйлеу тілдері жетіледі, мамандыққа бағытталған лексикалық минимумды орынды қолдана алу мүмкіндігі артады. Ең бастысы, студенттер сыныптан тыс уақытта аутентикалық жағдаяттар (блокта, форумда Интернет қолданушылармен қарым-қатынас) бойынша қатысымға шығады, өз пәнінің тақырыбына байланысты мамандардың пікірін тыңдайды, пікір алмасады, ортақ мәселеге қатысты ойландырып жүрген сұрақтарына жауап алады, ой түйеді. Осындай жобаларды, тапсырмаларды кәсіби бағдарлы шетел тілінде үздіксіз орындау арқасында тұрақты клише, құрылымдар, терминологиялық сөздіктер, мамандыққа сай сөз этикасының нормалары және т.б. қалыптасады.

Біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны студенттердің подкастты пайдалану арқылы мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Сол себепті «оқу подкасты» терминін енгізу қажетті болып отыр. Бұл терминнің астарында оқытушыларға арналған оқу үрдісінде қолданылатын, оқу бағдарламасының тақырыптық және тілдік мазмұнына сәйкес жасалған шетел тіліндегі дыбыстық немесе бейне жазбалар жатыр.

Қарым-қатынас – шетел тілін оқытудың маңызды бөлігі. Подкасттар оны ұйымдастыруды жаңаша жасауға мүмкіндік береді. Подкасттар тақырыбы алуан түрлі болып келеді. Оқытушы оқулықтағы дыбыстық қосымшаларға «бағынышты» емес. Көптеген оқытушылар өзекті жаңалықтармен жұмыс жасайды. Оларды газеттерден, журналдардан, телеэкраннан және радио арқылы білуге болады. Енді сайттарда жарияланған радиохабарларды тыңдауға да, оқуға да болады. Сонымен бірге, бұл хабарларды жүктеп алып, бірнеше рет тыңдауға да болады. Себебі, подкастты «қайта-қайта айналдырып» қолдануға болады.

Шеттілдік сөйлеуді түсінбей қарым-қатынастың болуы мүмкін емес. Аутенттік сөйлеуді тыңдап-түсіну қабілетін қалыптастыру – шетел тілін оқытуда ең негізгі міндеттердің бірі. Әрине, сөйлеуді есту арқылы қабылдауға үйретуде, алдымен, тіл игерушінің сөзін тыңдау арқылы тілді түсіне алу дағдысын дамыту керек. Бұл жағдайда тек аутенттік дыбыстық және бейне жазбалар ғана анық, нақты әрекетті, ұлттық мәдениет ерекшелігін көрсететін тіл игерушінің сөзін тыңдауға мүмкіндік берері анық. Ең бастысы, аутенттік материалдар студенттердің танымдық қызығушылығын, мәселені талқылауды, демек, шетел тілін меңгеруге деген ынтасын тудырады.

Кейбір электронды оқу құралдарында кездестіріп жүргеніміздей, сурет немесе жазбаша мәтін түрінде ұсынылған ақпаратты тек көру немесе оқу мүмкіндігі, кей жағдайда дыбысталу, яғни тыңдалым мүмкіндігі ғана берілетін болса, ол қағазда басылған оқулықтың электронды аналогы ғана болып қала береді. Ал шетел тілді оқытуда компьютердің шексіз мүмкіндіктерімен толық қамтамасыз етілген, сөйлесім әрекетінің барлық түрін дамытуға әсер ететін, оқыту әрі тексеру модульдерінен тұратын, тіл үйренушінің өз бетімен қолдануына ыңғайлы, білім беру стандарттары талаптарына толық жауап береді.



Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында аталған подкасттарды қолдануға әбден мүмкіндік бар. Ол үшін мәдениетаралық коммуникацияға байланысты видео немесе аудиотаспаларды студенттер өздерінің смартфондарына алдын-ала жазып алуларына болады немесе сабақ барысында оқытушы берген тапсырмаларды үйде өз бетінше орындау барысында орындаған тапсырмаларын аудиотаспаға жазып алып, топта әбден қолдануына болады.

Қазіргі уақытта подкаст технологиясының көптеген түрлері бар. Біз өз жұмысымызда солардың бірнешеуіне толығырақ тоқталуды жөн көрдік. Шетел тілін үйренуші адамдар смартфонның көмегімен өзінің тілдік деңгейін онлайн жүйесінде көтеруіне де мүмкіндігі бар.

Подкасттың LinguaLeo, Puzzle English, ENpodcast, DuoLingou, BritishCouncil ұсынған Learn English, Audio & Video, Johny G және т.б. түрлері бар (сурет 10).



Сурет 10 - Подкастардың смартфондағы көрінісі

Түрлі подкасттардың смартфондағы көрінісі Қосымша А-да берілген. Енді осы аталған подкаст түрлеріне жіті тоқталып өтейік. Бұл аталған подкасттар ағылшын тілінің грамматикасы, фонетикасына қатысты жаттығулардың барлық түрлерін меңгерген. Аудио және бейне жазбалар түрлері де көптеп кездеседі. Мысалы, Audio&Video, Puzzle English подкасттарында осы аталған тапсырмаларды өте жиі қолданылған.

Бұл подкасттар бірнеше эпизодтардан тұрады. Әр эпизод әр түрлі мәселелерге арналған тақырыптарды қозғайды. Мұндай тапсырма түрлерін орындау арқылы студенттің тыңдап-түсіну қабілеті арта түседі.

**Audio&Video** подкастының бір ерекшелігі сөйлеушінің сөйлеп отырған мәтіні тыңдаушының көз алдында жүріп отырады. Яғни, студенттер тек тыңдап

кана қоймай, сонымен қатар, оқып отырады. Бұл әрекет студенттің мәтінді толық түсінуіне көмегін тигізеді.

Мысалы, Episode 1: “UK life” тақырыбан алар болсақ, онда Британияның спорттық ойындар түрлері туралы айтылады. Айтылып қана қоймай, қосымша тапсырмалар беріледі. Яғни, «guessing» тапсырмасы берілген. Әр эпизод аяқталған соң, жаттығулар тізбегі (*Exercises*) беріледі.

Онда 1-7 дейін тақырыпқа қатысты сұрақтар беріліп, TRUE/FALSE тапсырмасы орындалады. Яғни, студент тыңдап отырған мәтіннің дұрыс/бұрыстығын белгілейді [180].

Осы секілді мәдениетаралық коммуникацияға байланысты мәтіндердерді студенттерге тапсырма ретінде беруге болады, онда студенттер әр түрлі халық өкілдерінің арасындағы әңгіме, сұхбат барысында түрлі айтылған сөздеріне, мәдениет ерекшеліктеріне, қимыл қозғалыс пен ым-ишара қарым-қатынасындағы ерекшеліктерге байланысты мәтін соңында берілген әр түрлі тапсырмаларды орындауына мол мүмкіндік бар.

Келесі подкасттың түрінің ауқымы өте кең. Оның біздің елімізде көптеген қолданушылары бар. Бұл подкаст **LinguaLeo** деп аталады. Бұл подкаст 5 негізгі бөлімдерден тұрады:


1. Тапсырмалар.
2. Жиынтықтар.
3. Жаттығулар.
4. Грамматика.
5. Профиль.

Аталмыш подкаст белгілі бір уақыт аралығында жаңарып, түрленіп, тапсырмалары да қызықтай түседі. Бұл подкаст түрі жаттығулардың барлық түрлерін кең ауқымда қамтыған, яғни, қолданушының барлық танымдық әрекеттеріне бағытталған. Кіріспесіде алдымен қолданушының тілдік деңгейін тест арқылы анықтап, соған байланысты күнделікті жаттығулар мен тапсырмалар беріп отырады.

Болашақ мамандардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың өзектілігі мен қажеттілігі қазіргі жастардың басқа мәдениет өкілдерімен ғаламтор желісіндегі түрлі сайтта байланысының қарқынды өсуімен айқындалады. Сол себепті, болашақ мамандардың басқа халықтар өкілдерімен дұрыс әрі тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас орнату үшін олардың даярлығы жоғары деңгейде болғаны абзал. Бұл ретте, әр түрлі мәдениеттер өкілдерінің арасында түсініспеушіліктің негізгі себептері лингвистикалық аспектідегі қателердің болуынан емес, мәдениетаралық қарым-қатынастағы стратегиялық қателер мен бөтен елде мінез-құлық нормаларының ережелерін білмеу, қимыл қозғалысы мен ым-ишара қарым-қатынасы белгілерінің мағынасын ажырата алмау салдарынан болатынын ескеру қажет [181].

Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курс бағдарламасын енгізу жөнінде алдыңғы бөлімде сөз қозғайтын боламыз. Аталған курс мазмұнына әр түрлі мәдениеттердегі ым-ишара мен қимыл

қозғалыстарының ерекшеліктерін айқындау сипатталған болатын, пән силлабусының ішінде дәрістер тақырыбының бірі осы мәселеге арналған. Аталған дәріс мәтіні Қосымша Ә-де көрсетіледі. Дәріс тақырыбы: «Әр түрлі елдер мәдениетіндегі қимыл, ым-ишара қарым қатынасы». Аталған дәрісте ым-ишара қарым-қатынасындағы негізгі ұғымдарға түсінік беріле отырып, түрлі елдер мәдениетіндегі адамдар арасындағы жиі кездесетін ым-ишара белгілерін топтастырып, мағынасына қарай жүйелеп сурет түрінде көрсетілген (сурет 11).



Сурет 11- Ым-ишара қарым-қатынасының бірыңғай жүйесі

Дәріс мәтінінде әр түрлі елдегі ым-ишара мағынасы сипатталып жазылған. Осы тұста біздің айтқымыз келіп отырғаны, подкаст заманауи технологиясын пайдалана отырып, ым-ишара қарым-қатынасының бірыңғай жүйесі бейнеленген суретті студенттер өз смартфонна жүктеп алып, шет елге шығып жатқан жағдайда әбден пайдалануына мол мүмкіндік бар. Аталған сурет аудиоподкаст түрінде жүктеледі. Академиялық ұтқырлық немесе кез-келген бағдарлама бойынша шетелге шыққан кез келген білім алушы болсын, оқытушы болсын іскер азаматтар немесе жай ғана қарапайым халық бұл суретті өз қажетіне қарай қолдана алады.

Жоғарыда аталған подкасттардың смартфондағы көріністері қосымшада көрсетілген. Суретте көрсетіліп отырғандай алдымен миға шабуыл тапсырмасы орындалады. Сол арқылы жаңа сөздерді меңгерту мақсатында білім алушыға аударма, құрастырма, тыңдау арқылы аудару, сөзді әріптеп жазу сияқты тапсырмалар беріледі. Бұл подкасттың тағы бір ерекшелігі тіл игерушілердің өз тілінде белгілі бір тақырыпты талқылағаны жайлы бейне жазбалары беріліп отырады. Бұл бейне жазбалар TedTalks деп аталатын бөлімде орналасқан. Бейне жазбаларда әлемге әйгілі әнші де, жазушы да, журналист немесе бизнесменнің сөзі жазылуы да мүмкін. Яғни, бұл подкасттың қолданушының тағы бір қызығушылығын тудыратын ерекшелігі осында.

Сонымен қатар, мәтіндер, мәтіндерге қатысты тапсырмалармен қатар, грамматикаға ерекше мән берілген.

Қорыта айтатын болсақ, подкаст заманауи технологиясы студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда заманауи технологиялардың ішіндегі ең озық түрі десе болады, оқытушының мұндағы міндеті студенттерге сабақтың тиісті кезеңінде ұтымды пайдалана білуі болып табылады.

Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жұмысының тиімді өтуі ағылшын тілі сабақтары барысында кейс-стади технологиясын қолдануымен сипатталады.

«Case» сөзі ағылшын тілінен «жағдай», «жағдаят» деп аударылса, «технология» – қандайда бір ғылымда қолданылатын интеллектуалдық құралдардың, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Шетелдік әдебиеттерге, еңбектерге жүгінетін болсақ, оларда бұл технологияны «case study method» деп берген, ал ол сөзбе сөз аударғанда «кейс-стади амал-тәсілі» деген ұғымды береді.

Бұл технологияның басты ерекшелігіне білім берудің басқа технологияларымен біріктіріп, қосып, тиімді түрде жүргізу жатады. Кейс-технологияны құрастыру басты-басты мынандай принциптерге сүйене отырылып жасалынды:

- 1) Модельдеу - модельдік ситуацияны құрастыру;
- 2) Жүйелік талдау - қойылған мәселелі жағдайды талдау;
- 3) Экспериментті ойлау, жобалау-білім алу әдісін және «ситуация» әдісімен ойлап өзгерту;
- 4) Сипаттау әдісі-сипаттау ситуациясын құру;
- 5) Проблемалық есептер - мәселелі жағдайдың негізін құраушы проблемаларды шешу жолдары;
- 6) Жіктеу әдісі- ситуацияны құрастырушы қасиетін, жақтарының реттік санын құрастыру;
- 7) Ойын әдісі-ситуациядағы басты кейіпкерлердің нұсқаларын көрсету;
- 8) Миға шабуыл - ситуацияға қатысты идеяларды дамыту;
- 9) Дискуссия-мәселені шешу барысындағы пікір алмасу[182].

Кейске қойылатын талаптар:

- анық, нақты, түсінікті мазмұндалуы керек;
- мәселелігімен, оның ең басты өзегін мәнерлеп, айқын көрсету;
- жағымды, жағымсыз жақтарында мысалмен көрсете білу керек;
- студенттердің талабына сәйкес таңдап, керекті мазмұнын, ақпараттарды жеткілікті беру;
- проблемалық ситуацияның айқындығы, оның біліктілігі.

Кейс-стади технологиясының басты рөлі студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыра отырып, сөйлеушінің сөйлеу мәдениеті мен ойлау қабілетін дамыту.

Кейс-стади технологиясын нақты жағдаяттар талдау әдістемесі деп те атауға болады. Бұл әдістеменің мәні едәуір қарапайым: оқытуды ұйымдастыру үшін нақты жағдаяттарды бейнелеу қажет. Білім алушыларға шыны өмірлік

жағдаят талдауға беріледі. Берілген жағдаят тек практикалық мәселені бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар сол мәселе шешімінде қолданылатын білім кешенін анықтайды.

Кейстің зияткерлік өнім ретінде шығатын қайнар көзі бар. Бірінші қайнар көзі өмір болып табылады. Кейстің негізі ретінде екіншіден білім беру жүйесі қарастырылады. Ол кейс стади тәсіліне интегралданған басқа әдістердің мақсаттары мен міндеттерін айқындайды. Ал кейстің үшінші негізі – ғылым.

Төменде кейспен жұмыс жасауға ұйымдастырылған түрлі әдістерді интегралдаудың мүмкін жолдары көрсетіледі.

Кейс стади тәсілімен біріктіре қолданылған әдістер: үлгілеу, жүйелік талдау, «Миға шабуыл», пікір–талас, ойын әдісі, мәселелік әдіс, бейнелеу әдісі

Кейс стади тәсіліндегі сипаты: жағдаят үлгісін құрастыру, Жағдаятты жүйелі ұсыну және талдау, Жағдаятқа байланысты ойларды жалпылау, Мәселені шешу жолдары туралы ойлармен алмасу, жағдаяттағы кейіпкерлердің түрлі мінез–құлық нұсқаларын бейнелеу, жағдаяттың түп негізінде жатқан мәселені айқындау, жағдаятты сипаттау

Қандайда болмасын жаңа технологияларды білім беру саласында қолдану көптеген факторларға тәуелді. Сол себепті кейс технологиясын шетел тіліне оқыту үрдісінде тиімді қолдану, біріншіден, шетел тілі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігіне байланысты. Екіншіден, бұл технологияға арналған дайын оқыту материалының аздығы немесе жоққа тән болуы. Американ бизнес және экономика институтының оқытушысы П.Экман: «In working with cases I worth an independence of thinking» –деген, яғни танымның, ойлаудың тәуелсіздігі басты назарда болатынын айтады. Сондықтан кейс стади тәсілінде басты назар студенттердің ұсынылған реальды немесе қиялдық (алдын-ала құрастырылған) жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беріп, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруі. Шәкірттің жекетұлғалық қабілеттерін жетілдіруге аударылады. Бүгінгі шеттілдік білім берудің мақсаты мен нәтижесі «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін» қалыптастыру болғандықтан, кейсте қолданылатын материалдар оқылып жатқан тілдің ұлттық бейнесінде, мәдениеттер арасындағы айырмашылық пен ұқсастықтарын көрсететін контексте болғаны жөн, себебі шетел тілі жаңа парадигмаға сәйкес когнитивтік–лингвомәдени біліктілік деңгейінде оқытылуы тиіс [178].

Төмендегі кейсті ағылшын тілі сабақтарында мәдениетаралық коммуникация тақырыбы аясында өтілетін сабақ барысында қолдануға болады:

### **Case #1**

*Mrs. Smith was well prepared for her culturally diverse first grade students this school year. She was looking forward to learning more about the five different countries and cultures represented in her classroom. She had completed all of the required courses to successfully earn her EFL teaching endorsement. She was very aware of how to enrich her lessons to accommodate second language learners. What Mrs. Smith was not prepared for was the uneasiness and fear that overwhelmed the parents of the students. One parent in particular complained to Mrs. Smith that her child was being harassed by another student in the classroom. When Mrs. Smith inquired about the identity of the “bully,” the parent did not know the name of the*

*student who was bothering her child. However, the parent mentioned to Mrs. Smith that the student causing trouble was one of the “foreign” boys with the dark hair and real dark skin. Mrs. Smith did not expect adults to react in this manner about a classroom of typical six year old students.*

*Reflection Questions:*

- 1. How can Mrs. Smith prepare herself for the challenges involved in teaching culturally diverse students?*
- 2. Is it possible to convey to parents the importance of being open minded in their outlook of the culturally diverse world?*
- 3. How can Mrs. Smith ease the tensions of the concerned parents?*

**Case # 2**

*An American university and its French partner discussed the possibilities of exchanges for students, professors and administrators. Both sides agreed that would be a good idea. The French negotiator spoke pretty good English, at first glance very good English; the American spoke good French. In the discussion they used both – French and English. In both languages they used the identical word administration when they talked about exchanges between two institutions. The surprise came later. For the American, administration in the university context meant department chair, dean, provost. For the French, administration meant upper-level clerical staff [183].*

Мәдениетаралық қарым-қатынасқа оқыту барысында аталған технологияны қолданудың маңызы зор. Студенттерге екі ұлт өкілдері арасындағы, екі түрлі мәдениет өкілдері арасындағы әңгіме мен қарым-қатынастарында күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды мысал ретінде беруге болады.

Шетел тілін оқыту барысында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында фрейм технологиясын қолдану тиімділігінің жоғары екенін атап өтуге болады.

Фрейм сөзі құрылым, құрылыс, каркас, қаңқа, жүйе, жақтау, тор жүйесі деген мағына береді. Оқытудағы фрейм бұл слоттарды, яғни бос терезелер мен жолдарды (білім алушылар толтыратын), кілт сөздерді қамтитын мәтіннің стереотипті оқу ақпаратын көрсетудің қаңқалық құрылымы.

Фреймнің екі негізгі түрі қарастырылады: тілдік машықтарды оқытуға бағытталған лингвистикалық (мысалы, сөйлеу кезіндегі тілдік формаларды дұрыс таңдау) және арнайы лексиканы қолдану дағдыларын меңгеру мен бекіту мақсатын ұстанатын арнайы, спецификалық фреймдер.

Шетел тілін оқытуда білімді көрсететін фрейм теориясын қолданудың бірқатар ерешеліктері бар және аудиторияда оқыту үрдісін ұйымдастыру, яғни сабақтарды дайындау кезінде, сонымен қатар білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда қосымша мүмкіндіктер береді.

Фрейм сөзі ағылшын тіліндегі framework (қаңқа) деген мағынаны береді, яғни кілт сөздер мен бос «орындар» (бірнеше рет жаңа ақпаратпен толтырылатын слоттар) ретінде берілетін элементтерден құралған құрылымды білдіреді. Қазіргі таңда, фреймдер бірқатар нақты біртекті жағдайларды қамтитын стандартты, стереотипті жағдаяттармен анықталады. Фреймдік тұғыр материалды оқып тануға, білім беру мен білімді ұйымдастыру, мәселелерді

шешуге, сөйлеудің ғылыми стилін қалыптастыруға деген көзқарастың стереотипін көрсетеді [184].

Шетел тілін үйренушілер үшін үлкен қиындықтарды тіл құралдарын таңдауды қажет ететін тапсырмалар туғызады. Мысалы, белгілі және белгісіз артикльдер, етістіктің дара және күрделі түрлері және тағы басқалар.

Осы секілді, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында студенттерге мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға байланысты мәтіндер беріп, сол мәтіндер соңында түрлі тапсырмалар беруге болады. Тапсырмалардың негізгі мақсаты мәтінге байланысты дұрыс және бұрыс тұжырымдарды айқындау, мәтіндегі қажетті сөйлемдерді іріктеп алып, кейбір сөздерін шығарып тастап, слоттар, яғни бос «орындар» түрінде қалдырып беруге болады. Аталған фреймдермен жұмыс жасау кезінде студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас жөніндегі білімдері толықтырыла түседі, алдында оқытушы түсіндірген материалдары естеріне түсіп, білімдері мен іскерліктері, дағдылары мен машықтары одан әрі қалыптаса түседі.

Коммуникативтік жағдайларды көрсететін фреймдерді қарастыралық. Мұндай фреймдер білім алушыны тілдік контекстке жұмылдыра отырып, тіл құралдарын жылдам әрі дұрыс таңдауға септігін тигізеді. Аталған фреймдермен жұмыс жасау барысында білім алушыларға оларды схема түрінде, суреттер түрінде беруге болады, кейіннен студенттердің коммуникативтік жағдайларды адекватты түрде нақты түсінгеніне көз жеткізгеннен кейін ары қарай бекіту үшін осы секілді тапсырмаларға көшуге болады.

Оқытудың аталған тұғыры, яғни «тірі» тілдік жағдаят іш пыстырарлық теориялық ереже мен тапсырмалардан гөрі, білім алушыларға тіл бірліктерін меңгерумен қатар, олардың мәдениетаралық қарым-қатынас жасай білу қабілетін, дағдысын дамыта отырып, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұл жұмыстың негізгі кезеңдері мынадай болады:

- Білім алушыларға фреймдерді үлестірмелі материалдар, тақтаға ілінген кестелер, презентация түрінде көрсету;

- Аталған фрейммен жұмыс барысында оларды ойын түрінде, беріліп отырған материалдың мәнін жеткізу мақсатында түсінгенін талқылау (сұрақ жауап) түрінде студенттерді қатыстыру;

- Фреймдерді сахналық қойылым түрінде де өткізуге болады, яғни білім алушыларды өздері осы үлгілерге қарап құрастыруды тапсырма ретінде беру.

Фреймдермен жұмыс жасау оқу материалын дәстүрлі емес формасында - яғни оқу құралында беріліп отыратын грамматикалық ереженің тәжірибелік қолданылуы мен оларды жаттығуларды орындау түрінде бекіту емес, керісінше - тірі тілден алынған, яғни ұқсас үлгілермен жұмыс жасау формасын көздейді [185].

Материалды меңгеруді қадағалау. Ол тағы өзгеруі де мүмкін. Дұрыс грамматикалық форманы таңдауды білуді жауаптардың ұсынылған нұсқалары бар мәтіндерді беру арқылы да тексеруге болады. Сонымен қатар, аударуға, мысалы, қазақ тілінен ағылшын тіліне аударуға бірнеше үлгілер ұсынуға



болады. Бірақ бұл сөйлемдерде алдын-ала оқытылған фреймдердің құрылымы болуы тиіс. Басқаша айтқанда, бұл сөйлемдер білім алушыларды бұрын үйретілген схеманың ассоциациясына алып келетіндей болуы тиіс және оларға өз ойларын дұрыс жеткізуге көмегін тигізуі тиіс.

Оқытудың озық кезеңінде білім алушыларға бір сәйкес ой тастап, проблема немесе жағдаят түрінде ұсынып және оны фрейм түрінде көрсетуді, яғни сабақтың бұл бөлімін «миға шабуыл» әдісі түрінде ұйымдастыруды ұсынуға болады. Мысалы:

Фреймдерді қолдану шетел тілін оқытудың озық кезеңіндегі білім алушылар ғана емес, сонымен қатар, артта қалып бара жатқан студенттер арасында тілдік құзыреттілікті дамытуға өз септігін тигізеді;

Фрейм студенттердің берілген модель бойынша түсініктерінің логикалық тізбегін құру қабілетін дамытады, оларды талдап, шетел тілінде өз ойларын жеткізуге септігін тигізеді;

Оқытудағы фреймдік тұғыр мәтінді түсіну (интерпретация) және өз пікірін айтуды қалыптастыруға мүмкіндік береді;

Оқытушы фреймдерді өңдеуге контекстті және аталған коммуникативтік актіге білім алушыны барынша жақындату, оқытылып отырған тілді «жанды» ету мақсатында сөйлеуші немесе субъектіні қабылдаушыны қамтуы, кірістіруі тиіс [184].

Фреймнің негізгі қасиеттері болып:

- ұйымдастыру бастамасының идеясы. Бұл көзқарастан фрейм тек білімді көрсетудің құралы ғана емес, сонымен қатар оны ұйымдастыру мен құрылымдаудың құралы болып табылады. Тіл білімі тұрғысынан фреймнің ұйымдастыру бастамасы екі түрлі жолмен көрінеді. Біріншіден, фреймге «кірігудің» белгісі болып лексема немес тұрақты сөз тіркесі болып табылады. Екіншіден, фрейм тек терминалдар жиынтығымен (слоттар, бос орындар, тораптар) ғана емес, олардың арасындағы өзара әрекеттермен айқындалады;

- стереотип және ситуациялық байланыс идеясы. Фрейм адам күнделікті өмірде кездесуге мәжбүр болатын білімнің стандартты стереотипті конфигурациясын суреттейді. Ол аталған мәдениетке не тән екенін, ненің қатысы жоқ екенін нақтылайды. Бір стереотипте білімдер компонентін табу олардың жағдаяттық жақындығын білдіреді;

- білім идеясы. Осы идеяға сәйкес фреймдермен ассоциацияланған білімдердің бөлігі шынайы болып табылады. Білімнің аз ғана бөлігін еске алу, мысалға, фреймдердің аталуы немесе оның бір ұяшықтарын еске алу білімнің үлкен бір көлемін қарастыруды тартуға мүмкіншілік береді. Басқаша айтқанда, жеке бір сөз ұғымның артында фрейм тұрғанын айтуға болады.

Фреймдік жүйені ағаш ретінде қарастыруға болады, яғни ең жоғарғы шыңында – фреймнің шың түйінінде жалпы ақпарат жиналады, ал төменгі жағына оған нақтылаушы фреймдер жинақталады. Фрейм жағдайға білімнің қандай түрі маңызды екенін анықтайды. «Фрейм» ұғымы «жағдай» ұғымымен ауыстырыла алатын болып көрінуі мүмкін. Бірақ фреймді жағдайдан ажырататын нәрсе, ол оның психикалық санаты. Психологиялық аспектідегі фрейм бұрынғы тәжірибенің жалпылама құрылымы, оның көмегімен сана ішкі



әлем объектілері жағдайының өзгеруін, оқиғаның дамуы мен мазмұнын, олардың өзара байланысын болжайды [186].

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі шақтар арасындағы айырмашылықтарға үлкен мән берілуі қажет. Мысалы, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында ағылшын тіліндегі шақтар жүйесі мен іскерлік этикетінің ара қатынасы қандай болатынын көрсету маңызды. Яғни, мұнда студенттер іскерлік хат жазу кезінде басшылығына бағынышты қызметкер басшысына хат соңында I'm looking forward to your answer деген сөздермен аяқтамауы тиіс екенін білуі қажет, себебі бұл сөйлемдегі шақтың формасы хат жіберіліп отырған адресатқа шұғыл түрде жауап қатуы тиіс екенін білдіреді. Басшыға мұндай сөздер жазу тек тілдік қана емес, сонымен қатар тактикалық қате болып табылады. Басшыға бағынышты адам I look forward to your answer деп жазғаны абзал.

Мұнда фреймнің өзгеруі – рейфрейминг негізгі әдістемелік тәсіл ретінде, ал іскерлік қарым-қатынастың оқу жағдаяты - оқытудың негізгі бірлігі ретінде алынуы мүмкін.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе, отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектеріне жасаған кішігірім талдауымыз бізге мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда заманауи технологияларды қолдану өз септігін белгілі бір дәрежеде тигізетіні сөзсіз және сол технологиялардың ішіндегі Podcast, Case Study, Framing технологиялары түрлі мәдениет өкілдерімен ішінара араласуға, мәдениеттердің арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді жете танып білуге бірден бір ұтымды технологиялар деп тануымызға мүмкіндік берді.

#### **1.4 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі**

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашада Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты жолдауында бүгінгі жастарға: «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам бүгінгі күні озады», - деп атап кеткен [187].

Расында да, қазіргі таңда талмай ғылым іздеген адамның алдында үлкен мүмкіндіктер тұрғанын айтып өтуге болады. Ғылым жолында шет мемлекеттерге барып тәжірибе алмасу мақсатында оқып жүрген жастардың алдында үлкен мақсат пен мүмкіндіктер тұр. Шет тілін меңгерген жастардың, соның ішінде ағылшын тілін меңгеру - бүгінгі күннің талабы екені және ол құзыретті жастардың болашағы жарқын екені айтпаса да бәрімізге аян.

Маман дайындау мен тәлім сапасын жақсартудың негізгі талаптары ретінде еуропалық ғылыми-педагогикалық қауымдастық тарапынан оқытудың құзыреттілік бағыты алға тартылған, «құзыреттілік» ұғымы да 2010 жылға

дейінгі кезеңде қазақстандық оқыту үдерісін модернизациялау тұжырымына енгізілген болатын. Осыған орай жоғары мектеп бұл бағытты іске асыру мен түлектердің оқу-үйренімі аяқталғаннан соңғы жалпы да арнайы құзыреттілігін өрнектеуге байланысты маңызды міндеттердің шешімін табуы қажет.

Зерттеу тақырыбына байланысты болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделін анықтау бірқатар ұғымдардың мәнін айқындауды талап етеді. Олардың қатарында, «қалыптастыру», «қалыптасу», «модель» ұғымдары бар.

Педагогикада «қалыптастыру» ұғымы педагогикалық өзара байланыстағы «оқыту – білім беру – тәрбиелеу – шығармашылық іс-әрекет – даму – қалыптасу» категорияларының негізінде ашып көрсетіледі. «Қалыптасу» – адамды қоршаған экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, психологиялық және т.б. барлық факторлардың түгелдей ықпал-әсер етуімен әлеуметтік тіршілік иесі ретінде өсіп, жетілу үдерісі. Қалыптасу адамның тұлға ретінде кемелденуі, байыпты парасат деңгейіне жетуі болып табылады [188].

Сонымен «қалыптастыру» ұғымы сыртқы факторлар арқылы ішкі сапалық қасиеттерді орнықтыруда көрініс табатындығымен сипатталады. Ал «қалыптасу» болса, негізінен ішкі факторлар арқылы жүзеге асырылады және іс-әрекет нәтижесімен анықталады. Педагогикалық үдеріске, оның ішінде педагог пен білім алушыға қатысты қалыптастыру мен қалыптасу ұғымдары мен оның аясындағы іс-әрекеттердің өзара байланысы мен ықпалының бар екендігін көруге болады.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісіндегі білімді меңгеру мен іскерлікті (психомоторлы дағдыларды) және жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыру үдерісінен тыс жүзеге асырылмайды және оқыту мен оқу үдерісінде орындалады.

Жоғарыдағы баяндаулардан қалыптастыру меңгертумен, қалыптасу меңгеру іс-әрекеттерімен байланыстылығын көреміз. Меңгеру дегеніміз – жинақталған әлеуметтік тәжірибенің тұлғаның жеке басының игілігіне айналуы және сол арқылы тұлғаның жеке басының қасиетіне айналуы [189], білімді өзіндік ету дегеніміз – түсіну, есте сақтау және қолдана білу, яғни, бұрынырақ түсінгенді және есте сақтағанды тәжірибеде пайдалану мүмкіндігі.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру – бұл болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне қойылатын коммуникативтік талаптарды анықтау, олардың болашақ кәсіби іс-әрекеттерін болжау мен дамытудың мүмкіндігі ғана емес, жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандарды отандық жоғары білім беру жүйесін реформалаудың жаңа шарттарында, жаңа инновациялық технологияларды ендіру жағдайында кәсіби даярлауды ықпалды жоспарлаудың негізгі элементі. Жасақталған модель оқу-тәрбие үдерісін жоспарлаудың және жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу үдерістерінің нәтижелілігін жоғарылатудың, бітірушілерді жұмыспен қамтамасыз етудің әдіснамалық негізі болуы тиіс.

Психологиялық сөздікте «Модель» - оқу әрекетін модельдеу деген ұғымды білдіреді. Оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады: *Біріншісі* – оқу

үдерісіндегі білімді меңгеру болса, *екіншісі* – оқудағы іс-әрекет элементінен тұрады. Сонда, бірінші аспектіде модель мен модельдеуді психологиялық бағыт білім жүйесіне енгізу болса, екіншіде – модельдеудің формасын, әдісін қолданылатын әрекетінің ерекшелігін студенттердің икемділігіне қарай бағыттауды көрсетеді [190].

А.М.Новиков модельді сипаттай келе, оны негізгі нысан туралы жаңаша ақпарат беретін, танымдық мақсатқа таңдалған немесе қайта жасақталған қосымша нысан ретінде қарастырады [191].

В.А.Штофтың айтуынша, модель – зерттеу нысанын бейнелеп, шығаратын және сол нысанның орнын басып, жаңа ақпарат бере білетін, ойда бейнеленіп немесе материалды түрде іске асатын жүйесі болып табылады [192].

М. Вартофскийдің «модель келешек іс-әрекетке бағдарланған прототип. Модель мақсатты іске асыру және оларды іске асыратын құрал-жабдықтар болып табылады» деп тұжырымдайды [193].

Қазіргі заман ғылымында модель ұғымын материалдық немесе тұжырымдамалық жүйе ретінде түсіндіреді: - біріншіден, қандайда бір формада түп нұсқаның маңызды қасиеттері мен қарым-қатынасын бейнелеп, көрсетеді; - екіншіден, нақты берілген мағынада оның орнын басады; - үшіншіден, түп нұсқа туралы жаңа ақпарат ұсынады.

Барлық материалдық немесе заттық модельдерде түп нұсқаның орнын басу сәйкес құрылымның мінез-құлқы мен қызмет ұқсастығы есебінен жүзеге асырылады.

«Модель» ұғымы «модель құру» ұғымымен тығыз байланысты.

Модель құру – бұл теориялық танымның маңызды категорияларының бірі, теориялық деңгейде түрлі белгілер, абстрактілік модельдер, эксперименталдық деңгейде – пәндік модельдер қолданылатын процестер мен құбылыстарды зерттеудің жанама әдісі, сондықтан педагогикалық зерттеулерде модельді құру және оны қолдану кеңінен пайдаланылуда. Маманды кәсіби даярлау моделі жалпы түрде болашақ маманның кәсіби іс-әрекетіне қажетті меңгерілетін білім көлемі мен оның құрылымының, маман ретіндегі кәсіби қасиеттер мен дағдылардың жалпы түрде сұлбелік өрнектелуі деп түсінуге болады.

Жоғарыда айтылған ой пікірлерді тұжырымдай келе, маман моделі құрылымы мен мазмұнын үш бөлікке бөлуге болады: зерттелетін маман іс-әрекеті өтетін әлеуметтік-кәсіби фон, мамандардың іс-әрекеттерінің негізгі аспектілері, мамандардың іс-әрекеттерінің психологиялық-педагогикалық сипаттары. Ал маман моделін құру келесі мақсаттарға табысты қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған:

- маманның кәсіби әлеуметтік іс-әрекеті мазмұны мен оны орындаудағы білім, іскерлік, дағдылар мен тұлғалық сапаларды сипатын талдау;

- білім беру мазмұнын жобалау үшін негізделген бағдарлар мен критерийлерді анықтау, қажетті білім, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру мен болашақ маманның тұлғалық сапасын дамытуды қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда тәжірибелік іске асырылуы;

- кәсіби даярлау сапасы мен ЖОО бітірушісінің тұлғалық дамуы деңгелерінің барынша осы модель талаптарымен сәйкестігін қамтамасыз ету;

- ЖОО имиджі мен оның бітірушілеріне берілетін дипломның беделін қалыптастыру, оны бітірушілердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамсыздандыру [191].

Зерттеу жұмысы барысында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін біртұтас жүйе ретінде мәдениетаралық қарым-қатынасты оқытуда қалыптастыру моделін құрдық. Модель болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби білімді меңгеру ерекшеліктерін ескерумен қатар, олардың кәсіби және тұлғалық өсуіне жағдай жасайды. Кәсіби оқытуды мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтінінде құру болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуына негіз болады.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі құраушы бөліктерге, компоненттерге, ішкі жүйелерге бөлінетін біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ол: болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық тәсілдері мен ұстанымдарын нақтылау, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің мәні, компоненттерінің мазмұндық толықтырылуы мен педагогикалық шарттарын анықтау; болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды ықпалды ұйымдастыру (кезеңдері, технологиялары, әдістері, формалары, орталары); оның критерийлері мен көрсеткіштерін анықтау, оның қалыптасуының деңгейін бағалау үшін диагностикалық әдістемелерді іріктеу, оқыту бағдарламаларына түзетулер ендіруді қамтиды.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделінің мақсаты олардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікке қабілеттілігін де қалыптастыруды көздейді: студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің мәні мен мазмұнын түсінуі; студенттің өзінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ұмтылысы, ден қоюы.

Студент болашақ кәсібін меңгерудегі өз мақсаттарының нақтылығын саналы түрде танумен қатар, қойылған мақсаттардың тұлғаның мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қаншалықты сәйкес келетіндігін түсініп, таңдалған мақсатқа жетуде бірбеткейлік танытуы тиіс.

Оқыту үдерісінде студенттердің білім деңгейлері мен ерекшеліктерін ескеру. Зерттеу проблемасына сәйкес жеке (индивидуальдық) тәсілді пайдалану келесідей бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру барысында алдымен студенттердің коммуникативтік қабілеттерінің деңгейлерін ескеру талап етіледі. Екіншіден, жеке тапсырмалар мен жобалар тақырыптарын құруда студенттердің қызығушылықтары мен бейімділіктерін, олардың қызығушылықтарын арттыратын іс-әрекеттер түрлерін ескермеуге болмайды. Егер тақырып қызықсыз әрі кәсіби тұрғыда маңызды болмаса, тапсырманы орындау сапасы төмен болуы ықтимал. Үшіншіден, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін табысты

калыптастыру үшін студенттердің мотивтері мен мақсаттарын зерттеп, сапалы деңгейде ескеру, әрі коммуникативтік іс-әрекеттің эмоционалдық тұлғалық-мәнді мотивациясын қалыптастыру қажет.

Біріншіден, бірқатар әлеуметтік жағдайларда ағылшын тілі адамдармен қарым-қатынас құрудың басты құралы болу мүмкіндігі оқытудың қосжақтылығын анықтайды: бір жағынан мәдениетаралық қарым-қатынасты оқыту мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау талап етіледі. Екіншіден, мәдениетаралық қарым-қатынасты оқытудың тілді меңгеруге байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған байланысты ағылшын тілін оқыту үдерісіне ықпал ететін объективті және субъективті факторлар бар. Мәдениетаралық қарым-қатынасты оқыту А.А. Леонтьевтің тұлғалық-іс-әрекеттік теориясына негізделген оқыту әдістерін таңдауға байланысты [19].

Сонымен қатар, ағылшын тілін меңгеру үдерісіне оқу жүктемесінің көлемі, мәдениетаралық қарым-қатынасты оқыту бойынша апталық сағат саны, топтағы студенттер саны, сабақ уақытында студенттердің сөйлеу ұзақтығы, оқулықтар мен анықтамалық әдебиеттер сияқты объективтік факторлар әсер етеді.

*Мақсат* – маңызды педагогикалық категориялардың бірі. Ол адам іс-әрекетінің тәсілдері мен сипатын анықтап, жүйе құрушы факторы сапасында, түрлі элементтерді анықталған жүйеге кіріктіруші ретінде көрінеді. Мақсат мазмұны көп жағдайда оның іске асырылуы, орталары шартымен анықталады.

Аталған модель: *нақты мақсатқа бағытталуымен* – болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курс сабақтарының барысында қалыптастыру; модельдің барлық блоктары мен ішкі элементтері өзара байланысты, әрі анықталған мағыналық жүктемеге ие және болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға, яғни нәтижеге жұмыс жасайды, бұл оның *тұтастығымен* ерекшеленеді.

Маман моделін құру бүгінгі күні өзекті мәселе болып табылады, оның бір себебі қазіргі кезде мемлекеттік кәсіби білім беру стандарттарында міндетті компоненттер саны азайтылып, көптеген білім беру мазмұнына қатысты мәселелерді шешу жоғары оқу орнының құзырына берілуде. Оның себептері:

- стандарттар нақты әлеуметтік-мәдени жағдайларда жасалады, ал сәйкесінше іскерлік сипаттары стандарттың жасалу уақыты аралығына тәуелді;
- қазіргі әлем жылдам өзгеруде, сондықтан алдағы уақытта қоғамның нақты талаптары мен маман моделін құру, білім беру мазмұнын ұдайы жетілдіру мен жаңартудың қажеттілігі күн сайын ұлғаюда.

Зерттеу жұмысымыздың мазмұнына сәйкес біз болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әрекеттерінің деңгейлік сипаттамасын, яғни әр компоненттің деңгейлерге қатысты критерийлерін сипаттауды жөн көрдік.

Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің мазмұндық сипаттамасын зерттеу арқылы оның үш компоненті ерекшеленді: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік.

*Мотивациялық* - білім алушылардың шетел тілін оқуға деген мотивациясы, басқа елдер мен халықтардың тілі мен мәдениетін қабылдау мен түсінуге деген ынтасы, басқа мәдениет өкілдерінің қимыл қозғалысы мен ым-ишара қарым-қатынасындағы білімге деген құштарлығының болуын көрсетеді.

*Мазмұндық* - білім алушылардың елтану білімдері, қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес құралдары, мінез-құлық нормалары мен ережелерін біліп тану, студенттердің тұлғалық сапалары мен басқа халықтардың тілі мен мәдениетін қабылдауға деген толеранттылығы мен құндылық бағдарының болуын меңзейді.

*Іс-әрекеттік* – іс-әрекетте мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті көрсетуге деген даярлығы, яғни мәдениетаралық өзара әрекеттесуде түрлі жағдайларда өзін дұрыс ұстай білу мен тиімді қадамдар жасай білу дайындығының болуын, шығармашылық іс-әрекет (шығармашылық жоба) әдістерін меңгеру, өз бетінше қарым-қатынас әрекеттерін жоспарлау мен кәсіби іс-әрекеттердің нәтижелілігін көрсетеді.

Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әрекеттерінің деңгейлік сипаттамасын төмендегі кестеде көрсеттік (кесте 5).

Кесте 5 - Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әрекеттерінің деңгейлік сипаттамасы

Деңгейлері	Компоненттері	Сипаттамасы
1	2	3
Төмен	Мотивациялық	Көп жағдайда басқалармен тиімді қарым-қатынас әрекетін іске асыра алмайды немесе мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісіне абсолютті бейқамдық білдіреді. Өзін мәдениеттер диалогының субъектісі ретінде қарастырмайды және мәдениетаралық құзыреттілік оның кәсіби міндеті деп ойламайды. Әрекетті ұйымдастыруға талпынысы төмен сипат алады. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа еш қызығушылық танытпайды, яғни немқұрайлы қарайды. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа қажетті коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды меңгеруге жеткілікті дәрежеде жауапкершілікті танытпайды қабылдауға деген толеранттылығы мен құндылық бағдарының болуын меңзейді. Заманауи технологияларды пайдалануға деген құштарлығы төмен

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
	Мазмұндық	Жеке басының коммуникативтілік сапасы көрсетілген контекстке сай емес, өзін-өзі бағалай алмайды. Коммуникативтік қабілет санатындағы ұстанған бағыттылықтың мән-мазмұнын, функциясын жетік білмейді. Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға, заманауи технологияларды пайдалануға қажетті білімдері жеткіліксіз және үстіртін
	Іс-әрекеттік	Қарым-қатынас үдерісінде серіктеске, оның әрекетіне бағдарлануы төмен. Серіктестің әлеуметтік жағдайын, дара ерекшеліктеріне мән бермейді. Заманауи технологияларды пайдалану іскерлігі өте төмен. Толыққанды мәдениетаралық қарым-қатынас жүргізуге бағытталған іс-әрекеттері мүлдем қалыптаспаған
Қанағаттанарлық	Мотивациялық	Мәдениетаралық қарым-қатынас әрекеттері түрлерін жете меңгергенімен, оларды іске асыруда талпынысы төмен. Әрекетті ұйымдастыруда вербальды емес қарым-қатынас құралдарын толық меңгермеген. Кәсіби ынтасы жеткіліксіз сипат алады. Мәдениетаралық қарым-қатынас орнатуға қызығушылығы төмен және қажетті коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды меңгеруге жеткілікті дәрежеде жауапкершілікті танытпайды
	Мазмұндық	Вербальды емес қарым-қатынас құралдарын меңгерген, оларды іске асырудағы іскерлігі мен дағдысы көбінесе заманауи технологиялар арқылы асырылады. Мәдениетаралық қарым-қатынас талаптарына сай мінез-құлық нормалары, ережелері, қосарлы білімі, іскерлігі мен дағдысы гностикалық сипат алады. Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға қажетті білімдері жеткілікті дәрежеде терең емес, жүйелі емес
	Іс-әрекеттік	Қосарлы білім, іскерлік пен дағдылардың көрініс табуы, олардың іске асырылуы қанағаттанарлық сипат алады. Толыққанды мәдениетаралық қарым-қатынас жүргізуге бағытталған іс-әрекеттері жеткілікті дәрежеде қалыптаспаған. Қарым-қатынас жасауда заманауи технологияларды пайдалану іскерлігі жеткіліксіз.

1	2	3
Жоғары	Мотивациялық	Мәдениетаралық қарым-қатынасқа белсенді әрі шығармашылық қызығушылық танытады. Мәдениетаралық қарым-қатынастың әлеуметтік мәнін терең түсінеді. Мәдениетаралық коммуникациялық әрекет тәсілдерін меңгеру ынтасы жоғары. Құзыреттілік әрекеттерін, заманауи технологияларды білуге талпынысы жоғары. Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың тиміді әдістері мен тәсілдерінің бастамашысы әрекетін өз жауапкершілігіне алады
	Мазмұндық	Қарым-қатынастың атқаратын функцияларын жетік меңгерген. Мәдениетаралық құзыреттілік әрекеттерін меңгерген. Объективті құбылыстардың субъективті көрінісі орын алады, заманауи технологияларды пайдалану туралы білімі жоғары. Мәдениетаралық құзыреттілікті көрсетуге қажетті терең әрі мобильды білімді толық меңгерген
	Іс-әрекеттік	Коммуникативтік актілерді меңгерген және оларды өз әрекетінде жүзеге асыра алады. Вербальды емес қарым-қатынас құралдарын толық меңгерген, әдіс-тәсілдерді кәсіби мақсатқа пайдалануға байланысты құзыреттілік орын алады. Мәдениетаралық қарым-қатынасжүргізу мен заманауи технологияларды қолданудағы іскерліктерін жоғары дәрежеде меңгерген

Зерттеу жұмысының алдыңғы тармақшаларында зерттеу тақырыбына қатысты бірқатар жұмыстарға талдау жасалынған болатын. Қарастырылған авторлар пікірлері және олардың көзқарастары студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын айқындап берді. Әйтсе де, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру бірден жүзеге асып кетпейді, ол біртіндеп бір-бірімен сабақтасып келетін бірнеше қадамдармен жылжып отырады.

Зерттеу жұмысының барысында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі қадамдары айқындалып, оларға сипаттама берген дұрыс. Сонымен, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың алғашқы қадамы – бұл түрлі мәдениеттерге қарай *мақсатты қызығушылық* болып табылады. Бұл орайда, өзге ұлт өкілдерінің тілі мен діні, мәдениетіне, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, қимыл, ым-ишара қарым-қатынасына, адамның басқа мәдениетке деген шынайы тұрақты қызығушылығы аса қажет.



Студенттің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың келесі қадамы – нақты *мәдениеттің мазмұндық сипаттары мен ерекшеліктерін тану* нәтижесінде мәдени ерекшелік пен даралықты бағалайды. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың келесі, қадамы мәдениетаралық өзара әрекеттесуді *танып білумен* байланысты.

Сонымен қатар, қоршаған тіл мен мәдениетті тану үдерісінде білім алушы мәдениетаралық іс-әрекеттің жалпы сипатын, ондағы әрбір қатысушының өзіндік бағасын сезінеді. Яғни, «басқаны» *мойындауға* негізделген төртінші қадамды орындайды. Мәдени әлемнің көп қырлылығын мойындаудан оны *қабылдауға* көшу студенттің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың келесі қадамы болып отыр. Бұл адамның өз айналасындағы шындықты мәдени түрліліктің табиғи және талассыз жағымды бағасы есебінде қабылдайтындығын білдіреді.



Сурет 12 - Студенттің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қадамдары

Басқа мәдениеттерге, құндылықтар мен көзқарастарға *ашықтық* қана адам дамуындағы алдыңғы қадамдарының нәтижесі ретінде мәдениетаралық қарым-қатынаста *қимыл, ым-ишара қарым-қатынасын білу мен оны мәдениетаралық қарым-қатынаста жүзеге асыра білуді* арттырады. Бұл жетінші қадам болып табылады.

Әрине, мәдениетаралық іс әрекетке араласу барысында қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес құралдарын меңгеру маңызды екені анық, әсіресе кез-келген ұлт өкілдерімен сөйлесу кезінде қимыл-қоғалыс, ым-ишара, дене-тұрысы, көзбен контакт жасау бәрі де бірге қатар жүретіні белгілі, сол себепті оларды жетік меңгеру үлкен маңызға ие.

Ал енді сегізінші, яғни ақырғы қадам – *мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті, көпмәдениетті әлемді игерумен* байланысты болады.

Бұл қадам барысында тұлға түрлі мәдениет өкілдерімен тығыз байланыс орната отырып, мәдениетаралық коммуникациялық іс-әрекетке еш қиындықсыз түсіп, қысқаша айтқанда көпмәдениетті әлемді меңгеруге дайын болады әрі мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан тұлға болып қалыптасуына мол мүмкіндік туады. Осындай өзара әрекет түрлі мәдени топ өкілдерінің адекватты өзара түсінісуі мен рухани бір-бірін байытуын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда сипатталған мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру қадамдарының функционалдық мүмкіндіктерін және оның өсу динамикасы суретте көрсетілген (сурет 12).

Жоғарыдағы суретте көрсетілгендей студенттің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қадамдары тұлғаның өзіндік ұлттық болмысынан бастау алған сапаларының біртіндеп мемлекеттік, ұлттық, кейіннен әлемдік деңгейде көрініс табуына жетелейді.

Аталған қадамдардың жасалуы студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үрдісінің жүзеге асуы орындалады. Бұдан, біз студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру үрдісі үлкен жұмысты, еңбекқорлық пен жауапкершілікті қажет ететін үрдіс екеніне көз жеткіздік.

Сонымен, сипатталған мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру қадамдарын жүйелеп, қорытындылайтын болсақ, ең алдымен болашақ мұғалімнің мотивациясы болуы тиіс. Оның негізінде болашақ мұғалімнің мәдениетаралық өзара әрекеттесудің мазмұндық жүйесі қалыптасады. Соңында болашақ ағылшын тілі мұғалімінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі қалыптаспақ.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мамұндық моделін құру педагогикалық шарттарды айқындаумен сипатталады.

«Педагогикалық шарттар дегеніміз - қойылған міндетке жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны және ұйымдастыру түрлерінің объективті мүмкіндіктері мен оларды жүзеге асырудың материалдық мүмкіндігінің жиынтығы» деген анықтама беріледі [191].

Педагогикалық шарттар ұғымы оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттерін, мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру түрлерін қарастырады. Сондықтан да «педагогикалық шарт» ұғымын дидактикалық мақсатқа жеткізуге арналған мазмұн мен әдіс-тәсілдердің элементтерін мақсатты түрде таңдау, құрастыру және пайдалану деп түсіндірілген.

Тәрбиені ұйымдастырудың педагогикалық шарттарына: мақсат, міндет, мазмұн, әдіс-тәсілдер, амал-құралдар және нәтиже жатады. Сонымен қатар тәрбиеге ықпал етуші шарттары да (мотивациялық, кадрлық, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық, ұйымдастырушылық, нормативтік, құқықтық және ақпараттық) қарастырған.

Біз, өз зерттеуімізде “педагогикалық шарттар” ұғымын студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында пайдаланамыз.

Жоғарыда берілген жұмыстарды қорытындылай келе, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін іске асырудың **педагогикалық шарттарын** төмендегіше айқындалды, яғни:

- педагогикалық-психологиялық шарттар (болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби сапалары, студенттердің мақсаттары мен мотивтері), оқыту мазмұны («Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курсы, «Communication club» үйірмесінің мазмұны);


- ұйымдастыру шарттары (білім беру үдерісінің материалдық техникалық жарақтандырылуы, студенттердің аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарының үйлесімділігі);

- дидактикалық шарттар (дидактикалық ұстанымдарды сақтау; мақсатқа сәйкес оқыту формалары мен әдістерін таңдау) тұрады. Осы педагогикалық шарттар болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделін тиімді іске асыруға септігін тигізеді.

Жоғары аталған педагогикалық шарттар негізінде біз болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрдық.

Болашақ ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінде мақсат, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары, құрылымдық компоненттер мен қалыптастыру формалары, әдістері, құралдары мен педагогикалық шарттары көрініс тапқан.

Ендігі жерде біз өзіміздің студенттердің, яғни болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін 13-суретте бейнелейміз.



Сурет 13 – Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үрдісін сипаттамас бұрын, бұл феноменнің критерийлері мен көрсеткіштеріне тоқталамыз. Әдебиеттерде «өлшем» және «көрсеткіш» ұғымдарының анық, біркелкі анықтамасы көрсетілмеген. Осыған ұқсас И.И.Монаховтың пікірі бойынша, «өлшем» - бұл белгі, оның негізінде шынайы педагогикалық құбылысты, сапаны немесе үрдісті эталонмен салыстыруға, бағалауға болады [194].

Отандық ғалым Ш.Т.Таубаева өлшем – білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қалыптастыруда жеткен жетістіктердің белгіленуін салыстыратын ғылыми негізделген эталондар көрсеткіші, – болып табылады, – деген анықтама берген. Автор сонымен қатар көрсеткіш – тұлғаның даму үдерісін сипаттайтын деңгейі, оның оқытылуы, тәрбиелілігі визуальды бақылануы және білім алушының тәжірибесінде қалыптасқан білімі, дағдысы, іскерлігі, тәртібінің белгіленген мөлшерде жүзеге асырылуы, – деген анықтама берген [195].

Демек, өлшем – зерттеу объектісінің жағдайы, дамуы және қызмет ету деңгейі жайлы көрініс беретін оның сапалары, қасиеттері мен белгілері болып табылады. Ал, көрсеткіштер зерттеу объектісінің әр сапасы, қасиеті, белгісінің қалыптасу деңгейінің сандық және сапалық сипаттамалары, яғни критерийдің қалыптасу өлшемін көрсетеді. Сонымен, өлшемдер көрсеткіштер қатарымен ашылуы керек, олардың көріну белгісі бойынша критерий көрінісінің деңгейі жайлы түсінік аламыз.

Зерттеу мәселесі бойынша жоғарыда аталған әдебиеттерді теориялық талдау негізінде, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің өлшемдері мен көрсеткіштері жайлы ғалымдардың әртүрлі көзқарастарын біріктіру негізінде және 1.1 тармақшада қарастырылған мәдениетаралық құзыреттілік анықтамалары мен оның құрылымына сүйеніп, болашақ ағылшын тілі мұғалімінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік өлшемдері анықталды, әр өлшем мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік көрсеткіштерімен нақтыланды.

Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік өлшемі коммуникативтік іс-әрекет үрдісінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін жүзеге асыруда өзіндік маңыздылықты анықтауға, олардың мазмұнын айқындауға көмектеседі. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың өлшемдері негізінде зерттеу феноменінің даму деңгейі анықталды.

Критерийлерді айқындау маңызды ғылыми мәселелердің бірі. Әрбір ғылым үшін өтіліп жатқан үдерістер мен құбылыстарды бағалауды басшылыққа алуда критерийлер туралы сұрақ маңызды болып табылады. Осындай критерийлер негізінде ғана алдын-ала болжанған, педагогикалық іс-әрекеттердің ең жақсы жетістіктері туралы қорытынды жасауға болады.

Психологияда «критерий» - стандарт, эталон деп түсіндіріледі [190]. Критерий – «критерон» (грек тілінде) – бұл пәндердің, құбылыстардың және түсініктердің жіктемесі негізіне жататын пән, құбылыс, белгінің бағасын анықтау үшін өлшем. Критерий зерттелетін жүйенің барлық компоненттері

арасында байланыс орнатуы, көрініс табуы жағдайында аталған феноменнің өрнектелуінің үлкен немесе кіші дәрежесі туралы талқылауға болатындай сандық және сапалық көрсеткіштерді үйлестіруі тиіс. Критерийлерге қойылатын негізгі талаптар:

1) критерийлер өздері өлшем болатын құбылысқа адекватты болулары тиіс;

2) критерийлер дидактикалық мақсаттарға сәйкес болуы тиіс, олардың және оқыту нәтижелерінің арасындағы байланысты сипаттаулары тиіс;

3) критерийлер сандық талдауға қолдануға болатын түсініктерде өрнектелуі тиіс;

4) критерийлер салыстырмалы түрде өлшеудің қарапайымдылығын, есептеудің жеңілділігін, қолдануға қолжетімділігі мен ыңғайлылықты қамтамасыз етулері тиіс;

5) критерийлер көлемді ғана емес, білім, іскерлік және дағдылардың сапаларын, оқытудың формальды нәтижелерін ғана емес студенттердің шығармашылық жұмыстарын да бағалауға мүмкіндік берулері тиіс.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасуының деңгейін айқындауға жол ашатын критерийлерді анықтауда мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің компоненттері мазмұны мен психологиялық-педагогикалық іргелі зерттеу жұмыстары мен зерттеу мәселесіне қатысты әдебиеттерге жүргізілген талдауларымыз бен тұжырымдық ой қорытындыларымызды тірек еттік.

*Оқытудың ақырғы нәтижесі* - бұл оқытудан күтілетін нәтижеге сәйкес студенттердің білуі, түсінуі, оқыту үдерісі соңында орындай алулары тиіс нәрсені анықтау.

Студенттерді бағалауды, олардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптастырылуы деңгейі бойынша іріктеуге мүмкіндік береді. Біз болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуының критерийлерін жасақтадық.

Дұрыс нысанда алған оқытудың ақырғы нәтижелері: - оқу жағдайында қолжетімді; - студенттермен орындалатын; - бақыланатын мінез-құлық түрінде көрінетін; - өлшенетін; - сәйкес бағалау әдістері көмегімен бағаланатын болуы тиіс [194].

Модельдің әрбір компоненті үшін бағалау критерийлері жасалды және мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің *қалыптасуының деңгейлері* анықталды.

*Төмен деңгей:* Студент өз тұжырымдаулары мен пікірлерін ағылшын тілінде жеткізуде қиналады, оқытылатын шетел тілі еліне байланысты елтану, мәдениеттану, лингвомәдениеттану материалдарын толық меңгермеген, қарым-қатынас барысында бастамашылдық танытпайды, коммуникативтік міндетті толық шеше алмайды, қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес формаларын меңгерудің дағдылары жетілдіруді қажет етеді, ынталылық, еңбекқорлық пен креативтілікті қажет етеді.

*Орта деңгей:* студент ағылшын тілінде сұхбаттасуды іске асыра алады, талқыланған мәселе бойынша өз пікірі мен тұжырымдауларын қиналыссыз

еркін білдіреді, бірақ өзінің және қарым-қатынастағы серігінің сөйлеу мәдениетін бақылай отырып мәдениетаралық әрекет жасауға даяр емес, қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес формаларын меңгерудің дағдылары қалыптасқанмен, ым-ишара қарым-қатынасындағы заманауи технологияларды жетік меңгермеген, тығырықтан, шиеленісті жағдайлардан шығуда қиындықтарға тап болады.

*Жоғары деңгей:* студент серіктеспен әңгімелесу техникасын жоғары дәрежеде меңгерген (сөйлесуді бастау, қолдау, ақпарат сұрауды іске асыра алады, қарым-қатынастың элеуметтік-мәдени нормаларын сақтайды: коммуникациядағы серіктестердің өзіне қатысты статусына (достармен сөйлесудегі еркін стиль, қоғамдық орындарда, арнайы қабылдауларда, бөгде адамдармен сөйлесуде арнайы стиль) тілдік орталарда тиімді пайдаланады, ритмикалық-интонациялық және лексикалық-грамматикалық аспектілерде ағылшын тілінің тілдік нормаларынан ауытқымайды, сөйлесу қоры бай, коммуникацияның қойылған мақсатына сәйкес өз пікірін шынайы әрі сенімді түрде ағылшын тілінде жеткізуді шебер меңгерген. Қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес формаларын меңгерудің дағдылары автоматтандырылған, алынған ақпаратқа сай қарым-қатынас жасау қалыптасқан. Мәдениетаралық ынтымақтастыққа өте қабілетті және толерантты, ынталылығы мен еңбекқорлығы аса жоғары дәрежеде көрініс тапқан, қимыл қозғалысы мен ым-ишара қарым-қатынасында заманауи технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын жетік меңгерген.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатына айқындалған педагогикалық шарттардың кешенді түрде орындалуын, өзара байланысын жүзеге асыра отырып, қол жеткізуге болады. Демек, мұнда оның мәдениетаралық коммуникативтік іс-әрекетке белсене араласуы, мәдениетаралық қарым-қатынасқа байланысты пәндерді меңгеру әдістерін өз бетінше игеруі маңызды рөл атқарады.

Әзірленген модель болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің оқу-тәрбие үдерісіне қамтылуын қамтамасыз етеді және болашақ ағылшын тілі мұғалімінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынасқа байланысты пәндерді оқытуда қалыптастыру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру – қазіргі заман өркениетінің талабы. Ал осы студенттердің бойында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін жоғарыда аталған мәселелерді ескерген жөн және білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез-келген азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болатынын естен шығармаған дұрыс.

## **2 БОЛАШАҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

### **2.1 Жоғары оқу орнында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың мазмұны**

Әрбір жоғары оқу орындары өз алдарында тұрған міндеттер кешенін өз беттерінше шешеді. Жоғары оқу орындары іс-әрекетінің стратегиялық кез-келген бағыты саланың өзекті мәселелерін шешуге негізделуі тиіс. Біздің тұжырымдауымыз бойынша болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлайтын жоғары оқу орындарын дамытудың негізгі стратегиялық құраушылары ғылым мен білім берудің құндылық бірлігін іске асырып, келесі міндеттерді анықтайды:

- жоғары іскерлікті кәсіби педагогикалық ұжымды қалыптастыру және қолдау;

- оқу-тәрбие үдерісінің сапалық жетілдірілуін іске асыратын білім берудің заманауи әдістері мен технологияларын меңгеру;

- білім беруді күнделікті қоғамдық практикамен барынша жақындату;

- білім беру үдерісі мен ғылыми зерттеушілік іс-әрекеттің интеграциялық компоненті ретінде жоғары оқу орны ішіндегі ғылым мен білім беруді дамытудың қуатты материалдық техникалық базасын құру және ендіру;

- студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту, ғылым, білім беру, педагогикалық үдерістердің интеграциясын қамтамасыз ету;

- рухани-адамгершілік тәрбиені болашақ мұғалімнің кәсіби кеңістігінің кеңеюін жаңғырту және қолдау;

- болашақ мұғалімдердің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігінің бір сапасы ретіне олардың коммуникативтік әлеуеттерін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру.

Білім беру бағдарламалары біліктіліктің Еуропалық аясымен үйлестірілген Дублин дескрипторларына және ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес жасалады.

Жұмыс берушілермен байланыс, студенттермен және бітіруші түлектермен сұхбаттасу, сауалнама жүргізу, педагогикалық үдеріс нәтижелерін сараптау арқылы болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне қойылатын талаптар мазмұны анықталып, «Ағылшын филологиясы» кафедрасына қарасты 5В011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың педагогикалық стратегиясы жасалды.

Педагогикалық стратегия – білім беру/оқыту нәтижелерін анықтайтын және оған конструкцияланған (құзыреттерге негізделген) білім беру бағдарламалары құралдарымен жетуге бағытталған білім беру бағдарламасы.

5В011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша білім алушыларды даярлауда білім беру бағдарламаларының негізгі мақсаты:

- отансүйгіштік, Қазақстан Республикасы халықтарының достығы, әр түрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету рухында тәрбиелеу;



- жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру;
- экологиялық, этикалық, құқықтық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыру;
- бакалаврды тілдік даярлау;
- кәсіби қызметте қажетті іргелі білім, іскерлік және дағдыны қалыптастыру.
- қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтарын, Қазақстан тарихын, заманауи технологияларды, мемлекеттік тілді, ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде орыс және шетел тілдерін білу негізінде әлеуметтік-гуманитарлық білімді қамтамасыз ету;
- кәсіби білімнің іргетасы ретінде психологиялық-педагогикалық және арнайы сипаттағы базалық білімді қамтамасыз ету.

5B011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы білім бакалавры Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасындағы балалардың құқығы туралы» білім беруге қатысты нормативтік-құқықтық актілер негіздерді білуі керек. Білім беру мекемелерінде педагог ағылшын тілінің маманы ретінде жаңа білім мен заманауи технологияларды пайдалану, оқу үрдісін ғылыми-әдістемелік тұрғыда игеру, заманауи бағыттағы мұғалімдердің тәжірибесін үйрену; отандық және әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің алдыңғы қатарлы өндірісіне қол жетістіктерді енгізу; заманауи жобаларды ойлап шығару мен жүзеге асыру және жаңа инновациялық өндірістерді құруға көмек көрсету.

Мамандарды әзірлеу оқу жоспары, білім стандарты және пән бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасын қоғам талабына сай ұдайы жетілдіру, әлемдік жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесін отандық педагогиканың құндылықтарымен үйлестіре пайдалану өзекті мәселелердің бірі. Мамандықтың педагогикалық стратегиясы бір оқу жылына жасалатындығын ескерсек, жыл сайын оның қалыптасу механизмдері жетілдіріліп, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің өзгермелі қоғам жағдайына жылдам бейімделуі, кәсіби іскерліктілігінің жоғары деңгейде қалыптастырылуы мәселелері күн тәртібінен түспек емес.

5B011900 – «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (ҚР МЖМБС 6.08.075-2010) жүргізген талдауымыз төмендегі нәтижені беріп отыр. Аталған мамандық бойынша білім бакалаврының білім деңгейіне қойылатын талаптардың ішінде, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, тілдің коммуникативтік табиғаты туралы түсінігі болуы, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттерді меңгеруі, коммуниканттардың әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып қарым-қатынас орната білуі тиіс екені туралы айтылады. Нақтырақ айтатын болсақ, іс-әрекеттің арнайы түрі ретінде коммуникацияның ерекшеліктерін, «мәдениетаралық қарым-қатынас» түсінігінің мәні мен оның негізгі түрлерін білулері тиіс екені, сонымен қатар, коммуникативтік сөз әрекетінің түрлері мен әдістерін пайдалануға,өзінің және қарым-қатынастағы серігінің сөйлеу мәдениетін бақылауға, шетел тілінде

мәдениетаралық қатынас жағдайында өзінің елін, мәдениетін таныстыру бойынша біліктілігі болуы тиіс екендігі нақты көрсетілген [196].

Жүргізген талдау нәтижелеріне келер болсақ, білім беру бағдарламасының негізгі бағыты шетел тілінің мұғалімін даярлау болғандықтан, шетел тілі мұғалімі шетел азаматтарымен, өзімен бірге жұмыс жасайтын әріптестерімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түседі, сол себепті тек тілді біліп қана қоймай, тілдің коммуникативтік табиғатын біліп, шетел тілінде мәдениетаралық қарым-қатынас жасай білуі тиіс екенін аңғаруымызға болады.

5B011900 – «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім бакалаврының құзыреттеріне қойылатын талаптарын саралай келетін болсақ, пәндік құзыреттерге, оның ішінде, коммуникативтік, яғни қазақ, орыс және шетел тілдері, қарым-қатынас технологиясы, коммуникативтік стратегия саласындағы білімдерді меңгеру, көпмәдениетті қоғамдағы қарым-қатынас, педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті және толерантты болуын алға тартады.

Аталған мамандық бітірушісі кәсіби құзыреттер шеңберінде, оның ішінде білімдік қызмет саласында оқушылардың шетел тілін мәдениетаралық қатынас құралы ретінде меңгеру қабілетін дамытуға бағытталған кәсіби қызметін психологиялық және әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүзеге асыруы, ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануы, шетел тілін оқытудың әдістемелік проблемасы мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде, мәдениетаралық қарым-қатынасмән-мәтінінде шеттілдік білім берудің әдістері мен қағидаларын білуі тиіс екені құжатта айдан анық көрініп тұр.

Сонымен қатар, білім беру стандартында болашақ шетел тілі мұғалімі оқушылардың бойында шетел тіліне мәдениетаралық қарым-қатынас ортасы ретінде оң көзқарас қалыптастыру және жалпыадамзат мәдениетінің дамуындағы ұлттық мәдениеттердің жетістіктерін дәріптейтін қасиетін дамытатын біліктілігі болуы туралы сөз етіледі.

Мамандықтың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында шеттілдік білім беру әдіснамасын меңгеру, оның құрылымдық компоненттерінің ішінде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттерді меңгеру, сонымен қатар аталған құжатта түйінді сөздердің бірі шеттілдік білім беру айрықша белгіленіп отырғаны көзімізге бірден түсті. Сол себепті, бізге отандық ғалым, профессор С.С. Құнанбаеваның «Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы» атты еңбегін зерделеу үлкен қызығушылығымызды тудырды [23].

С.С. Құнанбаеваның аталған еңбегі шет тілдік және көптілдік білім берудің когнитивті – лингвомәдени әдіснамасы мен теориясы мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың әмбебап ғылыми-теориялық негізі болып табылады. Шеттілдік білім беру сапасының жоғары болуы қазіргі заман талабы. Бұл ретте, ғалым өзінің еңбегінде: «Мыңжылдық тоғысындағы әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өткелдер шетел тілін меңгеру деңгейі мен сапасына жоғары талап қоя білді, ол шеттілдік білім беру сапасын қайта қарауды, әдістеме ғылымын және шетел тілін оқыту технологиясын түбегейлі

түрде өзгертуді, жаңа білім беру үлгілеріне көшуді талап етті. Қалыптасқан дәстүрлі білім беру мен теориялық-әдіснамалық тұғырнаманың сақталуын қажет етіп, мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асыруға қабілетті, тілді жеке тұлғаны дамыту құралы ретінде меңгертуді көздейтін жеке тұлғаға бағдарланған үлгінің назардан тыс тұруы дидактика саласында тілді оқып үйрену сапасы мен қоғам талабы арасындағы қарама-қарсылықтың болуына алып келді», - деп көрсетеді [23].

Оқулықта шеттілдік білім берудің қазіргі әдіснамасы мен теориясы әдіснамалық категориялардың жаңаша талқылауында көрсетіледі, мәдениетаралық қатысым теориясындағы қарым-қатынасты үлгілеудің теориялық және практикалық негіздері ұсынылады.

Жоғары білімді болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлаудың толық мазмұны оның өмір сүріп, еңбек ететін нақты қоғамдық-тарихи шарттармен анықталады.

Қазіргі таңда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен дүниежүзі бойынша Еуропа мен Азияның, соның ішінде Түркия, Мысыр, Қытай, Польша және ТМД, 62 шет елдік ЖОО-мен түзілген келісім шарттар бар. Студенттер ағылшын тілі, түрік тілдері бойынша тілді меңгеру көрсеткіштерінің шектік деңгейін жинаған жағдайда академиялық ұтқырлық бойынша білім алуға қол жеткізуде. Университет оқу-әдістемелік басқармасы академиялық алмасуға енудің сатылық бағдарламасын жасақтады. Осы орайда, университет тіл үйрету орталығында ақысыз негізде ағылшын және түрік тілдері бойынша оқытушылар мен студенттерге арналған қосымша факультативтік сабақтар ұйымдастыру жүйелі жолға қойылған.

Біздің еліміздегі жоғары кәсіби білім беру жүйесіне келетін болсақ, жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына мәдениетаралық коммуникативтік компонент бүгінгі күнге дейін жеке дара компонент болып енгізілмеген және бұл бітіруші мамандардың білім сапасына әсер етпей қоймайтынын білдіреді. Болашақ мамандарды мәдениетаралық коммуникативтік дайындау отандық педагогикалық ғылымда белгілі бір дәрежеде тек теориялық деңгейде жүргізіледі, себебі коммуникативтік пәндердің теориялық негіздері мен коммуникативтік білімнің тәжірибелік қосымшасының қалыптасуы ресей және қазақстандық білім беруде 1990 жылдары ғана басталған. Бұған дәлел осы тақырып төңірегінде жарияланымдар санының күрт өсуі болып отыр. Мәдениетаралық коммуникативтік зерттеулер лингвистика, журналистика, психология, театралдық шығармашылық және т.б., яғни гуманитарлық мамандықтарда білім алатын студенттер белгілі бір коммуникативтік білім алатын болған.

Уақыт өте келе бүкіл білім беру жүйесінің зерттеулер нәтижесінде тәжірибелік қосымшасына деген қажеттілік қарым-қатынас теориясы облысында; әлеуметтік және жаппай қарым-қатынас және БАҚ; ұйымдастырушылық, кәсіби және іскерлік қарым-қатынас; қоғаммен байланыс, риторика, сөйлеу қарым-қатынасы, шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті; тіл және мәдениет контекстіндегі қарым-қатынас; компьютерлік қарым-қатынас, педагогикалық қарым-қатынас, вербальды емес қарым-қатынас аумағында

қарқынды өсті және өзінің іске асуын талап етті. Алғашқы рет, әлемдік еңбек нарығында жылдам ауысатын әлеуметтік экономикалық қарым-қатынастарға байланысты тек гуманитарлық емес, сонымен қатар, техникалық профильдегі мамандарда коммуникативтік оқытуға деген қажеттілікті сезіне бастады.

Осы ретте, негізгі нормативті құжаттарға: мемлекеттік стандарт, кейінгі шыққан типтік оқу жоспарларына (2008-2010) жүргізілген талдауымыз гуманитарлық мамандықтардың оқу жоспарларында коммуникативтік компоненттің жеткіліксіз дәрежеде ендірілгенін көрсетті. Мәселен, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының оқу жоспарының жалпы білім беретін пәндер циклының міндетті компонентіне: Қазақстан тарихы, философия, орыс және қазақ тілдері, шетел тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, құқық негіздері, экономикалық теория негіздері секілді пәндер енгізілген, ал мәдениет, тіл, коммуникация, құзыреттілік мәселелеріне қатысты тақырыптарды қамтитын мәдениеттану, тіл біліміне кіріспе, мамандықтың профильді бағытталған курсы, елтану, лингвоелтану, қазіргі заманғы мұғалімнің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру секілді пәндер таңдау компонентіне енгізілгенін атап өту керек [196].

Аталған пәндерге немесе осы секілді пәндер негізінде коммуникация бойынша іргелі білімді қалыптастыратын пәндерге студенттердің таңдауы түсетініне толық сенім жоқ екенін мойындауымыз қажет, себебі әрбір жоғары оқу орны таңдау пәнінің тізімі мен негізгі тақырыптарын өздері айқындайды. Осы ретте, жоғары оқу орындары мамандық ерекшелігіне, жоғарғы курстардағы олардың мәні мен болашақ кәсіби іс-әрекетінде бүгінгі таңдағы оның өзектілігін ескере отырып, таңдау пәндеріне іріктеуді объективті түрде жеткіліксіз жүргізетінін атап өту қажет. Тәжірибе көрсеткендей – студенттердің оқыту бағдарламалары шеңберінде академиялық ұтқырлық бойынша білім алулары тілдік дайындыққа өзгеше қарау керек екенін талап етіп отыр. Тілдік даярлау және қайта даярлау бағдарламалары оқытушы мен студенттен біркелкі мониторинг пен жүйелі жұмысты талап етеді.

Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың нақты жағдайын оқып тану мақсатында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы үшін дайындалған білім беру мазмұнына (типтік оқу жоспары, оқу бағдарламалары, оқулықтар) талдау жасадық [197].

Мамандықтың типтік оқу жоспарына сәйкес, жалпы білім беру пәндерінің (28 кредит) міндетті компонентіне 21 кредит: «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінен 3 кредит, «Философия» пәніне 3 кредит, «Қазақ (орыс) тілі» пәніне 6 кредит, «Шетел тілі (А1, А2 деңгейлері)» пәніне 6 кредит, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)» пәніне 3 кредит; таңдау компонентіне 7 кредит бөлінген.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында БП (базалық пәндер) циклында типтік оқу жоспарына сәйкес жалпы міндетті базалық пәндер 69 кредит деңгейінде оқытылады. (Оның 22 кредиті міндетті, 47 кредиті таңдау пәндері). Кәсіптендіру пәндеріне 32 кредит бөлінген. Оның 5 кредиті міндетті, 27 кредиті таңдау пәндеріне берілген.

Міндетті базалық пәндерден «Педагогика» пәніне 3 кредит, «Психология және адам дамуы» пәніне 2 кредит, «Базалық шетел тілі (А1 деңгейі)» пәніне 2 кредит, «Мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі базалық шетел тілі» пәніне 2 кредит, «Шетел тілі (екінші) В2 деңгейі» пәнінен 4 кредит, «Шеттілдік білім берудің әдістемесі» пәніне 3 кредит, «Кәсіби қазақ (орыс) тілі» пәніне 3 кредит, «Арнайы кәсіби шетел тілі» пәніне 3 кредит, ал кәсіптендіру пәндерінің (КП) таңдау компонентіндегі пәндерге 27 кредит бөлінген. Педагогикалық пәндерді оқытуда студенттер біртұтас педагогикалық процесс, педагогикалық процестің ерекшеліктері, құрылымы, оқу - тәрбие процесінің өзіндік ерекшеліктері, педагогикалық процестің заңдылықтары ойластырды.

Студенттер теориялық тұрғыдан алған білімдерін I - II - III - IV курстарда 20 кредиттік «Оқу», «Өндірістік (педагогикалық)», «Диплом алды практика» атты іс-тәжірибе барысында сынап көреді.

Дерлік барлық базалық пәндердің педагогты кәсіби жағынан қалыптастыру мүмкіндігі бар екендігі баршамызға мәлім. Бірақ, біз тікелей зерттеу мәселесінің мазмұнын ашатын пәндер ретінде «Педагогика», «Психология және адам дамуы», «Мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі базалық шетел тілі», «Шеттілдік білім берудің әдістемесі», «Кәсіби қазақ (орыс) тілі», «Кәсіби бағытталған шетел тілі», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)» пәндерінің мазмұнына талдау жасадық. Педагогикалық пәндерді оқытуда студенттер біртұтас педагогикалық үрдіс, педагогикалық үрдістің ерекшеліктері, құрылымы, оқу - тәрбие процесінің өзіндік ерекшеліктері, педагогикалық процестің заңдылықтары, педагогикалық процестегі оқытушылар мен студенттердің қарым-қатынастарының мазмұны, педагогикалық әдеп, т.б білім, іскерліктерді меңгереді. Педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытылатын педагогикалық циклдағы пәндердің студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тәжірибесінің мүмкіндіктерін пәндердің мазмұнын талдауын төмендегі 6 кесте мазмұнында көрсеттік [198].

Кесте 6 -Педагогикалық пәндер мазмұнындағы тақырыптардың болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тәжірибесі мен мүмкіндігі

Пән атауы	Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігі бар тақырыптар	Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны
1	2	3
Педагогика	Педагогика адамды тәрбиелеу туралы ғылым	Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда студент тұлғасындамыту

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
	Отбасылық тәрбие негіздері	Отбасында толеранттылыққа тәрбиелеу жолдары. Білімнің сәйкестігі. Мәдениетаралық толеранттылық
Психология және адам дамуы	Адамды психологиялық жағынан талдау	Адамды психологиялық жағынан тану: таным, еңбек және қарым қатынас субъектісі
Мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі базалық шетел тілі	Табиғат және адам	Мәдениетаралық диалог контекстінде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру. «Қоршаған ортаны қорғау бойынша шетелдік тәжірибеден нені үйренуге болады?», «Егер мен... болсам» рөлдік ойыны формасында талқылау.
	Денсаулық және салауатты өмір салты	Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру: «Қазақстандағы және тілін оқып жатқан елдегі медициналық қызмет көрсетудің және әлеуметтік қорғаудың түрлері», тақырыпшалар бойынша ақпараттық коммуникациялық технологиялар көмегімен жоба әдісі, т.с.с тақырып төңірегінде дөңгелек үстел отырысы
	Адам өміріндегі мәдениет және өнер	Мәдениетаралық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көру мүмкіндігі: «Әлемдік мәдениетпен танысу бізге өз мәдениетіміздің құндылықтарын тереңірек білуге көмектесе ме?», «Әлемдік мәдениет жүйесіндегі ұлттық мәдениеттің орны мен рөлі» секілді тақырып бойынша пікірталас, дөңгелек үстел ұйымдастыру

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
	Бұқаралық ақпарат пен байланыс құралдары	Студенттердің коммуникативтік қабілеттерін дамыта отырып, әлемдік бейнені тереңірек тануға мүмкіншілік жасау: тілін оқып жатқан елдегі және Қазақстандағы ең танымал басылымдар», «Ақпараттық қарым қатынастың заманауи құралдары: артықшылықтары мен зияндары» презентация, пікір талас
	Заң. Адам құқығы және оны қорғау	Студенттердің сөйлеу машықтарын дамыта отырып, мәдениетаралық қарым-қатынасқа еркін түсе білетін тұлғаны қалыптастыру. Дөңгелек үстел басындағы әңгіме: Шетелде болғанда ұялы телефон сатып алып, оның бірнеше функциялары нұсқаулықта жұмыс істемейтіндігі анықталады. Кепілдік қызмет көрсету басшылығына және өндірушіге хабарласу, шағым жасау, хат жазу
Шеттілдік білім берудің әдістемесі	Мәдениетаралық қатысымдық шеттілдік білім беру жүйесінің құзырлылық әдіснамалық заманауи шеттілдік білім парадигмасының мәні	Шеттілдік білім берудің жаңа тұжырымдамасына негізделе отырып, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің қазіргі кезеңдегі маманға қойылатын әлеуметтік педагогикалық талапқа сәйкес кәсіптік пәндік дайындығы
	Мәдениетаралық қатысыммен байланысты қатынасты үлгілеу	Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікке жетуге бағытталған мәдениетаралық қатысым субъектісі, адекватты мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Қазақстанда және шетелде жоғары білім беру жүйесі. Қазақстанда шетел тілі мұғалімін даярлау: қиындығы мен жетістігі	Кәсіби бағыттағы қазақ тілін оқыту барысында студенттерге тілді кәсіби қызметте пайдалануы үшін амал тәсілдерді меңгерту
	Лингводидактикадағы мәдениетаралық қатысым және лингвомәдениеттану	Кәсіби қазақ тілі курсы кәсіби тілдік коммуникациялық бағытқа және әр түрлі кәсіби саладағы сұхбаттасулар мен әртүрлі мазмұндағы коммуникациялық жағдаяттарда ең нәтижелі жолдарды тандай білу үшін қажетті құзыреттілік түрлерін игерту
Кәсіби бағытталған шетел тілі	Мәдениетаралық қарым-қатынастың қоғамдық саяси аясы	Кәсіби бағдарланған шетел тілі“ курсы МКҚ ны қалыптастыру қарым қатынас дағдыларын одан әрі дамытумен, басқа әлеуметтік мәдениеттің әлемдік бейнесін терең ұғынумен сипатталады
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	Бағдарламалық қамсыздану. Қолданбалы бағдарламалар	Ехе - e-learning бағдарламасы. Lotus Learning Space бағдарламасы. I-Pad бағдарламасы.
	Білім беру саласында ақпараттандырудың түрлі аспектілерін қарастырған ғалымдардың еңбектері	Wiki бағдарламасы. Podcast бағдарламасы. Case Study, Framing технологиялары. Білім беру саласында ақпараттандырудың түрлі аспектілерін қарастырған ғалымдардың еңбектері

Жоғарыда келтірілген талдау нәтижелері бойынша пәндердің ішінен кәсіби білімдер мен тұлғалық сапаларды қалыптастыруда «Педагогика», «Психология және адам дамуы», «Мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі базалық шетел тілі» және «Шеттілдік білім берудің әдістемесі» пәндері жетекші орынға ие екендігі көрінді.



Бұл пәндердің мазмұны тарихи – педагогикалық, әлеуметтік педагогикалық тұрғыдағы мәліметтерді бере отырып, болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру сапаларын сипаттайды. Әйтсе де, педагогтар көзқарастарына талдау олардың бүгінгі заман талап етіп отырған мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру тұрғысында жеткілікті дәрежеде баяндалмайтындығы айқындалды. Оның үстіне университет бекіткен және оқу-әдістемелік жұмыстарда қолданыс тапқан «Педагогикалық стратегия» мақсатына сәйкес мамандар даярлаудың соңғы нәтижесіне байланысты құзыреттіліктер мен сәйкес келе бермейтіндігіне көзіміз жетті.

Қоғамның бүгінгі маман даярлау жүйесінің алдына қойып отырған бәсекелестіктің бір көрсеткіші ретіндегі мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін оқу бағдарламасындағы білімдерді толықтыра түсу, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тұрғысында жетілдіре түсу үшін элективті курс бағдарламасын енгізу қажет деп білдік. Ұсынылатын элективті курс бағдарламасы мен оның мазмұны алдыңғы тармақшада қарастыратын болатынбыз.

Жоғарыда көрсетілген деңгейлерге сәйкес болашақ маманның қызметтік қарым-қатынасы мен іс-әрекетінде олардың тұлғалық қасиеттерін мәдени тұрғыда жетілдіру үшін студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды тиімді деп таптық.

Аталған мәселенің оңды шешімі біздің ойымызша төмендегідей жолдар арқылы жүзеге асырылады:

1. Педагогикалық жоғары оқу орындарының кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттеріне студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды ашуды мақсат ететін элективті курс енгізу.

2. Базалық немесе кәсіптендіру пәндері бойынша жасалатын нормативтік құжаттар мазмұнына (оқу бағдарламалары, оқу құралдары, оқулықтар т.б) жоғары оқу орындарында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізетін материалдарды енгізу.

3. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру жөніндегі педагогикалық идеялар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттайтын идеяларды баспасөз ақпарат құралдары арқылы жариялау.

Педагогикалық пәндерді оқыту барысында талдау бұл пәндердің студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру идеяларын толық ашпайтындығын, бұл үшін элективті курс жасау қажет екендігін көрсетеді.

Білім мазмұнының мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға қаншалықты ықпал ететіндігін байқау мақсатында оқу бағдарламаларымен кешендеріне талдау жасадық.

Тәжірибелік жұмыс студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жұмысының қай дәрежеде жүзеге асырылып жатқандығын, жалпы педагогикалық пәндерді оқыту барысында

мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру идеяларының каншалықты дәрежеде пайдаланылатындығын айқындауға бағытталды.

Сонымен қатар, зерттеу мәселесі жоғары білім беру жүйесін қарастыру барысында «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының студенттеріне тілдік пәндер көптеп оқытылатындықтан олардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда көптеген артықшылықтары бар екендігін көрсетті. Ал жаратылыстану пәндерін, атап айтқанда, болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне жаратылыстану, техникалық пәндер де оқытылатындықтан олардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда қиындықтар кездесетіндігі айқындалды[196]. Демек, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру өз кезегінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне білім беру үдерісін пәнаралық байланыс негізінде тілдік қарым-қатынас мәдениетін, мәдениетаралық коммуникацияны дамытуға, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған пәндермен толықтыруды қажет етеді.

Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктерінің қалыптастыру мақсатында біз Қожа Ахмет Ясауи университетінде «Филология» факультетіне қарасты «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының оқу жоспарына «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курс бағдарламасын кәсіптендіру пәндерінің таңдау компонентіне енгізуді жөн көрдік. Ол екі кредиттен тұратын мазмұнды (15 сағат дәріс, 15 сағат практикалық сабақ, 30 сағат студенттің оқытушының басшылығымен орындайтын өздік жұмысы (СОӨЖ), 30 сағат студенттің өздік жұмысы (СӨЖ) қамтыды. Аталған пән 3 курс студенттеріне оқылды.

Курсты жүргізу барысында студенттерге «Мәдениетаралық коммуникация бойынша тапсырмалар жинағы» атты және «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы Podcast, Wiki, Blog, Case Study, Framing технологиялары» атты оқу-әдістемелік құралдармен жұмыс жүргізілді. Кейбір тапсырмалар студенттерге СОӨЖ, СӨЖ түрінде өткізу де тапсырылып отырды.

«Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың оқу бағдарламасы төмендегі мазмұнда жасалды:

**Пәннің қысқаша сипаттамасы:** "Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері" атты курс 5B011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының студенттері, яғни болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін кәсіби дайындау жүйесінде маңызды орын алады.

Пән 3 курстың 5 семестрінде оқытылады, қорытынды бақылау түрі – жазбаша емтихан. Пәннің мазмұны «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы жөніндегі жаңа көзқарастарды терең оқыту мен мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы заманауи технологиялардың рөлін, оларды пайдалану ерекшеліктерін қарастырады.

Аталған пән болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық қарым-қатынас жасауда олардың мәдениетаралық білім мен біліктілігін, мәдениетаралық коммуникативтік құзыретті маман болып дамуы мен қалыптасуын көздейді. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік мәселелерімен айналысатын ғалымдардың көзқарастарынын зерттейді. Қазіргі кезде біздің Елбасы, Президентіміз Н.Ә.Назарбаев шет мемлекеттермен араласуда жастардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыретті тұлға болып қалыптасуын, көпмәдениетті мемлекет болуымыздың жан-жақты зерттеуіне үлкен мән берді.

**Пәннің мақсаты:** студенттерде жаңа әлемде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік бойынша отандық және шетелдік тәжірибелерді зерделеу мен жинақтау негізінде мемлекеттік білім берудің маңызды бағыты ретінде көп мәдениетті білім беру турасында тұтас ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыру; студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

**Пәннің міндеттері:**

- студенттерге «мәдениет», «мәдениетаралық қарым-қатынас», «құзыреттілік», «мәдениетаралық құзыреттілік», «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымдары жайлы түсінік беру;
- бүгінгі таңдағы Қазақстандағы және шетелдегі мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың жаңаша тенденцияларын талдау;
- студенттерге Podcast, Case Study, Framing ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы түсінік беру, қолдану жолдарын көрсету;
- өзге тілді қоғамның құнды бағдарлары мен басқа тілді мәдениеттің ерекшелігіне төзімді қатынаста болуға баулу

**Пререквизиттер:** Жалпы педагогика, Жалпы психология, Елтану, Лингвоелтану, Ақпараттық коммуникациялық технологиялар, Мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі базалық шетел тілі

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

**1-модуль. «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты курсына кіріспе**

**Тақырып 1.** «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты курсының мақсаты мен міндеттері

«Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты курсының пәні. Курстың мақсаты мен міндеттері, мазмұны.

**Тақырып 2.** Мәдениет туралы ұғымның пайда болуы және оның даму тенденциялары.

«Мәдениет» сөзінің түп төркіні. «Мәдениет» сөзінің шығу тарихы. Мәдениет туралы ұғымның пайда болуы және оның даму тенденциялары.

Қоғам мәдениетін зерттеумен айналысатын пәндердің мәдениетке берген анықтамалары. Мәдениет туралы ұғымның пайда болуы және оның даму тенденциялары. Шетел, Ресей және қазақстандық педагог ғалымдардың «мәдениет» ұғымына берген анықтамалары

### **Тақырып 3.** Тіл, мәдениет және қарым-қатынас

Тіл мен мәдениеттің арасындағы қарым-қатынас. Тіл, мәдениет және қарым-қатынас арасындағы өзара байланыс

**Тақырып 4.** «Қарым-қатынас», «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымдарының пайда болуы

«Қарым-қатынас», «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымдарына түсінік. Педагогика, психология ғылымдарында қарым-қатынасқа байланысты зерделенген іргелі ғылыми жұмыстар.

### **Тақырып 5.** Тілдің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлі

Тілдің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлі. Тілдегі сөздер мен сөйлемдердің құрылуы. Сөз және оның мағынасы. Тілдегі өзгерістер. Реалиялар. Диалект сөздер. Сөздердің диалектикалық ерекшеліктері.

## **2-модуль. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ұғымының ғылыми негіздері**

**Тақырып 6.** Қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес құралдары

Қарым-қатынастың формалары туралы түсінік. Қарым-қатынастың вербальды формасы. Қарым-қатынастың вербальды емес формасы. Қарым-қатынастағы қимыл қозғалыс, ым-ишара, бет әлпетіндегі өзгерістер, дене қимылдары, дауыс тембрі мен дикция, сөйлесушілердің арасындағы ара қашықтық, көзбен байланыс жасау. Мәдениетаралық қарым-қатынаста ым-ишара, дене қимылдары мен дауыс тембрінің алатын орны.

### **Тақырып 7.** Мәдени нормалар мен мәдени құндылықтар.

Мәдени нормалардың мәні және мәдени қарым-қатынастағы олардың орны. Мәдени құндылықтардың мәні және олардың мәдени қарым-қатынастағы алатын орны.

### **Тақырып 8.** «Құзыреттілік» ұғымының пайда болуы, шығу тарихы

Құзыреттілік ұғымының даму тенденциясы. Құзыреттілік ұғымын зерттеген шетел, Ресей және Отандық ғалымдар. (Д.Хаймс, Н.Хомский, М.Байрам, Т.Г.Грушевицкая) Құзыреттілік ұғымына ғалымдардың берген анықтамалары

**Тақырып 9.** «Мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымы, пайда болуы, даму тенденциялары

Мәдениетаралық құзыреттілік ұғымының даму тенденциясы. Мәдениетаралық құзыреттілік ұғымын зерттеген шетел, Ресей және Отандық ғалымдар. (А. Томас, А.Шмидт, Д. Деардорф, С.Г. Тер-Минасова, Н.М. Громова, Н.Д. Гальскова, А.П. Садохин) Мәдениетаралық құзыреттілік ұғымына ғалымдардың берген анықтамалары. Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың кезеңдері

**Тақырып 10.** «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымының шығу тарихы, анықтамасы

Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ұғымының даму генезисі. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ұғымын зерттеген шетел, Ресей және Отандық ғалымдар. (Д.Б. Гудков, Ю. Рот, Г. Коптельцева, В.П. Фурманова, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя, С.С. Құнанбаева, К.Құдайбергенова, Г.М.Касымова) Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ұғымына ғалымдардың берген анықтамалары

**3 модуль. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы заманауи технологиялардың рөлі**

**Тақырып 11.** Халықтар және олардың тілі мен мәдениеті, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары

Басқа елдер мен халықтардың тілі мен мәдениеті арасындағы айырмашылықтар. Басқа елдер мен халықтардың өкілдерімен қарым-қатынас жасау кезінде қарым-қатынастың вербальды емес формаларын қолдану арасындағы айырмашылықтар. Басқа елдер мен халықтардың салт дәстүрлері мен әдет ғұрыптары, өмір сүру салттары арасындағы айырмашылықтар. Басқа елдер мен халықтардың ұлттық құндылықтарының арасындағы айырмашылықтар. Халықтардың ұлттық психологиясы туралы жалпы мағлұмат

**Тақырып 12.** Мәдениетаралық диалог контекстіндегі мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік

Мәдениетаралық диалог контекстінде коммуникативтік дағдыларды, қабілеттерді қалыптастыру, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру. Әр түрлі мәдениеттердегі мәдениетаралық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көру мүмкіндігі. Студенттердің коммуникативтік қабілеттерін дамыта отырып, әлемдік бейнені тереңірек тану. Студенттердің сөйлеу машықтарын дамыта отырып, мәдениетаралық қарым-қатынасқа еркін түсе білетін тұлғаны қалыптастыру.

**Тақырып 13.** Әр түрлі елдер мәдениетіндегі қимыл, ым-ишара қарым-қатынасы жөнінде түсінік

Вербальды емес қарым-қатынас - «дене тілі», «ым-ишара тілі», «поза тілі», «мимика тілі», «визуалды қатынас тілі», «тұлға аралық дистанция тілі».

Вербальды емес қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді зерттеген шетелдік ғалымдар (Пол Экман, Аллан Пиз, Барбара Пиз, Роджер

Акстел, Альбер Мерабян, Альберт Шефлен, В.Б. Шапарь, Э. Холл, Д. Ньюренберг, Г. Калеро, С. Данкелл, А. Штангль, Карстен Нимиц, А.Л. Ярбус, т.б.).

**Тақырып 14.** Білім беруді ақпараттандыру. Білім берудегі заманауи технологиялар

Бағдарламалық қамсыздану. Қолданбалы бағдарламалар. Білім беру саласында ақпараттандырудың түрлі аспектілерін қарастырған ғалымдардың еңбектері (В. П. Беспалько, В. С. Гершунский, И. В. Роберт, В. В. Гриншкун, С. Г. Григорьев, В. С. Корнилов, Е.Ы.Бидайбеков, К.М.Беркимбаев, Д.М. Джусубалиева)

**Тақырып 15.** Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы заманауи технологиялар

Ехе - e-learning бағдарламасы. Lotus Learning Space бағдарламасы. I-Pad бағдарламасы. Wiki бағдарламасы. Podcast бағдарламасы. Case Study, Framing технологиялары.

Элективті курстың оқу бағдарламасының толық нұсқасы Косымша Б-де берілген. «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың мазмұны мынадай тақырыптарды қамтыды:

Кесте 7 - «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсының тақырыптық жоспары

Тақырыптар, дәріс аттары	Дәріс	Прак	СОӨЖ	СӨЖ
1	2	3	4	5
<b>1-модуль. «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты курсына кіріспе</b>				
«Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты курсының мақсаты мен міндеттері	1	1	2	2
Мәдениет туралы ұғымның пайда болуы және оның даму тенденциялары	1	1	2	2
Тіл, мәдениет және қарым-қатынас	1	1	2	2
«Қарым-қатынас», «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымдарының пайда болуы	1	1	2	2
Тілдің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлі	1	1	2	2

## 7 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2 модуль. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ұғымының ғылыми негіздері				
Қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес құралдары	1	1	2	2
Мәдени нормалар мен мәдениқұндылықтар	1	1	2	2
«Құзыреттілік» ұғымының пайда болуы, шығу тарихы	1	1	2	2
«Мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымы, пайда болуы, даму тенденциялары	1	1	2	2
«Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік» ұғымының шығу тарихы, анықтамасы	1	1	2	2
3 модуль. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы заманауи технологиялардың рөлі				
Халықтар және олардың тілі мен мәдениеті	1	1	2	2
Халықтар, олардың салт дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. Ұлттық құндылықтар мен ұлттық психология	1	1	2	2
Әр түрлі елдер мәдениетіндегі қимыл, ым-ишара қарым-қатынасы	1	1	2	2
Білім беруді ақпараттандыру. Білім берудегі заманауи технологиялар	1	1	2	2
Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы заманауи технологиялар	1	1	2	2
Барлығы	15	15	30	30

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген тақырыптарды оқытуда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім жүйесі негізге алынатын педагогикалық стратегия мазмұнында әрбір пәнді меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар бойынша біз білімдік жалпы мәдени құзыреттерін, ойлау мәдениеті қалыптасқан, ақпаратты қабылдап сараптай білуге, мақсат қойып және оған қол жеткізудің жолын таңдай білуге қабілетті, тілдер бойынша ауызша – жазбаша қарым-қатынас жасай алу қабілеттілігін, педагогикалық үдеріске қатысушылармен гуманистік қарым-қатынас орната алу қабілетін, өзіндік білім алу және өзбетінше жұмыс істеу қабілетін маманның басты сапалары деп білдік.

Элективті курс силлабусының толық нұсқасы Қосымша В-де берілген. Дәріс тақырыптары мен дәріс мазмұны толығымен Қосымша Г-де берілген. Бұл элективті курс мазмұнынан тыс біз тәрбие саласында да студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әр-түрлі іс-шараларын қарастырдық. Атап айтқанда, біздің зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінде біз «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 2-3 курс студенттерімен бірлесе, ұжым болып «Communicationclub» үйірме жұмысын жүргіздік. Үйірменің мақсаты арнайы жинақталған психологиялық тренингтер мен семинар сабақтардың негізінде жастардың бойында өзгелермен үйлесімді өмір сүруге бағыттау және үйлесімді қарым-қатынасқа үйрету болды. Ал үйірменің міндеттеріне тоқталатын болсақ студенттерді жалған қорытындылар мен тұжырымдардан бойын аулақ салып, кез-келген ақпаратты сыни талдау дағдысымен қаруландырып, көпмәдениетті әлемде өмір сүруі үшін ең қажетті деген мәдени ерекшеліктер мен қасиеттерге төзімді, үйлесімді, мейірімді қарым-қатынасын қалыптастыру болды. Осы үйірменің жоспарын төмендегі 8 кестеде ұсынамыз.

Кесте 8 - «Communicationclub» үйірмесінің тақырыптық жоспары

Тақырыбы	Өткізілу түрі
Me and others Мен және басқалар	тренинг
My house and my world Менің үйім, менің әлемім	Суреттер, генеологиялық ағаш
My surroundings Қоршаған ортам	Саяси, әлеуметтік, адамгершілік мәдениетаралық жағдаяттардың талдауы
Tolerance is the key to national unity Толеранттылық ұлттық бірліктің кілті	Қарым-қатынас тренингі
Cultures are different, cultures are equal Мәдениеттердің барлығы әр түрлі, мәдениеттердің барлығы тең	Мәдениетаралық тренингтер
Sammit Саммит	Топаралық диалог, диспут
Culture shock Мәдени шок	Мәдениетаралық рөлдік ойындар
Culture circle Мәдениет шеңбері	Мәдениетаралық тренингтер
Ым-ишара қарым-қатынасына байланысты видеофильмдерді көру	Қорытынды семинар, дебат



Сонымен, жоғары оқу орнында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары екі бағытта іске асырылды. Олар оқыту үрдісі мазмұны арқылы және тәрбие үрдісі барысында жүзеге асты.

Оқыту үрдісінде біз студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда жарық көрген нормативтік құжаттарды жұмыстың негізіне тірек еттік. Олар ҚР «Білім туралы заңы», ҚРда білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Үш тілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы, ҚР жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Осыған байланысты элективті курс пен үйірме жұмысының мазмұны осы бағыттағы ақпаратты қамтыды.

Әрине, мұндай мазмұндағы ақпараттар дәріс, семинар – практикалық сабақтар барысында деректермен қамтамасыз етіліп, СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын орындау барысында толықтырылып, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға қызмет етті. Элективті курс бағдарламасындағы мәліметтер мен әдіс – тәсілдерді қамти отырып, құрастырылды.

Тәрбие үрдісінде ұйымдастырылған «Communication club» үйірме жұмысының аясында әртүрлі тәрбие формалары студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталды. Онда студенттердің мінез-құлық, коммуникативтік қабілеттілік, қарым-қатынас мәдениетін, толеранттылығын қалыптастыру міндеттері сатылы іске асырылды.

Жоғарыдағы ойлардың барлығын қорыта келе біз жоғары оқу орнында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың екі жолын ұсынамыз, яғни біріншісі, оқу үрдісіндегі жұмыстар болса, екіншісі тәрбие үрдісіндегі жұмыстар.

Бұл элективті курс бағдарламасының мазмұны мен үйірменің жұмысының мазмұны жоғары оқу орнында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың қос қанаты іспетті. Бірі білім, екіншісі тәрбиені қамтыды. Сондықтан, біз эксперимент барысында тәрбие мен білімді алма кезек сабақтастықта қолдана отырып, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды көздейміз. Оның мазмұны бойынша жүргізілетін тәжірибелік жұмыстардың әдіс-тәсілдер мен формалары қатысты мәселелер келесі тармақшада қарастырылады.

Талдау нәтижелеріне жасаған тұжырымдарымызды қорытындылай келе, болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі - күрделі әрі өзекті мәселе болып табылатынын айта кетуіміз қажет және біз ұсынған «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курсымыз, студенттердің педагогикалық практикасын өткізу мен студенттерге арналған «Communication club» үйірме жұмысы студенттермен түпкілікті жұмыс жүргізуді көздейді.

## **2.2 Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін заманауи технологиялар негізінде қалыптастырудың әдіс-тәсілдері мен формалары**

Болашақ ағылшын тілі мұғалімі білім берудің белгіленген стандартына сәйкес нормативтік құжаттарды, білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын, пән бойынша әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтарды зерделеп, студентге жеке тұлға ретінде қарап, олардың шетел тілі пәніне деген қызығушылығын оятып, ізденіс барысында педагогикалық үдеріске қатысушылармен қарым-қатынас құруға жұмыстарын жасауға, жананы үйренуге бағдарлайды. Әрі қазіргі кезде орта мектепте ағылшын тілі пәнін жаңаша оқыту талаптары қойылып отырғандықтан болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік мәдениетаралық коммуникацияны оқытуда қалыптастыруға жіті мән берілуде.

Ағымдық жағдайда болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетте жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен озық оқыту нәтижелеріне қол жеткізетіндей маман даярлап шығару көзделуде. Аталған жағдай білім беру бағдарламаларымен тікелей байланысты.

Білім беру бағдарламасы - мамандыққа сәйкес мамандар дайындығының кәсіптік деңгейін арттыруға бағытталған және түлектердің дайындық нәтижелерін, оқу жоспарларын, курстардың жұмыс (оқу) бағдарламаларын, пәндерді, оқу моделдерін және басқа да материалдарды, сонымен қатар, тәжірибелік бағдарламалар, күнтізбелік оқу кестесін және тиісті білім беру технологияларының жүзеге асуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдарға қойылатын талаптарды қоса қамтиды».

Білім беру бағдарламаларын іске асыруда құжаттар мен оқу-әдістемелік материалдар жиынтығын қосатын мамандық (МОӘК) пен пәндердің (ПОӘК) оқу-әдістемелік кешені жасалады. Білім беру бағдарламалары мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің негізінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған стандартқа сәйкес мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің нысанын, құрылымын және әзірлеу тәртібін білім беру ұйымы өзі анықтайды.

Зерттеу тақырыбына байланысты болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру әдістемесі: жобалаудан және оны іске асырудан құралады.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік мәдениетаралық коммуникацияны оқытуда қалыптастыру әдістемесін жобалау жоғарыда айтып өткендей білім беру бағдарламаларын әзірлеумен байланысты.

Педагогикалық жүйенің барлық элементтері зерттеп отырған құраушыны қалыптастыру жүзеге асырғанда ғана, олар болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ретінде қалыптасады. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік құраушылары аргумент сапасында, ал педагогикалық жүйе қызмет көрсетуші ролінде болады.

*1. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік қалыптастырудағы мәдениетаралық қарым-қатынасты оқыту бағдарламаларындағы логикалық құрылымы.*

Оқытуды іске асыруға арналған білім беру бағдарламалары көптеген маңызды ақпараттарды (Еуропалық біліктілік шеңберіне, Ұлттық біліктілік шеңберіне, маманның лауазымдық қызметіне қойылатын талаптар, профессиограмма, жұмыс берушілердің талап тілектеріне) ескеру негізінде жүйеленіп, қорытындыланады. Атап айтқанда, сыртқы, ішкі нормативті құжаттар болуы мүмкін. Бұлар арқылы мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік құраушыларын анықтауда оларды жалпылау мен жинақтауға қол жеткізуге болады.

Құзыреттілік бойынша жиынтық жасау арқылы қалыптастырылатын кәсіби сапалар зерттеу бағыты бойынша таңдап алынады, талданады, құжатталады, материалдар жинақталып, теориялық және практикалық маңыздылығы анықталады. Біздің жағдайымызда мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің үш құраушысы анықталған, олар: ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауға, түсінуге мотивация, қарым-қатынасқа қабілеттілік және коммуникативтік іскерліктер мен дағдылар.

МОӘК мен ПОӘК білім беру бағдарламаларының мазмұнын құрайды. Аталған құжаттардың мазмұнында қалыптастырылатын құзыреттіліктер және оларды сипаттайтын оқыту нәтижелері анықталады. Одан кейін негізгі, басты деп танылатын білімдер, іскерліктер мен құндылық қатынас құраушылары бөлініп алынып, осының негізінде әртүрлі логикалық құрылым нұсқалары жобаланады.

*2. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда пәнаралық байланыс орнату.*

Ағылшын тіліндегі пәндерді болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсы оқытуда кәсіби терминология, мамандық ерекшелігіне байланысты кәсіби қызмет барысында кездесуі мүмкін жағдайлардың модельдену кеңінен қолданыс табады.

*3. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағдарланған элективті курс енгізу.*

Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген теориялық талдау бөлімінде анықталған болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік мәдениетаралық қарым-қатынаста, оның құраушыларын қазіргі таңдағы 5B011100 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламалары, оқыту мазмұны толық қамтымайтындығы анықталды. Сондықтан, зерттеп отырған құзыреттілік құраушыларын оқыту мазмұнына енгізу мақсатында «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері»

элективті курсын ұсындық. Элективті курс мазмұны жұмысымыздың 2.1-тармақшасында келтірілген.

Элективтік курс мазмұнындағы әрбір модульдегі лекция және практикалық сабақтарды оқытудың формалары мен әдістері немесе оқытушы мен студенттің оқыту/оқу үдерісіндегі әрекеттері анықталуы немесе жобалануы тиіс. Әрі бұл, бізден мәдениетаралық қарым-қатынасты оқыту құрылымын анықтау мен оқыту формаларын жіктеуді талап етеді.

*4. Мәдениетаралық қарым-қатынаспен байланысты пәндерді оқыту құрылымын және оқыту формаларын анықтау.*

Үш тілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасында «Жоғары білім берудің оқу бағдарламаларына оқытудың барлық кезеңдерінде ағылшын тілін оқыту курсы жүргізу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» қажет екендігі көзделген [199].

Оқыту құрылымы мен оқыту формалары білім беру үдерісін бірізді тұрғызуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда оқытуда мақсатқа сәйкес нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беріледі.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік құраушыларының қалыптасуына қол жеткізу үшін сәйкес оқыту технологиялары, оқытушының оқыту үдерісіндегі әрекеті, студенттің әрекеті, бақылау формалары мен меңгеру нәтижелері жүзеге асырылатын болады.

Біздің зерттеу жұмысымызда болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсы оқытуда қалыптастыру әдістемесі болғандықтан, келесі кезекте оқыту нәтижелеріне жету үшін оқыту әдістемесі қарастырылады.

*5. Анықталған құзыреттілік құраушыларын қалыптастыру нәтижесі тұрғысынан оқыту әдістемесін жүзеге асыру.*

Педагогиканың негізгі мақсаты - оқыту үдерісінің құрылымдық элементтерін жинақтау, өзара байланыстыру олардың диалектикалық біркелкілігін қамтамасыз ету. Әдістемеді көбінесе: «қалай оқыту керек?», оқытудың қандай құралдары арқылы оқыту мазмұны студенттердің білімі мен іскерлігіне айналады деген сұрақтар басым болады.

Қалыптастыру экспериментінде басты назар «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективтік курсы оқытуда коммуникативтік тәсілді қолдануға баса назар аударылды. Осы кезеңге тән міндеттердің шешімі іздестірілді: болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникацияда меңгерген білімдерін толықтырып жетілдіру, кәсіби қызметінде ағылшын тілін пайдалану іскерлігін жетілдіру, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасуын іске асыру.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің ағылшын тіліндегі пәндерде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік қалыптастыру әдістемесінің маңызды бөлігі анықталған мақсатқа жетудегі іс-әрекеттер жиынын анықтайтын *әдістер жүйесі* болып табылады.

Заманауи әдебиеттерде «әдіс» түсінігінің көптеген анықтамалары берілген. Дегенмен, аталған түсініктің негізгі үш мәнін ерекшелеп көрсетуге болады:

1) жалпы әдіснамалық: әдіс – қоршаған нақтылықты оқып үйрену, таным құралы;

2) жалпы дидактикалық: әдіс – оқыту мазмұнын ықпалды меңгеруге бағытталған оқыту объектісі мен субъектісінің өзара шартталған іс-әрекеттерінің жүйесі;

3) жеке дидактикалық (меншікті әдістемелік): әдіс – оқыту субъектісінің кәсіби іс-әрекеті стратегиясын анықтайтын оқытудағы бағыт.

Біздің диссертациялық зерттеу жұмысымыз үшін педагогикалық үдеріске қатысушы оқытушы мен студенттің өзара бірлескен іс-әрекеттерін сипаттайтын жалпы дидактикалық әдістердің маңыздылығы басым. Сондықтан, жалпы дидактикалық әдістердің жіктемелерін кеңірек қарастырамыз.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынастақалыптастыру мақсатында оқыту әдістерін таңдау оқытудың проблемалылығын, коммуникативтік бағыттылығын, шығармашылық белсенділігі, өз бетінділігіне бағдарланды. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін негізгі оқыту әдістері ретінде *коммуникативтік әдіс, сұхбат, рөлдік ойын, жобалар әдісі, миға шабуыл әдісі* таңдап алынды. Аталған әдістер және оларды ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда пайдалану жолдары оқу үдерісіне ендірілген оқу-әдістемелік құрал, оқу құралында кеңінен баяндалған [200].

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту әдістерінің бірі – *коммуникативтік әдіс*. Коммуникативтік әдіс алдымен қарым-қатынас практикасын дамытуға бағытталған, әрі сөйлеу мен тыңдауға бағдарланған. Аталған әдіс студенттердің тілді әрі мәдениетаралық қарым-қатынасты меңгерудегі қорқыныштарын болдырмауға бағытталған. Ол жаттығуларды орындау барысында ойын жағдайларын, топта немесе жұптық жұмыс жасауды ұйымдастыруға негізделген оқыту әдісі.

Е.И. Пассов [200] коммуникативтік әдістің келесі ұстанымдарын атайды:

- сөйлеу бағыттылығы (қарым-қатынас арқылы сөйлеуге үйрету);
- функциональдылық (меңгеру нысаны сөйлеу құралымен іске асырылатын функциялар болып табылады);
- ситуация (оқу үдерісін рөлдік ұйымдастыру);
- жанашылдық (қарым-қатынас пәнін, талқылау мәселелерін, сөйлесу серіктесін, қарым-қатынас шартын ауыстыру және т.б.);
- қарым-қатынастың тұлғалық бағдарлануы (студенттердің, студенттер топтарының жеке қызығушылықтарын ескеру);
- модельдеу (модель түрінде үйренілетін тіл мемлекетінің мәдениетін, тіл жүйесін ұсыну).

Коммуникативтік-бағдарлы оқытудың негізгі ұстанымдары сөйлеу іс-әрекеті болып табылады. Қарым-қатынасқа қатысушылар ағылшын тілінің

көмегімен бірлескен іс-әрекет негізінде нақты немесе нақтыға жақын модельденген жағдайда нәтижеге қол жеткізуге үйренулері тиіс. Бұл жағдайдағы оқыту әдістемелік техникалар (techniques) мен жаттығулар (exercises) көмегімен тапсырмалар (activities) арқылы іске асырылды.

Сонымен қатар, біз зерттеу жұмысы барысында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынасты оқытуда қалыптастыруға бағытталған педагогикалық, қарым-қатынасқа бағдарланған коммуникативтік тапсырмаларды кеңінен қолдану керек екендігіне көз жеткіздік.

Тапсырма – бұл оқу-танымдық міндеттерді жүзеге асыру формасы, сондай-ақ, ұғымдар жүйесін қалыптастыру кезіндегі оқытушы мен студенттердің іс-әрекетіндегі байланыстырушы буын. Жоғарыда айтып өткендей, сұрақтар мен жаттығулар тапсырмалардың, оның ішінде педагогикалық тапсырманың бір түрі.

Бұл жағдайда қолданылатын тапсырмалар келесі түрлерде болды:

- Communication games (коммуникативтік ойындар);
- communicative stimulations in role-plays and problem-solving (коммуникативтік стимуляциялар);
- socialization (еркін тілдік қарым-қатынас).

Қазіргі кезде коммуникативтік-бағдарланған тапсырмаларды орындаудың үш бөлікті формасы (three-phase frame-work) кеңінен таралуда. Тапсырма практикалық тұрғыда үш кезеңде орындалды:

- pre-activity (дайындық кезеңі);
- while-activity (орындау кезеңі);
- post-activity (нәтижелік кезең).

Зерттеушілердің пікірінше тұлғаның іс-әрекетке еркін әрі белсенді қатысуына оң жағдай тудыру қажет.

Аталған оқыту әдісін қолдану нәтижесінде:

- студенттер тілдік қарым-қатынас үдерісінде өз ойлары мен сезімдерін еркін білдіруге мүмкіндік алды;
- топтық қарым-қатынастың әрбір қатысушысы басқаларының назарында болды;
- тұлғаның өз пікірін білдіруі тілдік білімін демонстрациялауда маңызды болып табылды;
- студенттердің өз бетінділігі мен белсенді позициясын көрсететін талқылаулары назарға алынып, бағаланды;
- студенттер өздерін қателіктері үшін сын есту мен қателесуден, жазалаулардан азат сезінді;
- тілдік материалды пайдалану жеке сөйлеу мүмкіндіктеріне бағынды және т.б.

Бұл жағдайда сөйлеу қателіктері мүмкін ғана емес қалыпты жағдай ретінде қарастырылды. Сөйлеу грамматикасы жазба грамматикасынан айтарлықтай ауытқуларда болуы мүмкін. Сонымен қатар, коммуникативтік-бағдарланған оқыту әдісін пайдалануда студенттердің ақпараттық құзыреттері де маңыздылыққа ие:

- ақпараттық «фреймдер» (frames);
- меңгерілген білімі (schemata);
- әлемнің тілдік бейнесі (language representation of the world) оның шеттілдік формасында;
- фондық білімдер (background knowledge);
- жалпы дүниетаным (general knowledge).

Бұлар студенттерді тілдік қарым-қатынасқа қатыстырудың маңызды шарты болып табылады.

«Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективтік курсы коммуникативтік-бағдарланған оқыту «ақпараттық теңсіздік» (information gap) типіндегі тапсырмаларды пайдалану арқылы да іске асырылды.

«Ақпараттық теңсіздік» типіндегі тапсырмалар дәстүрлі емес формада болды:

- picture gap (студенттердің көпшілігінде бірдей суреттер болуы мүмкін, серіктестің суретін көрмей сұрақтар арқылы (matching tasks) суреттер арасындағы айырмашылықты анықтау тапсырылады);
- ext gap (студенттерде бір студенттегі мәтіннің немесе суреттің аналогы болуы мүмкін, әрі оның кейбір бөліктері кейбір студенттерде болмауы мүмкін, тапсырма бойынша студент ақпараттың кем жерін толықтыруы тиіс - jig-saw reading);
- knowledge gap (бір студентте бар ақпарат екіншісінде болмауы, оны толықтыру қажет complete-the-table tasks);
- belief gap (студенттердің пікірлері әртүрлі, бірақ оларды қорытындылап бірдей ой тұжырымдаулары қажет);
- reasoning gap (студенттерде әртүрлі дәлелдемелер бар оларды бірге жинастырып салыстыру қажет).

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсы оқытуда қалыптастыру мақсатында келесі пайдаланылған *әдіскоммуникативтік жаттығулар немесе сұхбат әдісі болды.*

Сұхбат – коммуникацияның ерекше формасы, әрі ол жалпы ақпараттық, рухани кеңістік құруға мүмкіндік береді де студенттердің тең белсенділігі негізінде жаңа білімдер, өзара қарым-қатынастың пайда болуына әкеледі.

Сұхбат бірқатар шарттардың іске асырылуында ғана табысты болады: студенттердің деңгейіне сай болуы және олардың өз бетінділігі; болашақ ағылшын тілі мұғалімінің қарым-қатынас құру іскерліктерінің дамуы және оны қолдау мүмкіндіктерінің болуы; студенттерде өзара оң көзқарастардың болуы; барлық қатысушылардың тең қатысуы; топта жағымды психологиялық микроклиматтың қалыптасқандығы.

Студенттерге келесі тапсырмалар берілді:

- сұхбатты оқып сұхбатқа қатысушыларды анықтаңыз;
- өз пікірлеріңізбен толықтырыңыз;

- берілген фразаларды пайдаланып мәдениетаралық қарым-қатынасжағдайын құрайтын сұхбат құрастырыңыз;

- берілген жағдайға байланысты әр түрлі мәдениет өкілдерімен сұхбат құрастырыңыз және т.б.

Тілдік қиындықтарды болдырмау мақсатында берілген тақырыптар бойынша лексикалық бірліктер мазмұндалған қосымша мәліметтер ұсынылды. Сұхбат құруға қатысты тапсырмаларды орындау барысында студенттер өздерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырып қана қоймай, пікірлерге, қателерге, серіктес темпіне толеранттылық танытуды үйренді, сондай – ақ, белсенді тыңдау, кішігірім әңгіме айту техникаларын меңгерді.

Осылайша, сұхбат әдісі студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің, лингвокреативтік ойлауының дамуына әсер етті, ой-пікір білдірудің түрлі тәсілдерін іздеу мен қолдануға үйретті, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің толеранттылығының, эмпатиясының деңгейін, мәдениетаралық қарым-қатынасқа даярлығын жоғарылатты [200].

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсына оқытуда қалыптастыруда *жоба әдісі* де пайдаланылды. Білім беру үдерісінде жобаларды пайдалану бойынша ұсынылған түрлі тәсілдерді жалпылау негізінде жобалық оқыту мақсаты көп жағдайда студенттер әр түрлі мәдениеттердегі қимыл, ым-ишара қарым-қатынасына түрлі ақпарат көздерінен алуларына; танымдық және практикалық мәселелерді шешу үшін меңгерілген білімдерді пайдалануды үйренулеріне; түрлі топтарда жұмыс істеу арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруларына; өздерінің зерттеушілік іскерліктерін дамытулары (мәселені айқындай алу іскерлігі, ақпарат жинау, бақылау, тәжірибе жүргізу, талдау, болжау, жалпылау) жағдай жасауды қарастырды.

Жоба әдісі проблемалық, зерттеушілік, нақты практикалық нәтижеге бағытталған шығармашылық іздеу әдістемелерін пайдалануға арналған. Жоба әдісін пайдаланудың негізгі талаптары төмендегідей болды: зерттеушілік жоспарда интеграцияланған білімді, зерттеушілік ізденісті талап етуші маңызды проблеманың, міндеттердің болуы; ұсынылатын нәтижелердің практикалық, теориялық мәнділігі; сабақтағы және сабақтан тыс кездегі студенттердің өз бетінше іс-әрекеттері; жобаның мазмұндық бөлігін құрылымдау; зерттеушілік әдістерді пайдалану; мәселені әрі одан шығатын зерттеу міндеттерін анықтау; оларды шешу болжамдарын тұжырымдау; зерттеу әдістерін талқылау; ақырғы нәтижелерін безендіру; алынған мәліметтерді талдау, қорытындылау; түзетулер жасау, қорытындылар (бірлескен зерттеу әдісі барысында «миға шабуыл», «дөңгелек үстел», шығармашылық есептер, жобаны қорғау). Біз топтық, жұптық және жеке жобалар жүргіздік [174]:

- Зерттеушілік; «Фразеологизмдер этимологиясы», «Стереотиптер», «Вербальды емес коммуникация құралдары» және т.б.

- Шығармашылық жобалар: «Мәдени мозаика», «Білімде шекара жоқ», және т.б.



- Ақпараттық жобалар: «Компьютер әлеміне саяхат», «Интернетте қонақта» және т.б. Жоба әдісі студенттерде мәдениетаралық коммуникацияға және ағылшын тіліне ішкі мотивацияның қалыптасуына ықпал етті.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсы оқытуда қалыптастыруда пайдаланылған келесі әдіс - *рөлдік ойын*. Аталған әдісті ықпалды пайдалану студенттердің коммуникативтік іс- әрекеттерін оңтайлы белсендіруді қамтамасыз етеді, олардың тұтқиылдан сөйлеу, жауап беруге даярлықтарын жоғарылатады. Студенттердің өз бетінділігін, тілдік шығармашылығының еркіндігі мен оқытудың нәтижелілігіне жеке жауапкершіліктің болуын қамсыздандырды. Күнделікті жағдайлар шарттарын имитациялық модельдеу формасындағы рөлдік ойын студенттердің тілдік білімдерін кеңейтіп, дамытты. Рөлдік ойындарды пайдалану студенттердің уақыт пен мақсатқа бағытталған іс – әрекет белсенділігіне негіз болды.

Ол студенттердің оқу материалы мен шығармашылық жұмысында, жеке сөйлеу мінез-құлқында, өз бастамалары мен қызығушылықтарын, қажеттіліктерін айқындауда көрініс тапты. Рөлдік ойындар барысында студенттердің қателері түзетілмеді, бұл олардың сөйлеу қорқыныштарын сейілтуге мүмкіндік берді.

Рөлдік ойынды ұйымдастыру барысында студенттерге келесі мәтін түрде жағдаяттар берілді. Осыған сәйкес студенттер кейіпкер бейнесіне кіріп, рөлдерді сомдауда олардың лексикалық сөздік қорына және айтылымға көңіл бөлінгенімен, әңгіме барысында студенттердің біріншіден, кез-келген жағдайдан шыға білу, тығырықтан шығудың жылдам әрі тиімді жолын таба білуіне; екіншіден, сөйлеу мінез-құлқының дұрыс жолын анықтай білуіне; үшіншіден, мәселелерді шешуде нақты құралдарды таңдай білуіне, төртіншіден, осы құралдарды ұсынылып отырған жағдайға сәйкес қолдануына баса назар аударылды [201].

***Text for discussion:*** Language barrier and its consequences. Real and perceived. What is the problem presented in this text?

Robert Breckenidge from the USA is meeting Klaus Hartmann from Germany. They are meeting for the first time, and they are going to discuss opportunities for cooperation between their two firms. Robert Breckenidge is 32 and Klaus Hartmann - 55. Robert is excited about the opportunities and wants to come across as friendly and outgoing. He speaks German but hasn't dealt with Germans before, and Mr. Hartmann has not done business on an international level either. This is Mr. Hartmann's first trip to the USA; his English is limited.

As Mr. Hartmann walks into Robert Breckenidge's office, he is greeted with words in German that can be translated into English in the following way – Hi, how're you doing. I am Robert Breckenidge, but everybody calls me Bob. I am excited to meet you, Klaus, and I am sure we'll be able to work together well. – He offers his visitor a chair. Robert is comfortable and relaxes as they discuss the future. He puts his feet up on the table and puts another piece of chewing gum in his mouth. “ This is going to be easy, doing business with someone from another countries not

going to be bad at all, “ he thinks. “ In fact, we’ll come to an agreement pretty fast here”. Mr.Hartmann seems to go along with his proposal. Robert I, therefore, very surprised, when Mr. Hartmann informs him some time later that he is no longer interested in the deal. What happened? [183].

Біз болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсының оқытуда қалыптастырудың педагогикалық шарттарын іске асыру барысында пайдаланған келесі әдісмиға шабуыл әдісі.

Миға шабуыл әдісінің негізгі ережесі бойынша топ екі немес үш топқа бөлінеді, студенттерге белгілі бір сөз беріледі, аталған сөзді естіген мезетте студенттің ойына келген барлық ассоциацияланған сөздерді тізбектеп жылдам жазып шығуы тиіс. Эксперимент барысында біз түрлі мәдениеттердегі қимыл, ым ишараға байланысты сөздерді алуға тырыстық, ондағы біздің мақсат аталған ым ишаралардың студенттердің жадында ұзақ уақытқа сақталып қалуын көздедік.

Интернет — үйренілетін тіл, оның мәдениеті мен дәстүрлері, оның нақтылығы мен ерекшеліктері туралы ақпарат алу көзі сапасында қазіргі кезде ең жиі қолданыстағы бағыт. Дегенмен, Интернет желісінде кездесетін ақпараттардың барлығының бірдей оқытушылардың қалауларын толық қанағаттандырмайтын жағдайлары да аз кездеспейді. Өкінішке орай, интернет қорлар сапасын бағалауға қатысты нақты біртұтас айқындалған критерийлер зерттеуші ғалымдар тарапынан жасақталмаған. Соның салдарынан, білім беру барысында қажетті сайттарды іздеуді ұйымдастыру, студенттерге ұсынбас бұрын оларда мазмұндалған ақпараттарды тыңғылықты толық талдау жүргізу оқытушылардың жауапкершілігінде[174].

Сонымен қатар болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсының оқытуда қалыптастыруда қосымша дидактикалық материалдар сапасында ағылшын тіліне арналған YouTube арналары мен әлеуметтік желілердің ақпараттық қорлары пайдаланылды, атап айтқанда:

- MinoоAngloLink -пайдалы грамматикалық сабақтар.
- Dailydictation - қысқаша диктанттарға және сөйлеу манеріне арналған.
- Duncaninchina - ағылшын тілінде әлемдегі барлық нәрселер туралы қысқаша роликтер.
- EnglishLessons4U - түрлі тақырыптарға арналған видеосабақтардың орасан зор мұрағаты.
- LearnAmericanEnglishonline - ағылшын тілін деңгей бойынша үйренуге арналған қор. Америкалық Пол грамматиканы өз видеосабақтарында түсіндіреді.
- Britishcouncil - Британ Кеңесі сайты. Подкасттар, оқытушы видео және ойындар.
- BBC English - BBC көмегімен тіл үйреніңіз.

- Manythings - тіл тасымалдаушыларға дейін пайдаланатын көлемді сайт. Мұнда TESL / TEFL емтихандарына дайындалуға болады.

- Study.ru – тіл үйренуге арналған онлайн портал. Видео сабақтар, жаттығулар, онлайн тіл үйрену жүйесі, тіл үйренушілер форумы.

- ВКонтакте әлеуметтік желісінде ағылшын тілін үйрену.

- JustEnglish! – арнайы іріктелген қауымдастық қабырғасына күн сайын ілінетін қызықты картинкалар мен өрнектер, аудио- және видеоматериалдар.

- Englishbooks — ағылшын тілінде кітап оқитындарға арналған қауымдастық. Кітаптар тізбесі күн сайын толықтырылады. Әрі кітаптарды түрлі электронды форматтарда алуға болады.

- Englishmovies — әрбір тіл үйренушіге қажетті қауымдастық. Ағылшын тілінде кино көру сіздің сөздік қорыңызды молайтып, есту арқылы қабылдау деңгейіңізді көтереді.

- Facebook және Twitter әлеуметтік желілерін тіл үйренуде пайдалану.

Learn English – British Council (Facebook *or* Twitter) – Британ Кеңесінің құзыретті, өзекті, өте қызықты ақпараттық қоры. Келесі бөлімдері бар: listen & watch, grammar & vocabulary, fun & games, business & work, IELTS, Community, English for games[183].

Заманауи технологиялардың кең қолданыстағы түрі мобильді құрылғылар. Біз экспериментімізді жүргізу барысында, яғни болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсының оқыту барысында қалыптастыруда мобильді құрылғыларға өзіміз жүйелеп жасаған әр түрлі мәдениеттердегі қимыл, ым-ишара қарым-қатынасы бойынша жасаған арнайы қосымшаларды пайдаландық.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсының оқыту барысында қалыптастыруға мобильді құрылғыларға арналған бұл қосымшаның пайдасы өте зор болды. Аталған қосымшаны студенттер рөлдік ойындарды ойнау барысында, миға шабуыл әдісін қолдану барысында кеңінен қолданды.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда заманауи технологиялар мен мобильді құрылғылар шектеусіз әлеуетке ие. Зерттеушілер тарапынан білім беруде заманауи технологияларды пайдалану арқылы көптеген дидактикалық міндеттерді шешуге болатындығы дәлелденіп келеді.

Мәдениетаралық қарым-қатынас мән мәтініндегі пәндерде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында тренингке ұсынылған жаттығулардың бағыттары төмендегідей болды:

- 1) қарым-қатынастың кәсіби дағдыларын дамыту;
- 2) әріптеске (серіктеске) назарын шоғырландыру қабілетін шыңдау;
- 3) қарым-қатынастағы оң бастаманы басқару;
- 4) адамның жүзіне қарап, ойын білу қабілетін дамыту;
- 5) дауыс ырғағын басқару техникасын дамыту;

б) көпшіліктің алдында сөйлеу өнерін игеру.

Тренинг ағылшын тілінен аударғанда «train» -жаттықтыру, жаттығу деген мағынаны білдіреді. Тренинг –мәдениетаралық қарым-қатынасқа, коммуникативтік және кәсіби іскерлікке бағытталған психотерапиялық, психокоррекциялық және оқыту әдістерінің жиынтығы.

*Мәдениетаралық тренингтер* мәдениетаралық қарым-қатынас орнатуға, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынасқа түсуде қиналатындар үшін жүргізіледі, яғни тұлғаның мәдениетаралық коммуникативтік дайындығын қалыптастыруға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Мінез-құлықтық және әлеуметтік-психологиялық тренингтердің айырмашылығы шартты ғана, яғни олардың айырмашылығы тек қойылған мақсатында.

Осы орайды, «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» пәнін оқытуда ұйымдастырылып, өткізілген тренингтер мысалдарын келтірейік.

*Мәдениетаралық коммуникативтік дағдылар (қарым-қатынас) тренингі*

*Тренингтің өзектілігі:* Адамның өмірінде және оның мәдениетаралық дамуында қарым-қатынас қашан да маңызды болды. Қарым-қатынас мәселесі адамның және әлеуметтік топтардың тіршілік әрекетінің барлық салаларында оның маңыздылығына байланысты отандық әлеуметтік психологтардың дәстүрлі түрде басты назарында болып табылады. Адам қарым-қатынассыз адамдар арасында өмір сүре алмайды, дамып және жаңалық аша алмайды.

Мәдениетаралық қарым-қатынас құрылымында қарым-қатынастың негізгі мазмұнын белгілейді, нақтырақ айтқанда: ақпаратты жеткізу, өзара әрекеттестік, адамдардың бірін-бірі тануы. Ақпараттың жеткізілуі қарым-қатынастың коммуникативтік аспектісі ретінде; өзара әрекеттестік қарым-қатынастың интерактивтік аспектісі ретінде; адамдардың бірін-бірі тануы және түсінуі қарым-қатынастың перцептивтік аспектісі ретінде қарастырылады. Сондықтан қарым-қатынас орната білу, өз ойын сені өзгелер түсінетіндей сауатты түрде жеткізе алу өте маңызды[202].

*Тренингтің мақсаты:* мәдениетаралық коммуникативтік дағдыларды дамыту.

*Міндеттері:*

- сендіру дағдыларын игеріп алу;
- өз көзқарасыңды қорғайтын дәлелдер таба алуды меңгеру;
- адамдарға жол таба білу дағдысын дамыту;
- қарым-қатынас барысында дауыс ырғағының маңыздылығын белгілеп көрсету;
- қарым-қатынастың тиімді тәсілдерін үйрету.
- басқа елдер мәдениетіндегі ым-ишара қарым-қатынасының белгілерін танып білу.

*Қатысушыларға қойылатын талаптар:*

- Тренинг студенттерге арналған.
- Саны 10-16 адам.
- Адамдардың дайындық деңгейі-ыңғайлы аяқ киім.

*Тренинг жоспары*

1. Ұйымдастыру кезеңі 1 мин.

2. Кіріспе әңгіме 2 мин.

3. Ширату:

“Бұл менің есімім” жаттығуы (20 мин.)

*Мақсаты:* тренингке қатысушылардың бір-бірімен танысуы.

“Жеті батыр” жаттығуы (20 мин.)

*Мақсаты:* сендіру дағдыларын, өз көзқарасыңды қорғайтын дәлелдер таба алу, танысу дағдыларын шыңдау.

4. Негізгі бөлім:

“Кейіпкермен таңғы ас” жаттығуы (30 мин.)

*Мақсаты:* әңгімелесушіні сендіру дағдысын жаттықтыру.

“Ал мен бақыттымын” жаттығуы (10 мин.)

*Мақсаты:* көңіл-күйді көтеру тәсілдері жөнінде білу.

“Леопольд” жаттығуы (25 мин.)

*Мақсаты:* сендіру дағдысын, адамдарға жол таба алу тәсілдерін меңгеру.

Құрал-жабдықтар: есімдері жазылған танымбелгілер.

“Бір сөзбен жеткізу” жаттығуы (20 мин.)

*Мақсаты:* коммуникация барысындағы дауыс ырғағының маңыздылығын көрсету.

Құрал-жабдықтар: эмоция атаулары жазылған визит карточкасының мөлшеріндегі тақтайшалар.

“Көпшіліктің назары” жаттығуы (10 мин.)

*Мақсаты:* вербалды емес қарым-қатынас жасай алу құралын дамыту.

“Қарым-қатынастың үш заңы” жаттығуы (20 мин.)

*Мақсаты:* вербалды емес қарым-қатынас, топтық пікірталас, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.

“Қарым-қатынастағы қиындықтарым” жаттығуы (20 мин.)

*Мақсаты:* қарым-қатынас барысындағы бар мәселелерді анықтау.

Құрал-жабдықтар: қағаз, қалам.

“Тыңдай білу” жаттығуы (25 мин.)

*Мақсаты:* серіктесіне өзінің жағдайы мен мәселелері туралы және оның көңіл-күйін не төмендететіні жайында ашық және толық айтуға, қатысушылардың мінез-құлқына не көмектесетінін сезіну. Тыңдау тәсілдерімен таныстыру.

5. Аяқталуын ұйымдастыру:

“Қол алысу” жаттығуы (1 мин.)

*Мақсаты:* тренингті аяқтау, көңіл-күйді көтеру.

Әңгімелесу: 10 минут

6. Рефлексия 85 мин.

Жалпы уақыт: 6 сағат [203].

Оқу материалдарын белсенді меңгере отырып, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыруға бағытталған педагогикалық шарттардың біріне оқыту/оқу әдістері мен формаларын таңдау жатады.

Біз болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің қарым-қатынас мәдениетімен мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында бірқатар келесі тренингтерді пайдалануды жөн көрдік. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысында топта әр адамның өзін еркін сезінуіне қолайлы жағдайларды қалыптастырудың ең тиімді жолы-ойын тренингін жүргізу. Тренинг топтағы адамдардың бір-біріне сенім артып, қарым-қатынас мәдениетін дамытудың маңыздылығын жете түсінуге көмегін тигізеді. Олай болса қарым-қатынас мәдениетін дамытуға байланысты бірқатар тренинг ойындарын сипаттайық.

### 3. «Жаңғақ» тренингі.

Мақсаты: Әрбір қатысушының дербестігін, топ болып өзара қарым-қатынас жасау үрдісінде жеке қарым-қатынас жасау стилін сезу.

ЕРЕЖЕ:

1. Құпиялылық
2. Бір-бірімізді тыңдаймыз және сөзді бөлмейміз
3. Белсенді боламыз
4. Бір-бірімізге ренжімейміз
5. «Қазір» және «осында» принципі
4. «Молекула» қыздыру жаттығуы

Мақсаты: Рефлексия үрдісін күшейту, ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнату, топ мүшелерінің бір – бірін түсінуге, ұжымда мәдениетаралық қарым – қатынастың маңызды сапаларын ашу.

Шарты: Мұнда топқа қатысушыларға жүргізуші сандар айтып оытрады. Қатысушылар сол санға қарай бөлініп тұра қалады. Солай 4, 6, 8, 5, 13 деп айтады.

### 5. «Ұқсастық шегі» жаттығуы

Шарты: Қатысушылар жұптасып отырады, А 4 қағаз беті және қалам қажет. Жанындағы жұбына қарап, ұқсастықты тауып, «Біздің ұқсастығымыз» деп А 4 қағаз бетіне жазады. Ұқсастық табу үшін 4 минут уақыт беріледі. Жаттығуды орындағаннан кейін, жұп бір – бірінің жазған ұқсастығын оқып, өз ойларын айтады.

### 6. «Суретті аяқта» жаттығуы

Шарты: Оқушыларға алдын ала даярлаған плакатта немесе тақтада бір нүкте салынады. Оқушылар кезек-кезек шығып, сол нүктеден бастап бір сызықтан салады, соңында шыққан суретті бағалап, әркім өзі жүргізген сызық арқылы нені бейнелеуге тырысқанын және қандай сурет нәтижесінде шыққанын бағалайды.

Жағдаяттар.

7. Әр топтан бір білім алушы ғана қатысатын байқаудың болғалы жатқанын, естіп, өзінді бірінші барып тіркетіп қойғаныңды топтастарың біліп қойып, ренжіп қалды. Сені ең бірінші болып кешіретін үш топтасыңның ата.

8. Топтағы екі бала өзара сөзге келісіп, қатты ренжісіп қалды делік, араға түсіп, екі жақты да тыныштандырып, татуластыруға күш салатын екі топтасыңды ата.

9. Дене тәрбиесі сабағы басталар кезде, бір жиһазды бәріңіз бүлдіріп алдыңыздар. Ал оқытушы келгенде бірінші болып кім мойындар еді. Бір білім алушыны белгіле. (кім көп дауыс жинаса, ол «ең кешірімді, ең кең пейілді адам» деп марапаттау)

«Кемшіліксіз адам болмайды. Білмегендіктен, тәжірибесіздіктен қателесулер болады. Қателесу-кінәлі болу. Кінәсін мойындау әркімнің қолынан келе бермейді. Ал жөн сөзге түсіне жығылып, кінәсін мойындап, қатесін түзей білу, ақылдылықтың, қайраттылықтың белгісі»-деп, Б. Момышұлы айтқандай, адамдар өзгелерді кешіре білу арқылы мейірімді бола түседі. Қателік жасап, кінәлі болғандармен сөйлесіп, олардың жан айқайын, тілектерін тыңда, жәрдем беруге, өтініштерін тыңдауға әзір бол. Олардың жақсы ниетке ауысуына жағдай туғызып, қайырымды игі істер жасауына көмектес.

8. «Оқытушы мен студент қарым-қатынасы» психологиялық жаттығуы

Қазіргі қоғамда студент пен оқытушы қарым-қатынас сауаттылығы маңызды сипат алып отыр Төменде Американдық психотерапевт Вирджиния Сатирдің оқытушылар типологиясын анықтау арқылы оқытушы мен студенттің қарым-қатынасын жақсартуға арналған психологиялық жаттығу берілген.

Жаттығудың мақсаты:

- өзін-өзі тану, түсіну, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу;
- ойдың икемділігін, тапқырлығын талап ету;
- ойлаудың дәлдігі мен жылдамдығын жаттықтыру;
- өзінің не өзгенің даралығын дамыту.

Жүру барысы: алдарыңыздағы ақ паракқа аты-жөндеріңізді жазыңыз және төменде берілген 4 жауаптың біреуін таңдап жазып қоясыздар.

1. Оқытушы -басшы
2. Оқытушы- компьютер
3. Оқытушы- қиналушы
4. Оқытушы - таныс дос

Қорытындысы:

1. Оқытушы басшы. Оның «беделі»-билік. Студенттерден ол тіл алуды, бой ұсынуды талап етеді. Ол үнемі өзінің күшіне сенетін жендетке (рахымсыз, қатыгез адамға) ұқсайды. Ол үнемі студенттерді кіналап, қорқынышта ұстайды. Ол- студенттердің жасырын кемшіліктерін және құпия қорқыныштарын білетін «тәжірибелі оқытушы». Ол өзінің осы «білімін» өзінің беделін қолдауда шебер пайдаланады. Ол принцип ұстанғыш. Ол оқытушы кез-келген сұраққа жауап беру керек деп санайды.

Нәтижесі: Оқытушының мұндай мінез-құлық түрінің нәтижесі, студенттердің реніші, қақтығыс қарым-қатынас жасауда шыншылдықтың жоқтығы.

2. Оқытушы - компьютер. Оның «беделі»- белгілі бір аймақтағы негізделген білімді меңгерген. Ол студенттерден білім, жаңалық, дәлел талап етеді. Ол түрі суық, белгілі жағдайды айтатын роботқа ұқсайды. Ол көбінесе сөйлегенде былай сөйлеп бастайды. «Бәрімізге белгілі», «Мынадай ой бар...», «Барлығы біледі...» Ол өте суық, катал, жабық адам.

Нәтижесі: студенттің өз-өзіне сенімділігінің түсуі, сабақта жағымсыз көңіл-күйдің жоқ болуы «әсіресе пәнді меңгеруде қиындық көретін студенттер»). Соңында студенттердің оқу мотивациясы төмендеп, тіпті пәнді жек көрушілік пайда болады.

3. Оқытушы - қиналушы. Оның беделі қақтығысқа түспеушілік. Ол студенттерден тіл алуды, тыңдауды талап етеді. Ол көбінесе болмашы нәрсе үшін құрбандықтарға барады. Ол өзіне қатысты жұмыс болмаса да, қақтығысқа түспеу үшін үнемі басқаның жұмысын орындайды. Бәрінен де бұрын ол қақтығыстан қорқады. Ол үнемі өзін кінәлі сезінеді. Студенттің мәселесі оның көңіл-күйін түсіреді. Егер студентте бір мәселе болса, оқытушы бірінші өзін кінәлайды.

Нәтижесі: оның бағыты студент үшін зиян. Кейбір студенттерді ол оқытушыларды бағындыруға итермелейді.

4. Оқытушы - таныс дос. Оның «беделі»- әйгілілік. Студенттерден ол жақсы қарым-қатынасты талап етеді. Ол мейірімді жолдас әрқашан барлығын кешіре алады. Мұндай оқытушы ешқандай проблемасыз жүреді.

Нәтижесі: студентте жауапкершілік сезімі жоқтығы.

9. Рефлексия «Қарым-қатынас мәдениетінің қағидасы» тыңдалады

*Мүмкін болатын жауаптар:*(өз құқығы мен міндеттерін түсінуі, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі реттей білуі, жағымды әдеттері, қарым-қатынас тәжірибесі, кешірімділігі, көңіл-күйі, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, адамгершілік сезімі, моральдық сананы қалыптастыру, этикалық білімділік, жақсы істер)[203].

10. Қорытынды:«Адам мен адамның бір-бірімен араласу, өзара қарым-қатынасында ғана адамның адамдығы өзі үшін де, өзгелер үшін де ашылады», - дейді философ М. М. Бахтин. Адам баласы өзін-өзі ашпаса, өзін-өзі терең танып білуі мүмкін емес. Сондықтан қазіргі жоғары оқу орындарында оқытушылар оқу-тәрбие жұмысымен ғана айналысып қоймай, сапалы да нәтижелі жұмыс болуы үшін студенттермен тығыз ынтымақтастықта болу үшін яғни ол «оқытушы-басшы», «оқытушы-қиналушы», «оқытушы-таныс дос», «оқытушы-компьютер» бола білуі тиіс. Сонда ғана оқытушы мен студент арасында жағымды қарым-қатынас мәдениеті және тығыз ынтымақтастық орнайды.

Жоғарыда аталған тренингтерді жүргізу барысында біз топтағы студенттердің тренинг өту барысында өздерін емін-еркін ұстауға шақырған болатынбыз, әйтсе де кейбір студенттер өздерін қарым-қатынас жасау кезінде өздерінің сөздеріне сендіре алмай, қобалжып тұрған тұстары білінді, әсіресе бұл жүргізілген орыс тобында байқалды, онда бірқатар ұлт өкілдері білім алады. Кейбір студенттер басқа мәдениет өкілімен амандасу, қол алысу, қоштасу кезіндегі ым-ишараны толық меңгермейтіндігін көрсетіп қойды.

Әйтсе де, тренинг топтағы адамдардың бір-біріне сенім артып, қарым-қатынас мәдениетін дамытудың маңыздылығын жете түсінуге шамалы да болса көмегін тигізді деп ойлаймыз. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, шет тілі мамандығы бойынша білім алатын болашақ мамандарға жеке тұлғаға бағытталған тәсілмен мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру тәжірибесіне сүйене отырып, бірінші курстан бастап болашақ



мамандардың жеке қызығушылықтары мен тілге алдын-ала дайындығын анықтау керек. Анықталатын осы мәліметтер негізінде топты қалыптастырып, оқу бағдарламасын айқындауға болады. Болашақ ағылшын тілі мамандығында мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыратын жеке тұлғаға бағытталған ұйымдарды сипаттай отырып, оның белгілі бір сипатта ұйымдастырылған оқу материалы (пән мазмұны) осы пәнді оқыту үдерісінің өзара әрекеттесуінен жинақталған күрделі диалектикалық бірліктің бір жағын ғана сипаттайтынын ұмытпауымыз керек.

Жоғарыда айтылған мәселелерден жеке тұлғаға бағытталған материалдар жинағы оқу пәні мен оқу үдерісі арасында айқын өзара байланысты қамтамасыз етеді, мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарының жүзеге асуына мүмкіншілік жасайды және кәсіби біліктілік қалыптастырады. Егер болашақ мамандар нені, неге және қалай оқу керек екендігін, әрбір тілдік бірліктің коммуникативтік құндылығын түсінетін болса онда мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі үнемді әрі тиімді болады. Одан басқа практикалық және даму мақсаттары арасында байланыс құру керек. Мұндағы даму мақсаты интеллектуал дамыту сияқты тек ой-өрісті (оқыту аспекті) кеңейту жағынан ғана қарастырылмайды, сонымен қатар сөйлеу дағдылары мен шеберлігі қызметінің негізіндегі интеллектуалды операцияларды дамытуды да қарастырады.

Тәжірибелік жұмыстың бағдарламасына сай студенттердің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыру жөнінде әдістемелік нұсқаулар дайындалды. Сондай-ақ, студенттердің ағылшын тілінен өзіндік жұмыстарында заманауи технологияларын пайдаланудың формалары, әдіс-тәсілдері таңдалып, тәжірибеге енгізілді. Сонымен қатар, студенттердің білім, білігі мен дағдыларын анықтау мақсатында алдымен мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіне қатысты тестілеу; сауалнама өткізу, сұхбат алу, әңгіме өткізу, студенттердің дәріс үстіндегі жұмыстарын тікелей бақылау; жазбаша жұмыстар жүргізуді ойластырдық[204].

Тәжірибелік жұмыс *анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдері* бойынша ұйымдастырылды. Студенттердің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға тәжірибелік жұмысты жүргізу материалдары дайындалып, белгіленген жоғары оқу орындарында семинар-кеңестер ұйымдастырылып, онда экспериментке қолданылатын оқу-әдістемелік кешеннің, қолданылатын оқу құралдарының мазмұны нақтыланып, тәжірибелік жұмысты жүргізетін оқытушылар, эксперимент және бақылау топтары белгіленді.

### **2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың ұйымдастырылуы және нәтижелері**

Тәжірибелік эксперимент 2014-2015жж. аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің, «Филология» факультетінің «Ағылшын филологиясы» кафедрасының базасында, Қорқыт ата

атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мен Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Филология» факультетіне қарасты «Шетел тілдері» кафедрасының базасында іске асырылды. Жалпы экспериментке 168 студент қатысты. 72 студент бақылау тобында, 96 студент эксперименттік оқыту тобында болды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыруды «эксперимент» түсінігінің мәнін нақтылаудан бастаймыз. Эксперимент-зерттеудің жалпы эмпирикалық әдісі, оның мәні құбылыстар мен процесстер қатаң бақыланатын және басқарылатын шарттарда қарастырылуында. Педагогикалық эксперимент ретінде педагогикалық мәселені шешудің жаңа, ықпалды әдістерін іздеу мақсатында білім беру аймағында қойылған ғылыми тәжірибені; педагогикалық құбылыстар мен оның ағымдық шарттарын, тәжірибелік модельдеуді қарастыратын педагогикалық құбылыстарды, себеп-салдарлық байланыстарды қарастырудағы зерттеушілік іс-әрекеттерді; педагогикалық құбылысқа зерттеушінің белсенді ықпалын; педагогикалық ықпалдың нәтижелерін өлшеуді және т.б түсінеміз.

Біздің тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыздың мақсаты - болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынасқа оқытуда қалыптастыру моделінің ықпалдылығын, педагогикалық шарттар кешенін іске асыруды жан-жақты тексеру болып табылады.

Тәжірибелік экспериментті ұйымдастыру барысында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынасқа оқытуда қалыптастыру ықпалды оқытуды тексеру, жұмыс нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік беретін арнайы диагностикалық әдістерді қажет етеді. Алдымен, студенттермен түрлі тесттер, сауалнамалар, жалпы ақпарат жинау мақсатында алынды: студенттердің ағылшын тілін оқып үйренуге мотивациясын айқындау, ағылшын тіліндегі пәндерді ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынасты меңгеру деңгейлерін анықтау және т.б.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, болашақ ағылшын тілі мұғалімінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты мүмкіндіктер қарастырылды.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру барысында теориялық тұрғыдан меңгеруін және тәжірибелік қолдануын қалыптастыруға арналған тәжірибе жұмысының мақсаты – студенттердің заманауи технологияларды қолдану арқылы арнайы түзілген педагогикалық шарттардың ықпалын практикалық тексеруден өткізу арқылы дәлелдеу.

*Тәжірибелік-эксперименттік оқыту міндеттері:*

- ұсынылатын құрылымның ықпалдылығын анықтау және жасалған оқу әдістемелік құралдары мен компьютерлік оқытушы-бақылаушы бағдарлама негізінде оқу материалдарын ұйымдастыру;

- жасалған оқу әдістемелік құралдарының, компьютерлік-оқытушы бақылаушы бағдарламаның және интерактивтік бейне конференцияның болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы ықпалдылығын анықтау;

*Эксперименттік жұмыс келесі кезеңдерде жүргізілді:*

- алғашқы анықтау экспериментінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік жалпы білім ауқымы мен біліктерін анықтап алу;

- анықтау эксперименті барысында айқындалған кемшіліктері мен білім, білік, дағдыларының жеткіліксіз тұстарына ғылыми-педагогикалық талдау жасау арқылы қалыптастыру экспериментін жүзеге асыру жолдарын қарастыру және оның жоспарын құру, мазмұнын анықтау, оны іске асыру;

- жүргізілген эксперименттің бақылау кезеңінде алынған нәтижелерді, математикалық статистикалық өңдеулер арқылы зерттеу болжамын дәлелдеу жұмыстарын жүргізу көзделді.

Эксперимент жұмысының алғашқы кезеңінде құзыреттілік үдеріске қатысты теориялық тұжырымдамаларды негізге ала отырып, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікке қатысты білім, білік, дағдыларын соған орай жасайтын ізденістерін тексеруді жүзеге асырдық. Қазіргі кездегі педагогикалық эксперимент педагогикалық болжамды объективті және дәлелді түрде тексеруге арналған зерттеу әдістерінің кешені ретінде анықталады. Ол басқа әдістерге қарағанда педагогикалық үдерістің түрлі компоненттері арасындағы, факторлар арасындағы, педагогикалық ықпал етудің шарттары мен нәтижелері арасындағы байланыстардың сипатын тереңірек ашуға ықпал етеді [204]. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты тиімді ұйымдастыру мен жүргізудің жалпы талаптары:

- мәселенің пайда болуының тарихи тұғырларымен қатар, жалпы жағдайын алдын-ала талдау;

- болжамды айқындау, оны зерттеу барысында нақтылау;

- мәселенің педагогикадағы теориялық және практикалық жағдайын талдау;

- зерттеу міндетін нақты анықтау;

- эксперимент нәтижелерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін критерийлерді таңдау;

- эксперимент барысы және педагогикалық үдеріске түзету ендіру бойынша ақпараттарды жүйелі алу.

Осылайша, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізудің жалпы талаптарын ескеріп, сондай-ақ, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыру негізінде жатқан зерттеудің әдіснамалық базасына құзыреттілік, тұлғаға бағдарланған, диалогтық, мәдениеттану және жүйелілік әдіснамалық тұғырларға сүйеніп, біз мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша эксперимент бағдарламасын жасадық.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру

тиімділігін тексеруге бағытталды. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеуді ұйымдастыру үш кезең шеңберінде жүзеге асырылды: анықтау, қалыптастыру және бақылау. Эксперименттің барлық кезеңдері өзара байланыста болып, зерттеудің жалпы мақсатына бағынады. Дегенмен де, әрбір кезеңінің жеке міндеттері, мазмұны және нәтижелері бар.

Анықтау экспериментінің мақсаты - болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің бар жағдайын өлшеу. Бұл кезең білім беру тәжірибесіндегі мәселе жағдайын анықтауға бағытталады. Жүргізілген анықтау эксперименті нәтижесінде қалыптастыру экспериментін зерттеу және ұйымдастыру үшін бастапқы материалдар жинақталды.

*Анықтау эксперименті* деп аталатын *тәжірибелік-эксперименттің бірінші кезеңі* 2014–2015 жылдары өткізілді. Анықтау экспериментінің мақсаты болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынастымеңгеруде қаншалықты анықтау кезеңінде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікке қатысты білім, білік, дағдыларын соған орай жасайтын ізденістерін тексеруді жүзеге асырды. Қазіргі кездегі педагогикалық эксперимент педагогикалық болжамды объективті және дәлелді түрде тексеруге арналған болашақ мұғалімдермен әңгімелесу, сауалнама жүргізу, бағдарламалық құжаттамалық ақпараттарды саралау, оқып-үйрену әдістері қолданылды. Қысқартылған түрдегі сауалнама сұрақтары келесі кестеде көрсетілген (кесте 9).

Кесте 9 - Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтайтын сауалнама

Пайымдаулар	иә	жоқ	Жауап беруге қиналамын
1	2	3	4
Маған өз халқымның мәдениетін, Қазақстанда тұратын халықтар мен әлемдегі басқа халықтардың мәдениетін оқу қызықты			
Халықтар тарихы мен тілдерді танып білуге мен уақыт табамын			
Оқытылып отырған материалда дәстүрлер мен халықтардың құндылықтарын бөліп көрсетіп оқу маған қызықты			
Басқа ұлт өкілдерімен араласқан кезімде мен олардың мінез-құлық, жест, мимика ерекшеліктерін білемін			
Мен көп ұлтты ортада диалогтар, әңгіме, сұхбат жасай аламын			

9 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Мен әр түрлі мәдени топтардағы адамдармен тіл табыса аламын			
Мен мәдениет ерекшеліктерінен туындаған даудамайларды шеше аламын			
Маған халық құндылығы мен салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу ұнайды			
Маған басқа халық өкілдерінің мінез-құлық, ым-ишара, қимыл қозғалыс, көзбен байланыс жасау ерекшеліктерін «келтірген» ұнайды			
Мен әлемдегі басқа елдерде саяхаттағанды және басқа халықтардың мәдениетін оқып білуді ұнатамын			
Басқа ұлт адамдарының артықшылықтарын жиі сезінемін			
Мен тек өз халқымның ғана тұрмыс-тіршілігін ұнатамын			
Маған басқа халықтардың амандасу, қоштасу, танысу, қонаққа шақыру секілді қарым-қатынастағы ерекшеліктерді білу қызықтырады			
Басқа ұлт адамдарымен қарым-қатынас жасау қолайсыздықтарға бастайды деп санаймын			
Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік не екенін білесіз бе?			
Қазіргі таңда білімді ақпараттандыру ұғымы маңызды деп есептейсіз бе?			
Білімді ақпараттандыру мақсатында заманауи технологияларды сабақта пайдалану қажет деп есептейсіз бе?			
Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін заманауи технологияларды пайдалану маңызды деп ойлайсыз ба?			
Подкаст заманауи технологиясын естігеніңіз бар ма?			
Кейс стади технологиясымен таныссыз ба?			
Framing технологиясы туралы ақпаратты естіген бедіңіз?			
Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда жоғарыда аталған заманауи технологиялар септігін тигізеді деп ойлайсыз ба?			

Сауалнама нәтижелерін талдайтын болсақ, сауалнама жүргізілген респонденттердің 81,8 % -ы өз халқының мәдениетінің ерекшеліктерін біледі және басқа халықтар мәдениетінің маңызды жақтары мен тілдерін білетіні, 77,3 %-ы басқа халықтардың амандасу қарым-қатынастағы ерекшеліктерді білу қызықтыратыны, 45,6 %-ы басқа ұлт өкілдерімен араласқан кезде олардың мінез-құлық, ым-ишара, қимыл қозғалыс, көзбен байланыс жасау ерекшеліктерін білетінін айтады, 62,1 %-ы мәдениет ерекшеліктерінен туындаған дау-дамайларды шеше алатыны, 36,7 %-ы мәдениетаралық коммуникативтік технологиялар бұл респонденттердің көпшілігі аталған технологияларды мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда қаншалықты септігін тигізетінімен ісі жоқ, бұл сұрақтың сауалнама ішінде болуына байланысты ия, тигізеді деп белгілегені көрініп тұрды, себебі студенттердің көпшілігі аталған технологиялардың не екенін білмейтіні расталды.

Аталған сауалнама нәтижелерін әр жоғары оқу орны (А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (ХҚТУ, 56 студент), Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (ҚМУ, 47 студент) және Тараз мемлекеттік педагогикалық институты (ТарМПИ, 65 студент) бойынша қорытындысын көрсету мақсатында төмендегі кесте бойынша біріктірілді (кесте 10). Кестеде сауалнаманың қажетті негізгі деген сұрақтары ғана іріктелініп, алынған.

Кесте 10 - Сауалнама бойынша үш ЖОО-ң пайыздық көрсеткіші

Көрсеткіштер	ХҚТУ			ҚМУ			ТарМПИ		
	иә	жоқ	Жауап беруге қинал	иә	жоқ	Жауап беруге қинал	иә	жоқ	Жауап беруге қинал
Мен өз халқымның мәдениетінің ерекшеліктерін білемін және басқа халықтар мәдениетінің маңызды жақтарын білемін	81,8 %	10 %	8,2 %	67 %	30 %	3 %	85,4 %	12,3 %	2,3 %
Маған басқа халықтардың амандасу, қоштасу, танысу, секілді қарым-қатынастағы ерекшеліктерді білуқызықты	77,3 %	19,4 %	3,3 %	79,9 %	15,8 %	4,3 %	86,8 %	11 %	2,2 %

10 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Басқа ұлт өкілдерімен араласқан кезімде мен олардың мінез-құлық, ым-ишара, қимыл қозғалыс ерекшеліктерін білемін	45,6 %	25,6 %	28,8 %	51,2 %	40,1 %	8,7%	63 %	29,6%	7,4%
Мәдениет ерекшеліктерінен туындаған даудамайларды шеше аламын	62,1 %	15,7 %	22,2%	54,5 %	27,3 %	18,2 %	72,2 %	19 %	8,8 %
Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ұғымымен таныспын	36,7 %	45,4 %	17,9%	42 %	45,3 %	12,7 %	44,5 %	33,9 %	21,6 %
Подкаст заманауи технологиясы туралы ақпаратты естігенмін	62,7 %	21,8 %	15,5%	79,1 %	16,9 %	4 %	66,8 %	27,8 %	5,4 %
Framing технологиясы туралы ақпаратты естімегенмін	80,7 %	14,4 %	4,9%	85,2 %	11,9 %	2,9 %	76,6 %	18,2 %	5,2 %
Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда жоғарыда аталған заманауи технологиялар септігін тигізеді деп ойлаймын	78,7 %	18,1 %	3,2%	84,4 %	12 %	3,6 %	88,7 %	9,4 %	1,9 %
Жалпы	65,6 %	21,4 %	13 %	67,9 %	24,9 %	7,2 %	73 %	20,1%	6,9 %

Жалпы айтқанда, сауалнама нәтижелерінің талдауы студенттердің 78%-ы мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің төмен дәрежеде қалыптасқандығын байқатты, себебі студенттердің көпшілігі әр түрлі мәдени топтардағы адамдармен тіл табыса алмайтындарын, басқа ұлт өкілдерінің мінез-құлық, ым-ишара, бет құбылыстарының өзгеру ерекшеліктері жөнінде бейхабар екенін, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ұғымына анықтама беруге қиналғандарын байқатты.

Эксперимент жұмысын жүргізуге дейінгі жүргізілген сауалнама оқытылып жатқан тілдің мәдениеті, салт-дәстүрлері мен қарым-қатынасындағы ым-ишара белгілеріне және басқа да осы секілді ақпаратты білуге деген студенттердің қызығушылықтарын қандай дәрежеде екенін білуге септігін тигізді. Зерттеу мәліметтеріне сүйенетін болсақ, студенттерге тарих, география және мәдениет аспектілеріндегі сұрақтар қиындықтар туғызды.

Алайда, мәдениетаралық қарым-қатынас пәндеріне қатысты пәндер бойынша, яғни елтану, лингвоелтану, мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі базалық шетел тілі және т.с.с. пәндер бойынша студенттердің білімі қанағаттанарлық емес дәрежеде екенін аңғардық. Оның себептері төмендегіше болды:

- оқулықтардағы мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі материалдардың, елтану, лингвоелтану материалдарының аздығы мен төмен сапасы, яғни материалдың ұсынылуы қызықты емес формада берілуі; елтану, лингвоелтану мәтіндерінің кейбір бөлімдер мазмұндарының өзектілігінің төмен болуы; мәтіндердің білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі; басқа халықтар мәдениетіндегі қимыл қозғалыс пен ым-ишара қарым-қатынасына қатысты материалдарының болмауы және т.б.

- елтану, лингвоелтану материалдары мен тапсырмаларының шашыраңқылығы.

Жоғарыда болашақ мамандардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік деңгейін анықтауға байланысты жүргізілген сауалнама мен тест нәтижелерін жүйелей отырып, оның жай-күйін төмендегі кестемен көрсеттік.

Кесте 11 - Анықтаушы эксперимент кезеңіндегі болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу жағдайын көрсететін кесте

Атауы	Эксперименттік топтар				Бақылау топтары			
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің компоненттер бойынша қалыптасу көрсеткіштері	Са ны	Жоға ры дең гейі	Орта ша дең гейі	Төмен гі дең гейі	Са ны	Жоға ры дең гейі	Орта ша деңгейі	Төмен гі дең гейі



11 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Студенттердің басқа халықтар, мәдениеттердің ерекшеліктерін білуге деген қызығушылығы	96	19 (17,7 %)	53(54, 2%)	28 (28,1 %)	72	2 (2,8 %)	42 (58,3%)	28 (38,9 %)
Студенттердің МКҚ, заманауи технология туралы жан-жақты білімінің болуы	96	12 (12,6 %)	54 (56,2 %)	30 (31,2 %)	72	3 (4,2 %)	38 (52,8%)	31 (43%)
Студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынасқа еркін түсе білуі, мәдениет ерекшеліктерінен туындаған даудамайларды шеше алуы, көп ұлтты ортада диалогтар, әңгіме жүргізе алуы	96	3 (3,1 %)	61 (63,6 %)	32 (33,3 %)	72	5 (7%)	44(61,1 %)	23(31, 9%)
Жалпы	96	10 (11,1 %)	56 (58%)	30 (30,9 %)	72	3 (4,6 %)	42 (57,5%)	27 (37,9 %)

Сұхбат нәтижесіне жүргізілген талдау оқытушылардың мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік жөнінде ақпаратты меңгеретінін, оны қалыптастыруда заманауи технологиялардың рөлі маңызды екенін білгенімен, аталған тақырыптар пәндердің мазмұнына кірмегендігін және сабақ барысында олар қолданылмайтындығын растап отыр.

Диаграммалар ретінде берілген сауалнама нәтижелері студенттердің өзге этнос өкілдері мәдениетіне қатынасын білдіреді.


Сауалнаманы студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін құраушы негізгі үш компоненті бойынша қойылған сұрақтарды іріктеп алып, төмендегідей түрлі диаграммаларға салып, өңдеп көрсетуді жөн көрдік (сурет 14,15, 16).

Сауалнамадағы «Басқа ұлт өкілімен араласқан кезімде мен олардың мінез құлық, ым ишара ерекшеліктерін біліп, танып отырамын» деген пайымдауға студенттердің көпшілігі «Жоқ, танымаймын» деген жауап берген болса (37 %),

24 %-ы «иә, білемін» деп өздеріне сенімді болса, 39 %-ы «жауап беруге қиналамын» деген жауап қайтарған (сурет 14).




Сурет 14 - Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы деңгейін айқындау үшін жүргізілген сауалнама нәтижелері



Сурет 15 - Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы деңгейін айқындау үшін жүргізілген сауалнама нәтижелері

Сауалнамадағы «Маған халық құндылығы мен салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу ұнайды» деген пайымдауға студенттердің көпшілігі (56%) халық құндылығы мен өз елінің болсын, басқа елдердің де салт дәстүрлері туралы әңгімелеген ұнайтынын жасырмады, яғни мұнда олардың басқа елдер

мәдениетіне деген қызығушылықтарының бар екенін дәйектейді. Оның ішінде 23 %-ы ұнатпайтынын алға тартатын болса, тек 21 %-ы «жауап беруге қиналамын» деп сауалнама парақшасына белгілегенін сауалнама нәтижесі көрсетіп отыр (сурет 15).



Сурет 16 - Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы деңгейін айқындау үшін жүргізілген сауалнама нәтижелері

Сауалнамада «Мен көп ұлтты ортада диалог, әңгіме, сұхбат жүргізе аламын» деген сұраққа студенттердің бірдей бөлігі, яғни 38%-ы «иә, маңызды» десе, қалған 38%-ы «жоқ, маңызды емес» деп жауап қайтарады, ал 24%-ы жауап беруге қиналатынын білдіртті (сурет 16).

Сонымен қатар, анықтаушы эксперимент барысында (эксперименттік жұмыстар мен іс-шаралар жүргізуге дейін) мәдениетаралық қарым-қатынас пәндеріне қатысты пәндер бойынша, яғни мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі базалық шетел тілі, шеттілдік білім берудің әдістемесі, елтану, лингвоелтану, тілдік қарым-қатынас мәдениеті бойынша практикум және т.с.с. пәндер бойынша 5B011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы студенттерінің білімі не себепті төмен дәрежеде болғанын анықтау мақсатында біз аталған мамандық студенттеріне осы пәндерден сабақ беретін оқытушылармен сұхбат жүргіздік. Үш ЖОО-нан сұхбат-әңгімеге 22 оқытушы қатысты. Әңгіме-сұхбат барысында төмендегі сұрақтар қойылды.

1. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі ұғымын қалай түсінесіз? Сипаттама беріңіз.

2. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне басқа мәдени топтардағы адамдардың, басқа ұлт өкілдерінің ым-ишара, дене қимылдары мен жүріс-тұрыстары, бет құбылыстарының өзгеруі арасындағы ерекшеліктерді меңгеру қаншалықты маңызды?

3. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдері басқа халықтардың дене қимылдары туралы ақпарат беру немесе осы жөнінде білімдерін толықтыру

мақсатында қандай шараларды ендіру қажет деп ойлайсыз? (білім, іскерлік, дағдыларды меңгертудің қандай жолдарын ұсынар едіңіз?)

4. Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда заманауи технологиялардың рөлі маңызды деп есептейсіз бе? Қаншалықты ол маңызды?

5. Сіздің ойыңызша, мына іс-шаралардың қайсысы студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға оң (тиімді) әсерін береді?

А) элективті курс

Ә) педагогикалық практика

Б) заманауи технологиялар

В) тренингтер

6. Сіздің пікіріңізше, сіз жүргізіп отырған пән студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін толықтай қалыптастыруды қамтамасыз етеді ме?

Сонымен қатар, біз мәдениетаралық қарым-қатынас бойынша студенттерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарына талдау жасадық. Талдау нәтижелері оқулықтарда мәдениетаралық қарым-қатынасқа байланысты кейбір қажетті тақырыптар қамтылмағанын көрсетті. Атап айтар болсақ, қарым-қатынастың вербальды емес құралдарына, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған мәтіндер мен тапсырмалар, коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды дамыту мен меңгертуге бағытталған материалдар жеткіліксіз екені айқындалды.

Сонымен, тәжірибелік-эксперименттің анықтау кезеңі бұл зерттеудің өзектілігін және болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынасты оқытуда қалыптастыру қажеттілігін, сонымен қатар, оқытудың тиісті әдістемелік жүйесін жасау керектігін көрсетті.

*Тәжірибелік-эксперименттің екінші кезеңі – қалыптастыру эксперименті 2015-2016 жылдары өткізілді. Қалыптастыру экспериментінің мақсаты ұсынылған элективті курсты қамтумен әзірленген модель негізінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін іске асыру. Зерттеу болжамын тексеру және қуаттау оның міндеті болып табылады.*

Бұл кезеңде болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемелік жүйесінің тиімділігін тексеру болды.

*Қалыптастыру кезеңі анықталған оқыту мазмұндары (ағылшын тіліндегі пәндерге енгізілген коммуникативтік тапсырмалар мен элективті курс) арқылы ізделінді сапаға әсері, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін ағылшын тіліндегі пәндерде құраушысы болып табылатын қарым-қатынасқа, түсінуге қабілеттілік, іскерлік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталды. Осы кезеңде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің белсенді коммуникативтік іс-әрекеті ұйымдастырылып, өздерінің де ағылшын тіліндегі пәндерде мәдениетаралық*

коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүдделілігін сезіндіруге ықпал ету күшейтілді. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктерін зерттеу ағылшын тіліндегі кәсіби педагогикалық қарым-қатынасқа болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мотивация бағыттылығының деңгейімен, коммуникативтік даярлығының болуымен, педагогикалық қарым-қатынаста өзін дамыту, өзін жетілдіру ұмтылысы дәрежесімен сипатталатын мотивациялық құраушыларды талдаумен басталады. Мотивациялық құраушыларының қалыптасқандығының деңгейін анықтау үшін әдістеме бойынша кешенді зерттеу жүргізілді, берілген құраушылардың көрсетілген көрсеткіштерінің бәрі қамтылды.

Зерттеп отырған мәселеміз бойынша жүргізілген әдебиеттер талдауы негізінде біз мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктің үш компонентін қарауымыз орынды болар деген қорытындыға келдік: мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік.

Қалыптастыру экспериментінің барысында болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін 3 курс студенттері үшін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективтік курсы бойынша қалыптастыру үшін жасалған арнайы жұмыс нәтижелері, қорытындылары кафедра мәжілісінде, университеттің оқу-әдістемелік бірлестіктің отырысында талқыланды.

Қалыптастыру эксперименті барысында автордың әзірлеген «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы Podcast, Case Study, Framing технологиялар» оқу-әдістемелік құралы, «Мәдениетаралық коммуникация бойынша тәжірибелік тапсырмалар жинағы» атты оқу әдістемелік құралы пайдаланылды. Ұсынылған оқу-әдістемелік құралдардың практикалық қолдану мүмкіндігі қарастырылды. Теориялық модельге сәйкес «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» курсына педагогикалық тапсырмалар әзірленіп ұсынылды.

Осы элективті курстың мазмұны бойынша жоспарланған жұмысты әртүрлі формаларда жүргіздік. Ең алдымен топтағы студенттердің көзқарастарына мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті ықпал ету мақсатында ғылыми ақпараттық аясын кеңейту үшін білім беру жұмыстарын жүргіздік. Бағдарламада көрсетілгендей тақырыптар бойынша дәріс, практикалық сабақтарды және студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыруға аса мән бердік [167].

Біз «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының курс студенттеріне жүргізілген элективті курс бойынша өткізілген дәріс сабағын өткіздік. Дәріс тақырыбы: «Қарым-қатынас», «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымдары туралы түсінік, даму генезисі. Сабақтың мақсаты студенттерге «қарым-қатынас», «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымдары туралы түсінік беріп, аталған ұғымдардың шығу тарихы мен бүгінгі күнге дейінгі зерттелу жағдайы туралы баяндап беру болды. Сабақтың ұйымдастыру нысандары ретінде

баяндау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс негізінде өтті. Ең алдымен, біз дәріс сабағының кезеңдерін айқындап алдық.

Бұл сабақтың кезеңдері ұйымдастыру; жаңа сабақты түсіндіру, баяндау; пысықтау кезеңі; ой толғау; қорытындылау; бағалау кезеңі болып бөлінді. Студенттер сабақтың барысымен таныстырылып болған соң, дәріс сабағының материалдары интерактивті тақтада көрсетіліп, түсіндірілді. Дәріс барысында студенттер шетел тілін үйренуші кез-келген адам қарым-қатынасқа түсетінін, қарым қатынассыз ешбір тіл үйретілмейтініне көздері жетті. «Қарым-қатынас» ұғымына тұжырымды анықтама берілді, яғни қарым-қатынас дегеніміз адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі үрдіс; екі немес одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылардың алмасуы. Студенттер дәріс барысында мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісіне қатысушы көп тілді меңгерген сайын, сол елдің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық менталитетін жете түсінетінін ұқты.

Дәріс барысында тақтада түрлі суреттер мен бейнетаспа көрсетілді, бейнетаспадан студенттер мәдениетаралық қарым-қатынаста коммуникант өзін еркін сезіну үшін өзімен тілдік қарым-қатынасқа түскен өзге ұлт өкілінің тек тілін ғана емес, сол ұлттың (елдің) мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық мінез-құлқын білуі қажет екенін жетік түсінді. Дәріс соңында пысықтау сұрақтар қою арқылы дәріс мазмұнының меңгеру деңгейі тексерілді, сұрақ-жауап арқылы студенттер өз ойларын еркін жеткізді. Сабақтың келесі кезеңі ой толғау болды, яғни студенттер мәдениетаралық қарым-қатынас ұғымының даму тарихы мен зерттелу жағдайын эссе түрінде бір парақ қағазға 5 минут ішінде баяндап берді. Кейіннен сабақ қорытындыланып, бағалау кезеңімен аяқталды. Дәріс сабағы тақырыптың мазмұнын толық ашты, әрі студенттер қызыға отырып көптеген өздеріне қажетті мәлімет алды.

Келесі кезекте біз эксперимент жүргізілген топтардағы студенттермен олардың дәріс кезінде алған ғылыми ақпараттарын қорытып, жүйелеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында практикалық сабақтарды өзара сабақтастықта қарастыруды да мақсат еттік. Сонымен, практикалық сабақтың тақырыбы: «Әр түрлі елдер мәдениетіндегі қимыл, ым-ишара қарым-қатынасы» болды. Сабақтың мақсаты: студенттерге әр түрлі елдер мәдениетіндегі қимыл, ым-ишара қарым-қатынасы, олардың диалектикалық ерекшеліктеріне байланысты алған білімдерін тексеру болды. Әрине сабақтың түрі проблемалық дәріс түрінде өтті. Сабақтың ұйымдастыру нысандары ретінде сұрақ-жауап, топтық жұмыс, тренинг жаттығулар негізінде өтті. Ең алдымен, біз практикалық сабақтың кезеңдерін айқындап алдық.

Бұл сабақтың кезеңдері проблеманы айқындау; проблеманы шешу кезеңі; проблеманың шешімін қолдану кезеңі; ойсергек; қорытындылау кезеңі; және бағалау кезеңі болып бөлінді. Студенттер сабақтың барысымен танысып, проблеманы айқындап сабақ материалдарымен танысты. Осыған байланысты, әр түрлі елдер мәдениетіндегі қимыл, ым-ишара қарым-қатынасын білүбұл тек мәдениеттер сұхбаттастығы мен адамдар қауымдастары арасындағы байланыстарды реттеу ғана емес, басқа мәдениет құрылымына ену, басқа елдер

мәдениетіндегі ым-ишара қарым-қатынасы белгілерін біле отырып, мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсе білу, бұған қоса, өзінің рухани әлемін байытып, мәдениетаралық қарым-қатынастаым-ишара белгілерінің мән-мағынасын білмеу салдарынан туындайтын дау-дамайлардан, тығырықтан шыға білудің қажеттілігі зор екендігін студенттер жетік түсінді.

Сабақ барысында қазіргі Қазақстандағы жағдай мәдениетаралық құзыретті тұлғаны қалыптастыруға тамаша жағдай жасап отырғандығы, ал, оның мақсаты өзінің төл мәдениетін тұтастай: қарым-қатынас мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, ақыл-ой еңбегі мәдениеті деңгейін жоғарылату мен мәдениетаралық қарым-қатынастың негізгі компоненті болып табылатын түрлі елдер мәдениетіндегі ым-ишара, қимыл қозғалысқарым-қатынасын жетік меңгертуге аса көңіл бөлінді.

Келесі кезең ол проблеманы шешу болды. Бұл кезеңде студенттер тақтада көрсетілген суреттер мен бейнетаспа арқылы проблеманы айқындады. Суреттер мен бейнетаспада этникалық қақтығыстар, этникалық үйлесімсіздік, интолеранттылық белгілері көрсетілді. Берілген суреттер мен бейнетаспаға байланысты студенттердің арасында әртүрлі ой пікірлер айтылды. Біз өз тарапымыздан оларға сұрақтар қоя отырып проблеманы жетік түсінуге итермеледік. Осы тақырып төңірегінде төмендегідей сұрақтар қойылды. Мына суреттер мен бейнетаспадан нені байқап отырсыздар? Суреттерде берілген ым-ишара белгілерін қалай түсінесіздер? Бас бармақ пен сұқ саусақ арқылы жасалған шеңбер АҚШ, Канада, Ұлыбритания елдерінде нені білдіреді? Аталған ишарат белгісі Венесуэла, Түркия елдерінде неге түсініспеушілік тудырды? деген сұрақтар қойылды. Осы сұрақтар төңірегінде студенттер қасындағы жұбымен бірлесе отырып (1минут) ішінде, ой қозғады. Студенттердің осы сұрақтарға берген жауаптары төмендегідей болды.

1. Ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан кез-келген ұлт өкілдерімен қарым-қатынасқа түсуге дайын болу;
2. Өзге елдер мәдениетіндегі ым-ишара, қимыл қозғалыс қарым-қатынасын жетік меңгеру;
3. Көрсетілген ым-ишара белгісі «жарайды», «ок» деген мағынаны үстейді;
4. Венесуэла, Түркия елдерінде аталған белгі адамдар арасында түсініспеушілік туғызды, себебі бұл ишарат ол елдерде «құнын бес тиын» деген мағынаны білдіреді.

Демек, біздің сабақ барысында алған жауаптарымызға байланысты түйген түйініміз *түрлі елдер мәдениетіндегі қимыл, ым-ишара қарым-қатынасын білу*— мәдениетаралық коммуникативтік құзыретті маманның маңызды бір міндеті. Ол білім алушылардың өзге мәдениет, салт-дәстүр, өмір сүру тәртібі, халықтардың рухани құндылықтары туралы білімді игеруіне жағдай жасап, өскелең ұрпақты өзге мәдени жүйелерді сыйлау рухында тәрбиелейді, болашақ ұрпақтың этникалық сәйкестігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Сабақтың келесі кезеңі проблеманың шешімін қолдану болды. Біз студенттерді үш топқа бөлдік. Осы бөлінген топтарға ситуациялық тапсырмалар берілді. Бірінші тапсырма *өтілген лекция мәтінін естеріне түсіріп, ым-ишара белгілерінің тиістісін қолданатынын түсінідіріп, өз пікірлерін білдіру керек еді.*

1-ситуациялық жағдай.

Сіз Нидерланды еліне келдік дейік. Көшеде өтіп бара жатқан бейтаныс адам сізден кинотеатрға өтетін жолды түсіндіріп беруін өтінеді. Ал кинотеатр тура жандарыңызда орналасқан, жолдың қарам-қарсы бетінде. Бейтаныс адамға ым-ишараның қай белгісін көрсетер едіңіз? (қолмен көрсету әлде сұқ саусақты пайдалану арқылы ме?) Ал, түркі елдерінде саяхаттап жүрсеңіздер, ым-ишараның қай белгісін қолданар едіңіз?

2-ситуациялық жағдай.

Сіз мектепке бара жатып, жолда достарыңыздың мұз айдынына бара жатқанын көріп қалдыңыз. Олар сізді сол жаққа баруға шақырды. Сіздің достарыңыз сізге ым-ишараның қай түрін қолданады және сіз оларға қайсысын қолданар едіңіз? (шақыру ишараты мен қарсылық білдіру ишараты)

3-ситуациялық жағдай.

Сіз Тибет еліне саяхаттауға келдіңіз делік. Көшеде екі адамның кездесіп қалды. Біріншісі, оң қолымен бас киимін шешіп, сол қолын құлағының артына қойып, тілін шығарады. Ым-ишараның бұл белгісі нені білдіреді? Қай уақытта бұл ишара қолданылады? Оқиғаның ары қарай өрбілуін түсіндіріңіз.

4-ситуациялық жағдай.

Мұғалім тақтада тапсырманы жазып тұрған оқушыға қатесін үнсіз көрсетеді. Оқушы қатесінің қай жерде, неліктен кеткені есіне түседі. Ым-ишараның қай белгісін көрсеткен дұрыс? (көрсету, нұсқау ишараты мен еске түсіру ишараты)

Осындай ситуациялық тапсырмаларға студенттер қызығушылық танытып, өздерінің ойларын пікірлерін топ, топ болып айтты. Біздің жоғарыдағы тапсырмадан байқағанымыз студенттер өте белсенді болды, ойларын еркін жеткізіп берді. Сабағымыздың келесі әдісі ретінде біз ойсергекті ұсындық. Мұндағы біздің көздеген мақсатымыз студенттердің топ арасындағы бір-бірімен жасаған жұмыстары ғана емес, сонымен қатар олардың әр этнос өкіліне байланысты толеранттылық танытып, олармен өзара келісімге келе отырып жұмыс жасаулары еді. Берілген тапсырма бойынша әр топ өздерінің ойын параққа жазып, берілген уақыт аяқталған соң, бір-бірімен жазған мәліметтерімен бөлісті. Сонымен сабақтың аяқталу кезеңінде сабақ қорытындыланып, біз студенттерге соңғы тапсырма ұсындық. Олар бүгінгі сабақтан алған әсеріңіз? деген сұрақ әрбір студент өз ойларын стикерге жазып тақтаға жапсырды. Ал сабақтың соңында әр топ бірін-бірі бағалады.

Сонымен, біз элективті курстың мазмұнынан алынған практикалық сабағымызды студенттермен қызықты да, әсерлі өткіздік.

Бұл элективті курс мазмұнынан тыс біз педагогикалық практикада студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әр түрлі іс-шараларын қарастырдық. Атап айтқанда, біздің зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінде «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 3 курс студенттері дәл сол біз эксперименттік жұмыс жүргізіп жатқан уақытпен педагогикалық практикасына уақыты тұспа-тұс келді.



Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жұмысы студенттердің кәсіби іс-әрекеті мен мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың мәнін ескеру бағытталуымен қатар жүрді. Практика барысында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында студенттермен бірқатар жұмыстар жүргізілді, тапсырымалар берілді.

Педагогикалық практика (ПП) алдында біз практиканың негізгі мақсаты мен міндеттерімен студенттерді таныстыру, оның өтілуіне қойылатын талаптармен таныстыру және болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне арнайы құрастырылған күнделік журналы ұсынылатын реттеу конференциясын өткіздік. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне күнделік журналының барлық бөлімдерін толтыру бойынша нұсқаулар, өзін өзі бағалау мен біз құрастырған студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі негізге алынған студенттердің болашақ мамандығына деген кәсіби даярлығына бағалау жүргізілді.

Педагогикалық практика соңында біз болашақ ағылшын тілі мұғалімдері тәжірибенің өтуі мен нәтижесі туралы студенттердің есебі тыңдалған қорытынды конференция өткіздік. Барлық студенттердің есептері қызу талқыға түсті.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің есептері мен практика жетекшілері берген мінездемелерін танып білу, күнделік журналының мазмұны мен өзін өзі бағалау карталарының толтырылуы, орындалған жұмыстарға берілген бағалау эксперименттік топ (ЭП) қатысушыларының мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің қанағаттанарлық деңгейде екенін және жеткілікті деңгейі бар болашақ ағылшын тілі мұғалімдері санының көтерілуін байқатты. Алынған нәтижелер ұсынылған жүйе мен болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін көрсетті.

Педагогикалық практикадан тыс біз тәрбие саласында да студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әр-түрлі іс-шараларын қарастырдық. Атап айтқанда, біздің зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінде біз «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 1-3 курс студенттерімен бірлесе, ұжым болып «Communicationclub» үйірме жұмысын жүргіздік.

Үйірменің мақсаты арнайы жинақталған психологиялық тренингтер мен семинар сабақтардың негізінде жастардың бойында өзгелермен үйлесімді өмір сүруге бағыттай отырып, басқа мәдениет өкілдерімен мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамыту, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болды.

Ал үйірменің міндеттеріне тоқталатын болсақ студенттерді жалған қорытындылар мен тұжырымдардан бойын аулақ салып, кез-келген ақпаратты сыни талдау дағдысымен қаруландыру, үшін ең қажетті деген мәдени ерекшеліктер мен қасиеттерге төзімді қарым-қатынасын қалыптастыру; басқа ұлт адамдары туралы көзқарастардағы стереотиптерді анықтау; басқа халықтар

салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, мәдениеті туралы жаңа білімді меңгерту; адамдардың басқа ұлттарды адекватты түрде қабылдауына кері әсер ететін стереотиптерді талдау; елтану, лингвоелтану саласында студенттердің танымдық қызығушылықтарын дамыту, білім алушылардың елтанушылық, мәдениеттанушылық дүниетанымын кеңейту болды. Осы үйірменің жоспарын біз алдыңғы тармақшада кесте түрінде көрсеткен болатынбыз және үйірме жоспары мен есебінің толық нұсқасы Қосымша F-де берілген.

Біз үйірме жұмысын жүргізген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығында ағылшын және түрік, ағылшын және қытай, ағылшын және араб тілдерінде білім алушылар жетерлік, Қызылорда мемлекеттік университетінде: ағылшын және түрік, ағылшын және қытай, ағылшын және араб тілдері бойынша студенттер өз білімдерін жетілдіруде. Сол секілді Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында аталған мамандықта ағылшын және түрік, ағылшын және қытай, ағылшын және корей, ағылшын және неміс, ағылшын және француз тілдері бойынша бірқатар студенттер білім алуда. Сол себепті, түрлі тілдер бағытында маман даярлаушы кафедра болған соң үйірмені осы бағытта жүргізуді мақсат етіп алдық.

Түрлі ұлт өкілдері білім алатын мамандықта аталған үйірме жұмысын жүргізу әрі қызықты, әрі ұтымды өтілді деуге болады. Сол себептен, үйірмені өткізу үшін тыңдаушыларды топқа бөліп алдық.

Эксперимент барысында адамдарды қандай да бір ұлтқа жатқызу белгілері анықталып, талданды, түрлі халықтардың кәсіби, сезімдік, материалды қызығушылықтары, өмір сүру әдебі, ұлттық мәдениет ерекшеліктері ерекше назарға алынды, басқа мәдениеттер туралы сипаттама стереотиптер көрініс табады, ол стереотиптерді толығымен қабылдамау және оңды түрде қайта жасау мүмкіндігі туралы мәселе қарастырылды, стереотиптердің туындауы мен олардың жасқа, мамандыққа және білімге байланысты болу себептері талданды.

Эксперименттік зерттеудің үшінші кезеңінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынасты оқытуда қалыптастыру бағдарламасы мен әдістемесі тәжірибеге енгізілді.

Эксперимент жүргізуші-оқытушылардың, кафедра ұжымының пікірлері талданып, қорытындыланып, бағдарлама мазмұнына өңдеулер мен толықтырулар жасалды, тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелеріне жан-жақты теориялық талдаулар жасалып, диссертация тақырыбы бойынша нұсқаулар дайындалды. Эксперимент жүргізетін оқытушы-профессор құрамы қажетті әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілді.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынасты оқытуда қалыптастырылғандығын растайтын мәліметтерді статистикалық өңдеуде төмендегідей өрнек қолданылды:

$$K=(Z \cdot n_i) / n = (n_1 + n_2 + n_3 \dots n_n);$$

Мұндағы:  $n$  – құзыреттілікті сипаттаушы көрсеткіштер саны;

$n_i$  – білімалушыларменгерген көрсеткіштер саны;

$Z$  – нұсқалардықосубелгісі;

$K$  – қалыптастырылғанәлеуеттің толықтығыкоэффициенті.

Келесікөрсеткіштіңқалыптастырылғандығыдеңгейініңкоэффициентшамасыәлеуеттілік мазмұныныңбіртіпінесәйкескеледіжәнеолбылайшаанықталады:  $K \leq 0,5$  төмендеңгей;  $0,5 \leq K \leq 0,7$  – ортадеңгей;  $0,7 \leq K$  – жоғарыдеңгей.

Әлеуеттің

қалыптасқандығыныңтолықтығыкоэффициентінесептеуүшінкелесіөрнеққолданылды.

$$K = (Z \cdot m_i) / nm = (m_1 + m_2 + m_3 \dots m_n);$$

Мұнда:  $K$  – қалыптастырылғанқұзыреттіліктің толықтығыкоэффициенті;

$Z$  – нұсқалардықосубелгісі;

$m$  – көрсеткіштіңқалыптастырылғандығыдәрежесінесәйкесұпайларсаны;

$n$  – құзыреттілікті сипаттайтынкөрсеткіштерсаны.

Мұндада, қалыптастырылған құзыреттілік көрсеткішітөмендегішеанықталады:  $K \leq 0,5$  төмендеңгей;  $0,5 \leq K \leq 0,7$  – ортадеңгей;  $0,7 \leq K$  – жоғары.

Сондай-ақ,

зерттеужұмысыбарысындаұйымдастыруменәдістемелікбілімжәнеіскерліктердіанықтаудаарнайыөлшеушамаларыанықталып, математикалықтүрлендірулерқолданылды.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынасты оқытуда қалыптастыру, студенттердің тұлғалық сапалық қасиеттеріне байланысты екендігі кеңінен қарастырылды, оны жүзеге асыруда мақсаттылығы, танымдық үдерістердегі ерекшеліктері және т.б. мәселелерге кеңінен назар аударылды.

Жүргізілген жұмыстар студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда біршама оң әсерін бергенін байқаймыз. Бұл көрсеткіштерді келесі тәжірибелік эксперименттің үшінші кезеңіндегі кесте мен диаграммалардан көруімізге болады.

*Тәжірибелік-эксперименттің үшінші кезеңі – бақылау эксперименті 2015-2016 жылдары жүргізілді. Бұл кезеңде алынған эксперименттік мәліметтерді талдау, олардың эксперимент мақсаты мен міндеттеріне қатынасы, нәтижелерді статистикалық өңдеу, алынған материалдардан ой қорыту, олардың жалпылануы.*

*Бақылау кезеңінде келесі міндеттер белгіленді:*

- тәжірибелік-эксперимент жүргізу барысында алынған эксперимент ақпараттарын саралау, талдау;

- осы талданатын материалдарды зерттеудің мақсаты, міндеті және болжамымен салыстырмалы түрде тексеру;

- эксперимент нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеу;

- болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттіліктерінмәдениетаралық қарым-қатынастымеңгертуде қалыптастыру деңгейіндегі соңғы өзгеріс, жетістікті жүйеге келтіру, өңдеу;


- болашақ мұғалімдер мен оқытушылар арасындағы өзара қарым-қатынас ерекшеліктеріне сипаттама беру.

Келесі кезеңде бақылау эксперименті жүзеге асырылды. Соңғы эксперимент нәтижелерін бақылау бойынша жүргізіліп, алынған мәліметтер келесі кестедегідей кесте түзуге мүмкіндік берді (кесте 12, сурет 17).

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерде қалыптастырылғаны деңгейін анықтау бойынша сандық және сапалық талдау білім алушыларда мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерде оқып үйренуге, оқуға, кәсіби іс-әрекеттеріне деген оң көзқарас бола бастағанын көрсетеді. Ол өзгеріс 12 кестеден көрініп тұрғанын байқауымызға болады.

Кесте 12 - Соңғы бақылау кезеңінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерде мотивациялық компонентінің қалыптастырылғандығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (96)		Бақ.тобы (72)		Эксп.тобы (96)		Бақ.тобы (72)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам
Жоғары	17,7	19	2,8	2	20	22	13,8	10
Орта	54,2	53	58,3	42	56	54	54,1	39
Төмен	28,1	28	38,9	28	24	24	32,1	23



Сурет 17 - Соңғы бақылау кезеңінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің мәдениетаралық

қарым-қатынасқа қатысты пәндерде мотивациялық құраушысының  
қалыптастырылғандығы

Эксперимент тобындағы жоғары көрсеткіш 20 %-ға қол жеткізген болса, бақылау тобында 13,8% құрады. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің ағылшын тілінде мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға, басқа ұлт өкілдерімен толеранттылық таныта отырып, қарым-қатынас жасауға дайындық тұрғысында жетілдіруге ұмтылыстарының артқандығын байқауға болады.


Біз ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерде қалыптастыру үшін «Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективтік курсы мазмұнының тексеруге және ұсынылған педагогикалық коммуникативтік тапсырмалардың мүмкіндіктерін анықтауға қол жеткіздік.

Сонымен, жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін 17-сурет бойынша көрнекі түрде ұсынылды (сурет 17).

Кесте 13 – Соңғы бақылау кезеңінде болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерде қалыптасуының мазмұндық компонентінің қалыптастырылғандығы көрсеткіштері

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (96)		Бақ.тобы (72)		Эксп.тобы (96)		Бақ.тобы (72)	
	%	Студент саны	%	Студент саны	%	Студент саны	%	Студент саны
Жоғары	12,6	12	4,2	3	22	21	16,7	14
Орта	56,2	54	52,8	38	57,2	55	36,1	26
Төмен	31,2	30	43	31	20,8	20	47,2	32

Мазмұндық компонент көрсеткіштері басқа компоненттерге карағанда жоғары екендігі байқалады. Оның себебі ретінде, бұл пәннің мазмұнындағы оқу материалдарының мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі базалық шетел тілі, шеттілдік білім берудің әдістемесі пәндеріне ұқсас қарастырылады. Бұл көрсеткіш бойынша болашақ ағылшын тілі мұғалімдері: теориялық білімдерін: түсіну, қолдану, талдау, бағалау және жинақтау деңгейінде меңгеруін көрсетуі керек болатын және оларды кейбіреулері көрсете білді. Талдау, бағалау және жинақтау танымның жоғары көрсеткіші және біздің зерттеу жұмысымызда да жоғары деңгейде қалдырылды. Эксперимент тобында үлгерім 22% (21) болса, бақылау тобында 16,7% (14) пайызды көрсетті.




Сурет 18 - Соңғы бақылау кезеңінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерде қалыптасуының мазмұндық компонентінің қалыптастырылғандығы көрсеткіштері

Бақылау тобындағы болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің басым көпшілігінің ағылшын тіліндегі қарым-қатынаста іскерлік, коммуникативтік дағдыларын төмен деңгейде меңгергендердің басым анықталды. Оның себебінің бірі коммуникативтік оқыту әдістерінің көптүрлі нұсқаларын таңдамауы және сол бойынша оқыту үдерісін ұйымдастырмауы деп есептейміз.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелі болуы себепті, зерттеп отырған құзыреттіліктің іс-әрекеттік құраушысының жоғары деңгейін меңгеру көрсеткіші 20,8% құраса, бақылау тобында 19% көрсеткішін көрсетті. Бұл мәліметтерді 14-кестеден, 19-суреттен көруге болады.

Кесте 14 – Соңғы бақылау кезеңінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерде іс-әрекеттік компонентінің қалыптастырылғандығы көрсеткіштері

Қалыптастыру деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (96)		Бақ.тобы (72)		Эксп.тобы (96)		Бақ.тобы (72)	
	%	Студент саны	%	Студент саны	%	Студент саны	%	Студент саны
Жоғары	3,1	3	7	5	20,8	20	19	17
Орта	63,6	61	61,1	44	60,4	58	57	37
Төмен	33,3	32	31,9	23	18,8	18	24	18




Сурет 19 - Бақылау кезеңінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерде іс-әрекеттік компонентінің қалыптастырылғандығы көрсеткіштері

Іске асырылған зерттеу жұмыстары бойынша келтірілген (осы тақырыптағы) кестелер болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерді оқытуда қалыптастыру компоненттері бойынша келтірілді. Енді біз жоғарыда келтірілген өрнек бойынша студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырылу деңгейлерін анықтадық (кесте 15, сурет 20).

Кесте 15 – Экспериментке дейін және эксперименттен кейін болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптастырылғандығы көрсеткіштері

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (96)		Бақ.тобы (72)		Эксп.тобы (96)		Бақ.тобы (72)	
	%	Студент саны	%	Студент саны	%	Студент саны	%	Студент саны
Жоғары	11,1	10	4,6	3	20,9	21	16,5	14
Орта	58	56	57,5	42	57,8	55,6	49	34
Төмен	30,9	30	37,9	27	21,2	20,6	34,4	24,3

15-кестеден көрініп тұрғандай, эксперимент соңында жоғары деңгей 20,9%-ға қол жеткізіліп, төмен деңгей 21,2% көрсеткішке төмендеді. Ал бақылау тобында жоғары көрсеткіш 16,5% құраса, төмен көрсеткіштің едәуір төмендеуі 34,4%.



Сурет 20 - Экспериментке дейін және эксперименттен кейін болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптастырылғандығы көрсеткіштері

Жүргізілген эксперимент нәтижелерін бағалау зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінде анықталғандай, студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың үш деңгейі бойынша іске асты.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында алынған нәтижелер мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- жоғарыда ұсынылған жүйелі жұмыстар болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысты пәндерді оқытуда қалыптастыруды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- арнайы ұсынылған әдістемені қолдана отырып, кәсіби дайындық үдерісінде студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптастыру деңгейлерін жетілдіруге болады;

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне ұсынылған әдістемені іс-тәжірибеге енгізу зерттеліп отырған құзыреттілікті қалыптастырумен бірге, коммуникативтік креативті мұғалім тұлғасын дамытуға ықпал етеді.

Нәтижеде, тәжірибелік-педагогикалық жұмыс нәтижелері біздің ұстанған бағытымыздың дұрыстығы мен нәтижелеріміздің дәйектілігін дәлелдейді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытындысы бойынша алынған нәтижелер жоғары оқу орнында енгізілген элективті курс пен оны іске асыруда қолданылған түрлі әдіс-тәсілдеріміз бен амалдарымыз мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда оң нәтиже көрсеткендігіне



көзімізді жеткізді. Қорыта айтқанда зерттеу жұмысының басында жасалған ғылыми болжам өзінің дұрыстығын дәлелдеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеуде Отандық және ТМД елдері ғалымдарының, сондай-ақ, алыс шетел ғалымдары еңбектеріне сүйене отырып, олардың көзқарасына теориялық талдау жасалып, жүйеленді. Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың философиялық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтану бағытындағы түсініктері жүйелене отырып, салыстырмалы талдау жасалынды.

Диссертациялық жұмыстың мазмұнында ең алдымен бүгінгі маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі моделін бәсекеге қабілетті маман қызметіндегі талаптарды айқындаудан, оның сонау тарихи қалыптасу кезеңдерінен келе жатқан шығу генезисін түсіндіруден басталды.

Маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздеріне бүгінге дейін зерттеу саласында қолданыстағы әдіснамалық тұғырларға, теорияларға, тұжырымдар мен ұлттық идеяларға сүйендік. Бүгінге дейін зерттеу объектісіне алынып қарастырылған диссертациялар мазмұнында арқау болған «мәдениетаралық құзыреттілік», «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік», «болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымдарына жаңаша тұрпатта сипаттама беріп, олардың өзара байланысы арқылы мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру тетігін айқындауға байланысты ғалымдар көзқарастары мен озық идеяларын жүйеледік.

Жоғарыдағы зерттеулерімізде мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік мәселелерінің бүгінгі күнгі оқу бағдарламаларының мазмұнында қолданылудың зор мүмкіндіктерін, оның әлеуметтік қажеттілігін, өмір талабынан туындап отырған күрделі мәселе екендігін көрсетуге тырыстық. Өйткені, бүгінгі заман талабын ескерсек, болашақ мамандардың көп тіл білуі, көп этностық ортада өзін еркін сезінуі және өзге ұлттарға деген қарым-қатынасындағы жоғары мәдениеттілігінің болуы талап етілуде. Осыған байланысты бүгінде жинақталған тәжірибелерді зерделей отырып, жоғары оқу орындарында пайдаланудың ұтымды жақтарын қарастырдық.

Сөйтіп, жоғары білім беру жағдайында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған әдістемелер жасап, оқу бағдарламаларын толықтырып, жетілдіруге үлесімізді қостық деп білеміз. Оқу үдерісінің мазмұнында зерттеу жұмысының материалдарын пайдалануға ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасадық.

Жасалып отырған теориялық талдаулар барысы мен алынған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізінде төмендегідей *тұжырымдар* жасауға болады:

1. Жоғары оқу орындарында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда негізге алынған әдіснамалық

тұғырлар мен қағидаларды іріктеу зерттеу тақырыбына, осы бағытта зерттелген жұмыстарды зерделеу қажеттілігінен туындады.

2. Зерттеу барысында алынған *құзыреттілік, тұлғаға бағдарланған, диалогтық, мәдениеттану, жүйелілік* тұғырлары студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тарихи - қалыптасу генезисін және оның бастау көздерін айқындауға тірек болды.

3. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың басты қағидалары *көптілділік, сабақтастық, мәдениеттер диалогы мен өркениет қағидасы, креативтілік және мәдени – тұтастық* деп анықталды.

4. Бүгінгі әлеуметтік – қоғамдық жағдайда болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші ретінде өзектілігін дәлелдеді.

5. Зерттеу барысында «мәдениетаралық құзыреттілік», «мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік», «болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі» ұғымдары жаңаша сипатталып, оның мазмұны «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі – *білім, қарым-қатынас және іскерлік негізінде жеке адамның мәдениетаралық қарым-қатынасты құра білу, этникалық көп түрлі қоғамдағы мінез-құлықты айқындай білу, түрлі елдер мен халықтардың мәдени-тарихи және әлеуметтік тәжірибелерін қабылдай алатын, қимыл қозғалысы мен ым-ишара қарым-қатынасын жетік меңгерген жеке адамның қабілеті*» деген анықтама беруге негіз болды.

6. Шетел, Ресей және қазақстандық ғалымдар зерттеулеріндегі мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік және оны қалыптастыруға байланысты тұжырымдары мен ұсыныстары мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық **моделін** жасауға мүмкіндік берді.

7. Жоғары оқу орындарында студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін дайындау: «**Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері**» атты элективті курсы енгізу мен «Communicationclub» үйірме жұмысын жүргізу, «Мәдениетаралық коммуникация бойынша тапсырмалар жинағы» атты және «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы Podcast, Wiki, Case Study, Framing технологиялары» атты оқу-әдістемелік құралдарын жасауға қажеттілік туғызды.

8. Жоғары оқу орындарында көп этностық студенттер ортасы болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға жоғары тиімділік беретіндігін көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне жасалған тұжырымдарды қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында төмендегідей *ұсыныстар* беруді жөн көрдік:

-ЖОО-да оқу жоспарына таңдау компоненті ретінде біз құрастырған **«Болашақ маманның мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері»** атты элективті курсты «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығындағы оқу жоспарының таңдау компонентіне енгізу, сонымен қатар зерттеу барысында жинақталған материалдарды «Кәсіби бағытталған шетел тілі», «Шетілдік білім берудің әдістемесі», «Мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтініндегі базалық шетел тілі» пәндері мазмұнында пайдалану;

-зерттеу тақырыбы аясында ағылшын тілі мамандарының ғылыми-жобалық іс-әрекетінде, курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптары аясында кеңейту;

-маманның бәсекеге қабілеттілігінің бір қыры ретінде көп этностық студенттер ортасында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік идеяларын маманның тұлғасының сапаларын қалыптастыру бағытында ұйымдастырылатын оқу жұмыстарында және тәрбиелік іс-шараларда пайдалану;

